

Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымы қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 1 шілдедегі № 602 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 3 шілдеде № 18961 болып тіркелді.

"Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30 желтоқсандағы Заңының 30-бабы 1-тармағы 8-1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымы қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитеті Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде қазақ және орыс тілдеріндегі ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынға жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Е. Тургумбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары айналымының қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары айналымының қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы" 1998 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын өндіруді, өткізуді (сату), беруді, сыйға тартуды, марапаттап беруді, мұраға қалдыруды, сатып алуды, коллекциялауды, экспонаттауды, есепке алуды, сақтауды, алып жүруді, тасымалдауды, пайдалануды, алып қоюды, жоюды, Қазақстан Республикасы аумағына әкелуді, Қазақстан Республикасы аумағынан әкетуді, Қазақстан Республикасы арқылы транзитін қоса алғанда айналымын реттейді.

Жауынгерлік қол атыс қаруының айналымы Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіпте жүзеге асырылады.

Сот, прокуратура, қылмыстық қудалау және сот сараптамасы органдары қылмыстық істер бойынша заттай дәлелдемелер деп таныған қару және оқ-дәрілерді алып қою, есепке алу, сақтау, беру және жою тәртібі "Соттың, прокуратура, қылмыстық қудалау, және сот сараптамасы органдарының қылмыстық істер бойынша заттай дәлелдемелерді, алып қойылған құжаттарды, ұлттық және шетелдік валютадағы ақшаны, есірткіні, психотроптық заттарды алып қою, есепке алу, сақтау, беру және жою қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 желтоқсандағы № 1291 қаулысында белгіленген.

Әкімшілік және азаматтық істер бойынша алып қойылған, ерікті түрде тапсырылған, тауып алынған қару, оның патрондарын қабылдау, есепке алу, сақтау және сақталуын қамтамасыз ету тәртібі Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 24 ақпандағы № 150 бұйрығымен бекітілген Алып қойылған, ерікті түрде тапсырылған, тауып алынған қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш материалдарды ішкі істер органдарында қабылдау, есепке алу, сақтау және олардың сақталуын қамтамасыз ету қағидаларымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10565 болып тіркелген) белгіленген.

2. Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) қару айналымы – қаруды, оның ішінде оның негізгі (құрамдас) бөліктері мен оның патрондарын өндіру, құрастыру, жөндеу, қайта жасау, өткізу (сауда жасау), беру, сыйға тарту, марапаттап беру, мұраға қалдыру, иемденіп алу, коллекциялау,

экспонаттау, есепке алу, сақтау, алып жүру, тасу, пайдалану, алып қою, жою, Қазақстан Республикасының аумағына әкелу, Қазақстан Республикасының аумағынан әкету және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеу;

2) жеткізіп беруші заңды тұлға - азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары саудасына заңнамада белгіленген тәртіпте лицензия алған ұйымдар;

3) дайындаушы кәсіпорын - азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын дайындауға заңнамада белгіленген тәртіпте лицензия алған ұйымдар;

4) тіркелген қару - ішкі істер органдарында белгіленген тәртіпте тіркелген және сақтауға, сақтауға және алып жүруге рұқсат берілген немесе Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Біріктірілген деректер банкінің "Тіркелген қару" есебіне қойылған азаматтық және қызметтік қару;

5) патрон – қарудан атуға арналған, бастамашыл құралының гильзаларының (капсюль) көмегімен бір тұтасқа, лақтырылатын зарядты (аңшылық оқ-дәрі) және лақтырылатын керек-жарағын (оқ, бытыра) біріктіретін құрылғы;

6) ерекше жарғылық міндеттері бар заңды тұлғалар - қызметтік қаруды пайдаланумен және қолданумен байланысты функциялар жүктелген ұйымдар;

7) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының өндірісі - азаматтық және қызметтік қаруды және оның қосалқы бөлшектерін зерттеу, әзірлеу, дайындау, сынақтан өткізу, құрастыру, көркемдеп әрлеу, жөндеу, қайта жасау және жою;

8) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын өткізу (сату) - жеткізіп беруші заңды тұлғалардың осы Қағидалардың талаптарына сәйкес оларды сатып алуға құқығы бар заңды және жеке тұлғалардың азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын бөлшектеп сатуы;

9) азаматтық және қызметтік қаруды сату - ерекше жарғылық міндеттері бар заңды тұлғалардың, қару өндірумен айналысатын заңды тұлғалардың мемлекеттік органдардың, атыс қаруын сақтауға және алып жүруге құқық берілген лауазымды адамдардың, қаруды коллекциялаумен немесе экспонаттаумен айналысатын заңды және жеке тұлғалардың, аңшылық шаруашылығы ұйымдарының, спорттық ұйымдардың, Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктердің, қаруды, оның ішінде жеткізіп беруші заңды тұлға арқылы немесе осы Қағидаларда белгіленген жағдайларда оларсыз жарақат салатын және газбен әсер ететін патрондары бар қаруды қолдану саласында ғылыми медициналық зерттеулер жүргізуге уәкілеттік берілген заңды тұлғаларға қару немесе патрондарды сатуы;

10) қаруды уақытша пайдалану - аңшылық шаруашылық ұйымдары, спорттық ұйымдар жұмыскерлерінің ерекше жарғылық міндеттері бар заңды тұлғалардың, мемлекеттік органдардың, атыс қаруын алып жүру немесе сақтау және алып жүру құқығы берілген лауазымды адамдардың қызметтік қаруды пайдалануы;

11) орталықтар - жеке күзет ұйымында басшы және күзетші лауазымдарын атқаратын жұмыскерлерді даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі

мамандандырылған оқу орталықтары және азаматтық және қызметтік қарудың иелері мен пайдаланушыларын арнайы даярлау орталықтары, "Спорт федерацияларын аккредиттеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 27 қарашадағы № 121 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10095 болып тіркелген) сәйкес Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 27 қарашадағы № 121 бұйрығына сәйкес спорттың атыс түрлері бойынша (оқ ату, стендті, практикалық), аккредиттелген Республикалық федерация құрамындағы спорттық ұйымдары;

12) спортшыны тіркеу туралы куәлік - спортшының спорт түрлері бойынша республикалық, өңірлік аккредиттелген спорт Федерациясында тіркеуден өткенін растайтын және спорттық атыспен тұрақты айналысатын азаматтың мәртебесін растайтын құжат;

13) қаруды орталықтандырылған сақтау пункті (бұдан әрі – ОСП) – осы Қағидалардың 120, 122, 136-тармақтарының талаптарына жауап беретін азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сақтауға арналған үй-жай;

14) атыс қаруынан жасалған массалық-габариттік макет – қарудың негізгі (құрамдас) бөліктерін қайтымсыз түрде конструкциясы жағынан қайта жасау арқылы оқ ату және бастапқы күйіне дейін қалпына келтіру, сондай-ақ оның негізгі (құрамдас) бөліктерінен атуға қабілетті атыс қаруын құрастыру мүмкін болмайтын күйге келтірілген жауынгерлік қол атыс қаруы, азаматтық, қызметтік атыс қаруы;

15) қару-жөндеу шеберханасы - заңнамада белгіленген тәртіпте азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын жөндеуге лицензия алған ұйым;

16) коллекциялық қару - Қазақстан Республикасының аумағында айналымға тыйым салынбаған азаматтық және қызметтік қару;

17) конструкциясы жағынан қаруға ұқсас бұйымдар - қарудың сыртқы түрін имитациялайтын және құрамында атыс қаруының негізгі (құрамдас) бөліктері жоқ шаруашылық-тұрмыстық және өндірістік мақсаттағы бұйымдар, спорттық снарядтар, сондай-ақ үрлемелі қуаты 0,5-тен 3 Дж-ға дейінгі қару;

18) оқсыз атылатын қару – мәдени, білім беру, коллекциялық қызметті жүзеге асыру кезінде пайдалану үшін арнайы жасалған қару немесе қарудың негізгі (құрамдас) бөліктерін қайтымсыз түрде конструкциясы жағынан қайта жасау арқылы тек қана жарық-дыбыс әсері бар патронмен (бос патронмен) оқ атуды имитациялауға жарамды күйге келтірілген атыс, ұңғысыз атыс, газды қару немесе жарақат салатын патрондармен ату мүмкіндігі бар газды қару;

19) қарудың негізгі (құрамдас) бөліктері – атыс, газды, жарақат салатын патрондармен ату мүмкіндігі бар газды, пневматикалық, белгі беретін, оқсыз атылатын қарудың ұңғысы, барабаны, бекітпесі, жақтауы, ұңғы қорапшасы.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 30.11.2022 № 920 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын өндіру тәртібі

3. Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын өндіруді дайындаушы кәсіпорын айналысады.

4. Қаруды дайындаушы кәсіпорындар қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

1) азаматтық және қызметтік қару немесе оның патрондарының жаңа түрлерін және модельдерін жасаумен байланысты зерттеу;

2) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізу процесінде азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының жаңа түрлерінің немесе модельдерінің тәжірибелік үлгілерін әзірлеу, сондай-ақ қару немесе патрон өндірісіне ғылыми-техникалық құжаттаманы әзірлеу және сараптау;

3) азаматтық және қызметтік қарудың немесе патрондардың техникалық сипатамаларын (қасиеттерін) анықтау, қызмет және қауіпсіз пайдаланудың шекті мерзімдерін белгілеу үшін сынау;

4) азаматтық және қызметтік қаруды немесе патрондарды дайындау, оның ішінде қаруды жинау және атыс қаруының негізгі бөлшектерін немесе патронның құрама бөлшектерін (гильза, капсюль, дәрі, оқ, бытыра және картеч) жасау, патрондарды құрастыру және жарақтау;

5) азаматтық және қызметтік қарудың негізгі бөліктеріне құрылымдық өзгеріс енгізбей және қарудың техникалық және криминалистикалық сипаттамаларын сақтай отырып көркемдеп әрлеу. Қаруды көркемдеп әрлеу кезінде бағалы металл, бағалы және жартылай бағалы тастар, сондай-ақ қарудың нақты моделін дайындау кезінде қажетті болып табылмайтын материалдар мен технологиялар қолдануға болады;

6) азаматтық және қызметтік қаруды жөндеу, оның ішінде бөлшектердің ақауларын жою немесе оларды ауыстыру жолымен жұмыс күйіне келтіру, сондай-ақ қарудың сыртқы түрін және көркемдеп әрлеу элементтерін қалпына келтіру.

5. Жасап шығарушы кәсіпорындар қару және патрондар өндірісіне бақылауды жүзеге асырады, жұмыс өндірісімен байланысты қауіпсіздікті, шығарылатын өнімнің тиісті сапасын, оның есебі мен сақталуын қамтамасыз етеді.

6. Жасап шығарушы кәсіпорындар:

1) лицензияда көзделмеген қару немесе патрон түрлерін өндіруді жүзеге асыруға;

2) механикалық шашыратқыштарды қоспағанда, көзден жас ағызатын немесе тітіркендіргіш заттармен жабдықталған аэрозолдық және басқа да құрылғыларды, өзге қаруларды жеке нөмірсіз дайындауға;

3) қаруға немесе патронға Қазақстан Республикасы аумағында айналымдағы осыған ұқсас қару немесе патронның таңбасын беруге;

4) Қарулы Күштерге, басқа әскерлерге және әскери құрылымдарға, арнайы мемлекеттік және құқық қорғау органдарына жеткізу үшін қару және оның патрондарын дайындауға;

5) қару және патрондармен жұмысқа он сегіз жасқа жетпеген, қылмыс жасағаны үшін заңда белгіленген тәртіпте өтелмеген немесе алынбаған сотталғандығы бар, қару ұстауға медициналық қарсы көрсетілімдері бар және қаруды қауіпсіз ұстау қағидаларын білуі бойынша тексерістен өтпеген адамдарға рұқсат беруге жол берілмейді.

7. Қару немесе патрондарды өндіруге лицензия беруді, қайта ресімдеуді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 2015 жылғы 8 қаңтардағы № 5 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік реестрінде № 10352 болып тіркелген) Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеу, өндіру, жөндеу, сату, коллекцияға жинау, экспонаттау жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесінің біліктілік талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің полиция департаменттері жүзеге асырады.

Лицензияны рәсімдей үшін заңды тұлға Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 27 наурыздағы № 254 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20184 болып тіркелген) " Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеу, жасау, жөндеу, сату, коллекцияға жинау, экспонаттау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларының талаптарына сәйкес аумақтық ішкі істер органға құжаттар ұсынады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 27.10.2020 № 739 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Қаруға және патрондарға рұқсаты бар адамдар ұсынылған құжаттарды тексеру, қару немесе патрондарды өндіру және сақтау орнын тексеру және лицензияның қолданылуын бақылау Заңда белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

Қару ұстауға рұқсаты бар адамдарға рұқсатты, ресімделетін адамдар сотталығы жоқтығы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізбесінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген № 076/у нысаны бойынша денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган берген қару ұстауға медициналық қарсы көрсетпелердің жоқтығы туралы, сондай-ақ азаматтық және қызметтік қарудың иелері мен пайдаланушылардың азаматтық және қызметтік қаруды қауіпсіз ұстау қағидаларының білуіне даярлау (қайта даярлау) бағдарламалардан өткені туралы анықтамаларды ұсынғаннан кейін бес жылда кемінде бір рет өндіруші-кәсіпорын басшысы еркін нысанда ресімдейді.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 28.07.2021 № 444 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын өткізу (сату) тәртібі

9. Қазақстан Республикасы аумағында қару мен патрондар саудасын жүзеге асыруға лицензия негізінде қару және патрондарды жасап шығаратын заңды тұлғаның, сондай-ақ жеткізуші-заңды тұлғаның құқығы бар.

Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын, конструкциясы жағынан қаруға ұқсас бұйымдарды тек жеткізуші-заңды тұлғалар сауда залдарынан сатуға жол беріледі.

10. Жеткізіп беруші заңды тұлғалар сату алдындағы дайындықты және қаруды реттеуді жүзеге асыра алады.

11. Жеткізіп беруші заңды тұлғалар:

1) сәйкестікті растайтын органның сәйкестік сертификаты және криминалистикалық талаптарға сәйкестік туралы қорытындысы бар қару мен патрондарды сатады;

2) сатып алынатын және сатылатын қарудың есебін, сондай-ақ есепке алу құжаттамасының он жыл бойы сақталуын қамтамасыз етеді;

3) Мемлекеттік оқ-гильза қоймасына Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 24 маусымдағы № 429 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік оқ-гильза қоймасын қалыптастыру қағидаларымен белгіленген тәртіпте сатылатын қызметтік және азаматтық атыс ойық қарудан атылған оқ пен гильзаларды ұсынады.

Отандық бақылау үшін атуларды дайындаушы-кәсіпорындар зауыт паспорттарында тисті жазбаларды енгізумен жүргізеді.

Импорттық қарудың бақылау үшін атуларын ішкі істер органдары жүргізеді;

4) алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 28.07.2021 № 444 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5) оның сақталуын және сақтау қауіпсіздігін қамтамасыз етеді;

6) персоналдың қару айналымы туралы Қазақстан Республикасы заңнамасын білуін қамтамасыз етеді;

7) алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 28.07.2021 № 444 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8) қару және патрондар орналасатын және сақталатын орындарға (сөреден асып) бөтен адамдардың, сондай-ақ қаруға рұқсаты жоқ дүкен жұмыскерлерінің кіруіне жол бермеу;

9) ішкі істер органдарында тіркеуге жататын қаруды сатқан кезде сатушылар сатып алушының жеке бас куәлігінің немесе паспортының түпнұсқасымен қаруды сатып алуға рұқсатын салыстырады;

10) үрлемелі қуаты 7,5 Джоульден (бұдан әрі – Дж) аспайтын және конструкциясы жағынан қаруға ұқсас бұйымдарды қоса алғанда, 4,5 мм дейінгі калибрлі белгі беретін, қару, пневматикалық қаруды жеткізіп беруші заңды тұлғалардың сатушылары "Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызметтер қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20674 тіркелді) 2020 жылғы 18 мамырдағы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының № 64 бұйрығымен бекітілген соттылығының болуы не болмауы туралы анықтамалар, "Денсаулық сақтау саласында мемлекеттік қызметтер көрсетудің кейбір мәселелері туралы" 2020 жылғы 18 мамырдағы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің № ҚР ДСМ-49/2020 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20665 болып тіркелген) (бұдан әрі – "Психиатрия" және "Наркология" психикалық денсаулық орталықтарынан алынған мәліметтер) психикалық мінез-құлық бұзылыстары бар науқастарды және наркологиялық науқастарды динамикалық байқау (не динамикалық байқаудың болмауы) туралы мәліметтер, "Азаматтық және қызметтік қару иелері мен пайдаланушыларын даярлау және қайта даярлау бағдарламасын бекіту туралы" 2019 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің № 536 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18849 болып тіркелген) (бұдан әрі – даярлау бағдарламасынан өткені туралы анықтама) азаматтық және қызметтік қаруды қауіпсіз ұстау қағидаларын білуіне азаматтық және қызметтік қару иелері мен пайдаланушыларының даярлау (қайта даярлау) бағдарламасынан өткені туралы анықтамалар ұсынылғаннан кейін оларды сатып алу рұқсатынсыз он сегіз жасқа толған Қазақстан Республикасының азаматтарына өткізеді.

Заңды тұлғаларға көрсетілген қару оны сатып алуға рұқсаттар бойынша сатылады.

Азаматтық және қызметтік қаруды сақтау мен алып жүруге рұқсаттары бар адамдар, Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдарының әскери қызметшілері, арнайы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлері арнайы атақтары мен сыныптық шендері бар мемлекеттік өртке қарсы қызметтерінің органдарын қоспағанда (Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдарының әскери қызметшілері, арнайы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлері қызмет өткеру орнынан мөрмен басылған уәкілетті адамның қол таңбасымен құжаттарды ұсынған жағдайында), көрсетілген қаруды соттылығының болуы не болмауы туралы анықтамаларды, "Психиатрия" және "Наркология" Психикалық денсаулық орталығынан және қаруды қауіпсіз ұстау

қағидаларын білуі бойынша тексерістен өткені туралы туралы мәліметтерді ұсынбай сатып ала алады.

Сатып алушы ұсынған анықтамалар, мәліметтер, рұқсаттардың көшірмелері және жеке басын куәландыратын мәліметтер тігіледі және есептік құжаттамамен он жыл сақталады, оларды электрондық түрде сақтауға жол беріледі;

Механикалық тозаңдатқыштар, көзден жас ағызатын немесе тітіркендіргіш заттармен жарақталған аэрозолды және басқа да құрылғылар жеткізіп беруші заңды тұлғалардың сатушылары он сегіз жасқа толған, және қаруды қауіпсіз ұстау қағидалары бойынша нұсқамалықты жүргізгеннен кейін, азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары саудасы бойынша жұмыс істеп тұрған мамандандырылған дүкендерде қару мен оның патрондарының келіп түсуін және сатылуын есепке алу кітабында, "сатып алуға рұқсаттар берудің нөмірі мен күні" бағанасында нұсқамалық алынғаны жөнінде сатып алушының қол таңбасын ұсынумен, оларды сатып алу рұқсатынсыз Қазақстан Республикасы азаматтарына сатады.

Оқсыз атылатын қаруды жеткізіп беруші заңды тұлғалардың сатушылары Заңның 12-бабының 8) және 8-1) тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғаларға, коллекциялауға лицензиясы бар жеке және заңды тұлғаларға сатуға құқылы.

11) сауда залында "Е-лицензиялау" мемлекеттік деректер қорының ақпараттық жүйесі (бұдан әрі - ЕЛ МДҚ АЖ) серверіне қосылған бағдарламалық қамтамасыз етумен компьютерлік жабдықтың болуын қамтамасыз етеді;

12) осы Қағидалардың 15-тармағында көзделген тәртіпте азаматтық және қызметтік қаруды комиссиялық сатуға қабылдайды.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 27.10.2020 № 739 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.07.2021 № 444 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.11.2022 № 920 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

12. Жеткізіп беруші заңды тұлғаға Қазақстан Республикасының аумағында:

1) осы Қағидалардың 35-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда қарудың нақты түрін және үлгілерін сатып алуға рұқсаты жоқ заңды және жеке тұлғаларға қаруды сатуға;

2) техникалық реттеу саласында заңнамада белгіленген тәртіпте сертификаттаудан өтпеген қару және патрондар, нөмірсіз және таңбасыз қару, сондай-ақ таңбасыз және бастапқы қаптамадағы мемлекеттік стандарттарға сәйкестік белгісі жоқ патрондарды сатуға;

3) қарудың нақты түрін және үлгісін сатып алуға рұқсаты жоқ заңды тұлғаларға, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарын қоспағанда қарудың тиісті түрі мен

үлгілерін сақтау немесе сақтау және алып жүруге рұқсаты жоқ жеке тұлғаларға, сондай-ақ рұқсат қағаздың статусында "жарамсыз" деп немесе ЕЛ МДҚ АЖ-да болмаған кезде патрондарды сатуға;

Қарулы Күштерге, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарға, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарына сатылатын патрондар Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 30 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың кеден аумағына әкелудің және (немесе) Еуразиялық экономикалық одақтың кеден аумағынан әкетудің рұқсат беру тәртібі белгіленген тауарлар тізбесінің 2-қосымшасының 2.22-бөлігінің 20-22-тармақтарында көрсетілген тауарлар атауына және Сыртқы экономикалық қызметтің тауарлар номенклатурасы (бұдан әрі - СЭҚ ТН) кодтарына сәйкес келуі тиіс.

Сату келісімшарт немесе Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес ресімделген өзге де актінің негізінде жүргізіледі;

4) уақытша пайдалануға алған қаруды сақтау және алып жүруге рұқсаты бар жеке тұлғаларға патрондарды сатуға;

5) бақылау атысын өтпеген ойық ұңғылы атыс қаруын сатуға;

6) аңшылыққа арналған көздеуіштен (көздеуіш кешендері) басқа, қаруға түнде көру көздеуішін және дыбыссыз ату үшін жабдықтарды сатуға;

7) Заңның 7-бабы 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында айналымға тыйым салынған қару және патрондарды сатуға;

8) спорттық, аңшылық және балық аулау жабдықтары және қарудың қосалқы бөлшектерінен басқа тауар түрлері сатылатын жайларда қару мен патрондарды сатуға;

9) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарынан, аңшылық оқ-дәрі, спорттық, аңшылық және балық аулау жабдықтары мен қарудың қосалқы бөлшектерінен басқа тауардың өзге түрлерін сатуға;

10) қаруға ұқсас сәйкестік сертификаты жоқ құрылымы жағынан ұқсас заттарды сатуға;

11) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 16 наурыздағы № 219 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тізілімінде № 10747 болып тіркелген) бекітілген Криминалистік талаптар мен азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сынау әдістерімен белгіленген тәртіпте криминалистік талаптарға сәйкестігіне сынақтан өтпеген қару мен патрондарды сатуға;

12) қару және/немесе патронды сатып алуға рұқсат мәртебесі ЕЛ МДҚ АЖ-де "жарамсыз" немесе ЕЛ МДҚ АЖ-да болмаған кезде қару және оның патрондарын сатуға ;

13) қару мен патрондарды оның ішінде тіркеуге жатпайтын, сондай-ақ конструкциясы жағынан қаруға ұқсас бұйымдарды он сегіз жасқа толмаған, қылмыс жасағаны үшін заңда белгіленген тәртіпте өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар, қару ұстауға медициналық қарсы көрсетілімдері бар және қаруды қауіпсіз ұстау және

қаруды қауіпсіз қолдану дағдыларын меңгеру бойынша даярлықтан өтпеген адамдарға сатуға;

14) қаруды, патрондарды және аңшылық оқ-дәрілерді сауда залдарынан немесе қаруды сақтауға арналған үй-жайлардан тыс жерлерде сатуға;

15) ішкі істер органдарында тіркелмеген қаруды сатуға;

16) пайдалануға техникалық жарамайтын қару мен патрондарды сатуға;

17) нөмірі және таңбасы жоқ қару, сондай-ақ стандартқа сәйкестік белгісі жоқ патрондарды сатуға;

18) Мемлекеттік оқ-гильза қоймасына атылған оқ және гильзаны ұсына отырып, бақылау атуды өтпеген ойық ұңғылы атыс қаруын сатуға;

19) уақытша пайдалануға алынған қару мен патрондарды сатуға;

20) кедендік бақылауда тұрған қару мен патрондарды сатуға;

21) жеке пайдалану үшін азаматтар жарақтаған аңшылық тегіс ұңғылы атыс қаруға патрондарды сатуға;

22) жүйкені сал ететін, уландыратын, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган қолдануға тыйым салған басқа да заттармен жарақталған газды қарудың , сондай-ақ бір метрден астам қашықтықтан адам өміріне қауіпсіз зақым келтіре алатын , алайда денсаулықтың жиырма бір күннен астам мерзімге ұзақ уақыт бұзылуына не еңбек ету қабілетін он және одан астам пайызға елеулі түрде тұрақты жоғалтуға әкеп соғатын газды қаруды сатуға;

23) жауынгерлік қарудан жасалған массалық-габариттік макеттерді сатуға жол берілмейді.

13. Жеткізіп беруші заңды тұлғаларға мыналар тыйым салынады:

1) тұрғын үйлерде (тұрғын ғимараттарда), ойын-сауық мекемелерінің, өзге де тауар түрлерімен сауда жасау жүзеге асырылатын сауда объектілерінің, білім беру, денсаулық сақтау және мәдениет ұйымдарының, спорт объектілерінің, қонақ үйлердің, қоғамдық тамақтану объектілерінің, сапаржайлардың, станциялардың, метрополитен желілерінің, порттардың, әуежайлардың, әуеайлақтардың аумақтарында қару мен оның патрондарын сақтауға және олармен сауда жасауға арналған үй-жайды орналастыруға;

2) сатып алушының "қолына" беруге, сондай-ақ атыс қаруын сататын дүкендерде қару сатып алуға рұқсат қағазынсыз және жеке басын куәландыратын құжатынсыз оларға сатуға;

3) қаруды оқ атуға мүмкіндік беретін күйінде сауда залына қоюға тыйым салынады;

4) қарумен, патрондармен және аңшылық оқ-дәрілермен жұмыс істеуге он сегіз жасқа толмаған, қылмыс жасағаны үшін заңда белгіленген тәртіпте өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар, қаруды иемденуге медициналық қарсы көрсетілімдері бар, азаматтық және қызметтік қаруды қауіпсіз ұстау қағидаларын білуіне тексерістен өтпеген адамдарға жол берілмейді.

Қарумен, патрондармен және аңшылық оқ-дәрілермен жұмыс істеуге рұқсат осы Қағидалардың 8-тармағына сәйкес ресімделеді.

14. Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатуға берілген лицензия азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сату үшін құрылған заңды тұлғалардың филиалдарын ашуға құқық бермейді.

Жеткізуші заңды тұлға қарудың аталған түрлерін әзірлеу, өндіру, жөндеу, иелену, экспонаттау, әкелу және әкету, оның қосалқы бөлшектерін, спорт тауарларын, аң және балық аулау керек-жарақтарын, азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған тұрмыстық мақсаттағы бұйымдарды сатып алу, әкелу, әкету және олармен сауда жасау, сондай-ақ атыс тирлері (атыс орындары) мен стендтерін ашу және олардың жұмыс істеуі жөніндегі қызметті қоспағанда, өзге кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқылы емес.

Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сатып алу, сақтау, есепке алу, пайдалану, тасымалдау, жою, әкелу, әкету Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 8 сәуірдегі № 319 бұйрығымен белгіленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тізілімінде № 11193 болып тіркелген) тәртіпте жүзеге асырылады.

15. Қаруды комиссиялық сату:

1) жеткізіп беруші заңды тұлға қаруды комиссиялық сатуға сот шешімі бойынша немесе азаматтық және қызметтік қару иелерінен қабылдайды.

Қаруды комиссиялық сатуға қабылдау Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушысының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тізілімінде № 11148 болып тіркелген) Ішкі сауда қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады;

2) белгіленген тәртіпте мемлекет меншігіне айналдырылған қару Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 шілдедегі № 833 қаулысымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тізілімінде № 12790 болып тіркелген) Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану қағидаларының талаптарына сәйкес іс бойынша өндірісті жүзеге асыратын ішкі істер органы қызметкерлерінің қатысуымен сот шешімдері бойынша атқарушылық өндірісті жүзеге асыратын адамнан қабылданады.

Егер белгіленген тәртіпте мемлекеттің меншігіне өндірілген қару ішкі істер органында тіркелген жағдайда қаруды жеткізіп беруші заңды тұлғалар сатуға қабылдаған кезде оны сақтауға немесе оны сақтау және алып жүруге қосымша талап етеді.

3) ішкі істер органдарында тіркелген қару комиссиялық сатуға азаматтардан немесе ұйым өкілдерінен қаруды сақтауға немесе сақтауға және алып жүруге рұқсат қағазы, жеке куәлігі болған жағдайда қабылданады;

4) қаруды комиссиялық сатуға сақтауға немесе сақтауға және алып жүруге рұқсатсыз немесе атқарушылық құжаттарсыз тапсырған жағдайда қаруды дүкен әкімшілігі қабылдайды және қару тапсырған адам туралы мәліметтерді көрсете отырып, ішкі істер органдарына береді.

5) комиссиялық сатуға қабылданған тіркелген азаматтық және қызметтік қару туралы мәліметтер қаруды тіркеу орны бойынша ішкі істер органына ЕЛ МДҚ АЖ арқылы жіберіледі

ЕЛ МДҚ АЖ арқылы мәліметтерді беру үшін жеткізіп беруші заңды тұлғаның қызметкері тіркелген азаматтық және қызметтік қаруды комиссиялық сатуға тапсыру туралы жеке және заңды тұлға жүгінген кезде заңды тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі - ЭЦҚ) арқылы "электрондық үкімет" порталы арқылы тапсыратын адамда сақтауға немесе сақтауға және алып жүруге рұқсатының бар-жоғын ЕЛ МДҚ АЖ-де тексереді, одан әрі қаруды қабылдаушы қызметкер белгіленген рұқсатпен сақтауға немесе сақтауға және алып жүруге рұқсат берген ішкі істер органына ЕЛ МДҚ АЖ арқылы жолданатын сатуға қабылданған қару туралы мәліметті толтырады.

Рұқсатсыз өткізілетін қаруды заңды тұлға ішкі істер органдарына сұрау салу арқылы оның тіркелу мәніне тексереді.

6) ішкі істер органында тіркелген, комиссиялық сатуға тапсырылған қару оны тіркегеннен кейін ғана азаматтан және ұйымнан комиссиялық сатуға қабылдаған жеткізуші заңды тұлғаға қайта тіркеледі (есептен шығарылады);

7) комиссиялық сатуға тапсырылған қару, оның ішінде оны тапсырған адамның сатып алуы қарудың тиісті түрін сатып алуға рұқсаты болған жағдайда ғана мүмкін.

8) бөлшектеп сатып алу-сату шарты бойынша қару мен патрондарды сатушылар мен сатып алушылардың арасында туындайтын қатынастар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасымен реттеледі.

Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 30.11.2022 № 920 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Жеке немесе заңды тұлға қаруды және (немесе) патрондарды (заңды тұлғалар үшін) заңды тұлға сатып алу туралы жүгінген кезде жеткізуші заңды заңды ЭЦҚ-ның көмегімен "электрондық үкімет" порталы арқылы сатып алуға рұқсатының бар-жоғын ЕЛ МДҚ АЖ-де тексереді, одан әрі жеткізуші заңды тұлғаның қызметкері рұқсатта белгіленген сатып алынған қару туралы мәліметті толтыраы және ЕЛ МДҚ АЖ арқылы оларды сатып алуға рұқсат берген ішкі істер органына жолдайды.

17. Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын Қазақстан Республикасы аумағында сатуды заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) атыс қаруын сақтауға және алып жүруге құқығы берілген мемлекеттік органдардың, лауазымды адамдардың;

- 2) ерекше жарғылық міндеттері заңды тұлғалардың;
- 3) қаруды өндірумен немесе оны сатумен айналысатын заңды тұлғалардың;
- 4) қаруды коллекциялау немесе экспонаттаумен айналысатын жеке және заңды тұлғалардың;
- 5) аңшылық шаруашылық ұйымдардың;
- 6) спорт ұйымдарының;
- 7) білім беру ұйымдарының;
- 8) Қазақстан Республикасы азаматтарының;
- 9) оқсыз атылатын қару бөлігінде мәдениет ұйымдарына (кинематографиялық ұйымдар, театрлар, цирктер, мұражайлар);
- 10) шетелдіктердің;
- 11) қаруды, оның ішінде жарақат салатын және газды әрекеттегі патрондары бар қаруды қолдану саласында ғылыми медициналық зерттеулер жүргізуге уәкілетті заңды тұлғалардың жүзеге асыруына жол беріледі.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 30.11.2022 № 920 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Осы Қағидалардың 17-тармағында көрсетілген субъектілер, оларда заңды түрде бар қару мен патрондарды көрсетілген қарудың тіркелген орны бойынша ішкі істер органына алдын ала хабарлай отырып, азаматтық және қызметтік қаруды сатуға лицензиясы бар заңды тұлғаларға сатады.

19. Қазақстан Республикасының азаматтары өздерінің заңды негізде меншік құқығындағы қаруды оны есепте тұрған жері бойынша ішкі істер органдарында қайта тіркегеннен кейін сатып алуға рұқсаты бар азаматтардың иелігіне өткізуге құқылы.

4-тарау. Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын беру тәртібі

20. Азаматтық және қызметтік қарулар мен патрондар:

1) қарулар мен патрондардың сақталуын қамтамасыз ету үшін аумақтық ішкі істер органдарының сақтауға немесе сақтауға және алып жүруге рұқсаты бар жеке және заңды тұлғалармен (демалыс, іссапар, емделу кезінде) - ішкі істер органдарына немесе орталықтандырылған сақтау пункттеріне;

2) жеке тұлғалармен қарулар мен оның патрондарының сақталуын қамтамасыз ету үшін аңшылық науқаны басталар алдында және оның аяқталуы кезінде көрсетілген ұйымдармен жүргізілетін қаруды қабылдап алу және беру кітабындағы жазбалардың негізінде - аңшылық шаруашылықтарына жетекшілік жүргізетін ұйымдарға;

3) криминалистикалық талаптарға сәйкестігін және техникалық сипаттарын тексеру үшін - ішкі істер органдарының жедел-криминалистикалық бөліністеріне;

4) жеке және заңды тұлғалармен жөндеу және техникалық байқаудан өткізу үшін - жөндеу шеберханаларына;

5) сертификаттау сынақтарынан жүргізу үшін - техникалық реттей саласындағы уәкілетті органмен акредиттацияланған сертификаттау органына байқаудан өткізу зертханасына (станциясына);

6) белгіленген тәртіпте қарулар мен патрондарды тасымалдау үшін - жарлығымен қару мен патрондарды тасымалдауды жүзеге асыру көзделген заңды тұлғаларға;

7) атыс жаттығу жарыстарын өткізу орындары бойынша қарулар мен патрондардың сақталуын қамтамасыз ету үшін жеке тұлғалар және спорттық ұйымдармен - атыс-стендтік объектідегі арнайы жабдықталған үй-жайлары бар спорттық ұйымдарға берілуі мүмкін.

21. Шетелдіктер Қазақстан Республикасының Кеден органдарының тексерісінен өткеннен кейін аң аулауға, спорттық іс-шараларға қатысуға не оларды экспонаттау үшін жеткізілген оларға тиесілі қарулар мен патрондарды тиісті іс-шараларға қатысу үшін шақыруды рәсімдеген заңды тұлғаларға береді.

Қару мен оның патрондарын беруді қару есепте тұрған ішкі істер органдарын хабарландырғаннан кейін осы Қағидаларда белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

22. Сатып алған қарулар мен патрондарда техникалық ақаулар анықталған жағдайда жеткізіп берушілерге (сатушыларға) беру (қайтару) иелерінің өтініші негізінде жүзеге асырылады.

Қарулар мен патрондарды беру (қайтару) аталған қаруды есепке алған жері бойынша ішкі істер органдарына ол туралы алдын ала хабарлай отырып, қару иесі жүзеге асырады.

Ақауы бар қаруды ауыстыру кезінде жеткізіп беруші (сатушы) үш-күндік мерзім ішінде ол туралы қаруды есепке алған ішкі істер органдарына ақпарат жолдайды.

23. Заңның 12-бабында 2) - 8), 11)-тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғалар ұйымдарды қайта құру немесе тарату кезінде азаматтық және қызметтік қарулар мен патрондарын оларды сатып алуға ішкі істер органдарынан рұқсат алған субъектілерге тапсыра алады.

Қайта құру немесе тарату кезінде қаруларды немесе патрондарды тапсыраған заңды тұлға әрбір қарудың санын, маркаларын, калибрлерін және нөмірлерін, патрондардың саны, маркаларын, калибрлерін көрсете отырып, қаруды есепке қойған ішкі істер органына ол туралы жеті күндік мерзімде жазбаша түрде хабарлайды. Хабарламаға қарулар мен патрондарды қайта рәсімдеу үшін қару сақтауға рұқсат, сондай-ақ тапсыру жүргізуге негіз болған құжаттар қоса беріледі.

24. Ерекше жарлық міндеттері бар заңды тұлғалар, күзет қызметінің субъектілері ішкі істер органдарының келісімі бойынша берілетін қарулар мен патрондар саны тиісті нормаларға сәйкес келген жағдайда өздерінің теңгерімінде тұрған азаматтық және қызметтік қаруларды олардың аумақтық тиістілігінсіз өздерінің филиалдарына (өкілдіктеріне) (бұдан әрі - филиалдар, өкілдіктер) тапсыра алады.

25. Филиалдар мен өкілдіктерде қаруды сақтау, осы Қағидалардың 11-тарауына сәйкес жүзеге асырылады.

26. Филиалдарға және өкілдіктерге қаруларды сақтауға рұқсат беру және оларды тіркеу үшін заңды тұлғалар ішкі істер органдарына осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес қару мен оның патрондарының қолда бар және қажетті саны туралы мәліметтер толтырылған бланк, заңды тұлға басшының қолы қойылып, мөрі басылған штаттық кестенің көшірмесі, сондай-ақ күзет қызметінің субъектілері үшін қарумен күзетілетін бекеттердің саны (тәулік бойы) көрсетілген үшінші тұлғалармен жасақан келісімшартты ұсынады. Филиалдар мен өкілдіктерге азаматтық және қызметтік қаруларды сатып алуға рұқсат талап етілмейді.

27. Қаруды тіркеуге алған ішкі істер органы қызмет көрсететін тыс аумақтарда қаруды пайдалана отырып, қызмет көрсетуді қаруды шығарған орны бойынша тіркеусіз және қару мен оның патрондарының қолда бар және қажетті санын келісуінсіз заңды тұлғалармен жүзеге асырылады.

Бұл ретте, заңды тұлға осы Қағидалардың 11-тарауына сәйкес қызметтік қару мен оның патрондарын сақтау бойынша талаптарды қамтамасыз етеді.

Қызметтік қаруды сақтауға және алып жүруге рұқсат беруді қаруды есепке алу орны бойынша аумақтық ішкі істер органдары жүзеге асырады.

28. Республикалық спорттық ұымдар өздерінің теңгерімінде тұрған спорттық қаруды ішкі істер органдарының келісімі бойынша өңірлік спорттық ұйымдарға азаматтық және қызметтік қарулар мен оның патрондарын сатып алуға рұқсаты болғанда береді.

29. Қалған жағдайларда азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын олардың ведомствалық тиістілігіне қарамастан бір заңды тұлғадан екіншісіне жеткізіп беруші заңды тұлға арқылы бере алады.

30. Азаматтық қарудың иесі қайтыс болған жағдайда оның отбасы мүшелері, азаматтық қаруды сатып алуға ішкі істер органының рұқсат бар адамға қайта тіркеуге немесе жеткізіп беруші заңды тұлғаға комиссиялық сатуға тапсыру шешімін қабылдағанға дейін қару мен оның патрондарын есепке алған жері бойынша 20 жұмыс күні ішінде ішкі істер органына немесе ОСП-ға тапсырады.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 30.11.2022 № 920 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5-тарау. Азаматтық қаруды және оның патрондарын сыйға тарту, мұраға қалдыру тәртібі

31. Сыйға тартылған не мұраға қалдырылған қаруды тіркеу (қайта тіркеу) қабылдап алушы адамның тиісті қаруды сатып алуға рұқсаты немесе коллекциялауға немесе

экспонаттауға лицензиясы бар болған кезде сыйға тарту немесе мұраға қалуы заңдылығын растайтын құжаттардың негізінде азаматтық заңнамаға сәйкес ішкі істер органдары жүзеге асырады.

Қаруды мұрагерлікке немесе сыйға берген қару иесінен қайта тіркеу (есептен шығару) сыйға не мұраға ие болған адамға қайта тіркегеннен кейін жүргізіледі.

Мұра бойынша иеленген қаруды тіркеу (қайта тіркеу) заң жүзінде не нотариуспен берілген өсиет бойынша мұрагерде мұраға құқық туралы куәліктің бар болған жағдайда , мұрагерлікке заңды күшіне енгенін растайтын құжаттардың негізінде азаматтық заңнамаға сәйкес ішкі істер органдары жүзеге асырады.

Нотариус мұра ашылған кезде мұрагерлерден қаруға құқық белгілейтін құжатты (қару тіркелген орны бойынша АҚҚАБ бөлінісі қызметкерінің қаруды жауапты сақтауға тапсырылғаны туралы белгісі бар, сақтауға және алып жүруге рұқсат көшірмесі) сұратады. Мұрагерлер қару иесі қайтыс болғаннан кейін алты айлық мерзім ішінде заң бойынша не өсиет бойынша мұраға құқығы туралы куәлікті беру туралы нотариусқа жүгінеді.

Қару иесінен қайта тіркеу (есептен шығару, комиссиялық сатуға тапсыру) заң бойынша не өсиет бойынша мұраға құқығы туралы куәліктің негізінде жүргізіледі.

6-тарау. Қарумен наградтау

32. Жауынгерлік қарумен марапаттау Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 29 қарашадағы № 896 қаулысымен бекітілген "Қару-жарактың және әскери техниканың айналымы қағидаларымен белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады" (бұдан әрі - Қару-жарактың және әскери техниканың айналымы қағидалары).

Марапатқа Қазақстан Республикасы Президентінің Жарғысы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы негізінде Қазақстан Республикасының азаматтары алған атыс қысқа ұңғылы ойық қару, сондай-ақ Заңның күшіне енуіне дейін, заңнамада белгіленген тәртіпте ішкі істер органдары оны алып жүруге және сақтауға рұқсат берген, атаулы қарумен марапаттауға құқығы бар лауазымды адамдардың, өкілдік және атқарушы органдарының бұйрықтары негізінде Қазақстан Республикасының азаматтары алған қару жатады.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 27.10.2020 № 739 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

33. Алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 27.10.2020 № 739 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

34. Алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 27.10.2020 № 739 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

35. Қарулы Күштері, басқа әскерлер, әскери құрылымдар, арнайы мемлекеттік және құқық қорғау органдары марапаттау қорын құру үшін осы тараумен көзделген атыс қысқа ұңғылы ойық қарудың бірыңғай данасын сатып алуға рұқсат етіледі.

Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 27.10.2020 № 739 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

36. Марапаттау атыс қаруы бар адамдарға Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі (бұдан әрі - Қазақстан Республикасы ИМ) "Марапаттау" деген белгісімен оны сақтауға және алып жүруге оның жарамдылық мерзімін көрсетусіз рұқсат береді.

Марапаттау қаруын сақтауға және алып жүруге берілген рұқсат, біруақытта оны тасымалдау рұқсаты болып табылады.

37. Марапаттау атыс қаруы оны сақтауға және алып жүруге рұқсат алу үшін жеті күн мерзім ішінде Қазақстан Республикасының ИМ-де тіркеледі.

38. Марапаттау қаруын сақтауға рұқсат алу үшін Қазақстан Республикасы ИМ-ге мынадай құжаттар ұсынылады:

- 1) толтырылған өтініш карточкасы;
- 2) қарумен марапаттау туралы құжаттың түпнұсқасы немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік тіліне ресми түрде аудармасын немесе орыс тілінде нотариалды тәртіпте расталған көшірмесі;
- 3) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген қаруды иеленуге қарсы көрсетілімдердің жоқтығы туралы медициналық қорытынды;
- 4) Қазақстан Республикасының азаматтығын растайтын құжаттың көшірмесі;
- 5) қаруды қауіпсіз ұстау қағидаларын білетіндігін тексеру туралы анықтама;
- 7) қару мен оның патрондарын сақтауға және алып жүруге рұқсат бергені үшін мемлекеттік баждың төленгені туралы түбіртек;
- 8) көлемі 3x4 см екі фотосурет.

39. Азаматтар марапатқа берілген қаруды сақтауды осы Қағидалардың 135-тармағының талаптарына сәйкес жүзеге асырады.

40. Алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 27.10.2020 № 739 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

41. Қару-жарақ пен әскери техниканы айналымға жіберу ережесінің 63-тармағында көрсетілмеген лауазымды адамдардан алынған атыс қаруы марапаттар қатарына кірмейді және аумақтық ішкі істер органына тапсырылуы керек:

- 1) жауынгерлік қол атыс және суық қару - өтеусіз кейін оны беруге тиісті ведомствоға тапсырумен;
- 2) аңшылық қару осы Қағидалардың 119, 135 тармақтарына сәйкес оны сақтау мен алып жүруге рұқсатын берумен тіркеледі не болмаса оны сатып алуға рұқсаты бар тұлғаның иелігінен шығарылады.

Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 27.10.2020 № 739 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

42. Марапаттау қаруы азаматтардан Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сақтау, тасымалдау және пайдалану қағидаларын бұзуға жол бергені үшін ішкі істер органдары алып қояды.

43. Алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 27.10.2020 № 739 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

44. Марапаттық қаруын музейге сақтау үшін тапсыруға оны ішкі істер органдары тиісті тіркегеннен және өзгертіп жасағаннан және оны ішкі істер органдарының теңгеріміне қою үшін ішкі істер органдарына ерікті түрде тапсырғаннан кейін рұқсат етіледі.

Ескерту. 44-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 27.10.2020 № 739 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7-тарау. Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алу тәртібі

45. Қазақстан Республикасының аумағында азаматтық және қызметтік қарулар мен оның патрондарын сатып алуға:

1) мемлекеттік органдар, қызметтік қаруды сақтауға және алып жүруге құқық берілген лауазымды адамдар;

2) ерекше жарғылық міндеттері бар заңды тұлғалар;

3) қаруды өндірумен немесе оны сатумен айналысатын заңды тұлғалар;

4) қаруды коллекциялаумен немесе экспонаттаумен айналысатын заңды және жеке тұлғалар;

5) аңшылық шаруашылық ұйымдары;

6) спорттық ұйымдар;

7) білім ұйымдары;

8) Қазақстан Республикасының азаматтары;

9) шетелдіктер;

10) қаруды, оның ішінде жарақат салатын және газбен әсер ететін патрондары бар қаруды қолдану саласында ғылыми медициналық зерттеулер жүргізуге уәкілеттік берілген заңды тұлғалардың құқықтары бар.

46. Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алу тек осы Қағидалардың 11-тарауының талаптарына сәйкес барлық мәлімделген қару мен оның патрондарын сатып алуға барлық мәлімделгенді сақтау жағдайы бар болған кезде мүмкін.

47. Осы Қағидалардың 45-тармағында көрсетілген субъектілер пайдалану үшін қарулар мен оның патрондарын сатып алуға ішкі істер органдарының рұқсатын алғаннан кейін жеткізіп беруші заңды тұлғалардан сатып алынады.

48. Заңды және жеке тұлғалар азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алуға рұқсатты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 27 наурыздағы № 254 бұйрығымен бекітілген "Жеке және заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алуға, сақтауға, сақтау мен алып жүруге, тасымалдауға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидасымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20184 болып тіркелген) белгіленген тәртіпте ішкі істер органдарында алады.

Ескерту. 48-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 27.10.2020 № 739 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

49. Сатып алынған азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алған күннен бастап жеті күн мерзім ішінде ЕЛ МДҚ АЖ немесе сатып алынған қару туралы мәліметтерді ұсыну жолымен (жеткізіп беруші заңды тұлғалар қаруды импорттаған жағдайда) сатып алуға рұқсат берген аумақтық ішкі істер органында тіркеледі.

Белгі беру қаруы, механикалық тозаңдатқыштар, көзден жас ағызатын немесе тітіркендіргіш заттармен жарақталған аэрозолды және басқа да құрылғылар, үрлемелі қуаты 7,5 Дж-дан аспайтындарын және калибрі 4,5 миллиметрге дейінгілерін қоса алғанда пневматикалық қару ішкі істер органдарында тіркеуге алынбайды.

Ескерту. 49-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 30.11.2022 № 920 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

50. Осы Қағидалардың 45-тармағының 1), 2), 5), 6) және 7) тармақшаларында көрсетілген субъектілер қару мен патрондарды осы Қағидаларға 4-6-қосымшаларға сәйкес түрлері, үлгілері мен модельдері бойынша, оларды қамтамасыз етудің белгіленген нормаларына сәйкес сатып алады. Қару мен оның патрондарының қолда бар және қажетті саны туралы мәліметтер (қару мен оның патрондарының қажетті санының есебі) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес толтырлады.

Атылған оқтардың орнына патрондар сатып алуды осы Қағидалардың 55 және 98-тармақтарында белгіленген тәртіпте атылған оқтарды есептен шығарғаннан кейін ішкі істер органдарының рұқсаты бойынша көрсетілген заңды тұлғалар жүзеге асырады.

51. Жеткізіп беруші заңды тұлғалар азаматтық және (немесе) қызметтік қаруды жеткізілетін қару мен оқ-дәрілердің нақты түрлері мен модельдерін және олардың санын көрсете отырып, қару және (немесе) оның патрондарын жеткізуге немесе сатып алуға арналған шарт (келісімшарт) (қаруды әкелуді жүзеге асыратын заңды тұлғалар үшін не қару мен оның патрондарын сатып алу-сату шарты (келісімшарты), сондай-ақ

денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның жарақат салатын әсері бар патрондары бар қарудың және электр қаруының көрсетілген қарудың зақымдағыш факторларының адамға тигізетін жол берілген әсерінің белгіленген нормаларына сәйкестігі туралы қорытынды болған кезде сатып алады.

52. Жеткізіп беруші заңды тұлғаларға Қарулы Күштерден, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардан, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарынан жауынгерлік қаруды сатып алуға жол берілмейді.

53. Коллекциялауға және экспонаттауға лицензиясы бар заңды тұлғалар осы Қағидалардың 8-тарауында белгіленген тәртіпте қару мен оның патрондарын сатып алуды жүзеге асырады.

54. Барлық деңгейдегі спорттық федерациялар, мектептегі ұлттық командалар және спорт резерв дирекциялары, жоғары шеберлік спорт мектептері, спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттары, олимпиадалық даярлау орталықтары, балалар мен жасөспірімдер, спорт мектептері олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектептері, спорттық атыс бойынша спорттық клубтар және дене шынықтыру - спорт қоғамдары (бұдан әрі – спорттық ұйымдар) спорттық қару мен оның патрондарын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2018 жылғы 19 ақпандағы № 133 бұйрығымен бекітілген "Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының, азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдардың айналымы саласындағы, атыс тирлерін (атыс алаңдары) және стенділерді ашуға және олардың жұмыс істеуіне рұқсаттардың және (немесе) оларға қосымшалардың нысандарын бекіту және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы" нысан бойынша ішкі істер органдары беретін рұқсат құжаттарының негізінде осы Қағидалардың 47-тармағында айқындалған тәртіпте спорттық қару мен оның патрондарын сатып алады (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16733 болып тіркелген).

Қазақстан Республикасының азаматтары спорттық қаруды (қысқа ойық ұңғылыдан басқа) республикалық және өңірлік аккредитацияланған спорт федерацияларының қолдауы бойынша жалпы негіздерде және оларда атысқа байланысты спорт шеберіне кандидаттан (бұдан әрі-СШҮ) төмен емес разрядты көрсете отырып, спортшыны тіркеу туралы куәлігі бар болған жағдайда Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі Төрағасының 2014 жылғы 28 шілдедегі № 295 бұйрығымен бекітілген спорт федерацияларының спортшыны тіркеу туралы мәліметтерді ұсынуы, спортшыны тіркеу туралы куәлікті беру және ауыстыру қағидаларының 2-қосымшасына сәйкес (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9673 тіркелген) нысан бойынша сатып алуға жол беріледі

Ескерту. 54-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 30.11.2022 № 920 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

55. Спорттық ұйымдар пайдаланудағы спорттық қарудың тиісті түріне патрондарды сатып алу үшін тарату-тапсыру ведомосін қоса отырып, патрондарды есептен шығару туралы актісін қосымша ішкі істер органдарына ұсынады.

56. Үрлемелі қуаты 7,5 Дж-дан аспайтындарын және калибрі 4,5 миллиметрге дейінгілерін қоса алғанда, азаматтық спорттық пневматикалық қаруды, дыбыстық белгі беруге пайдаланылатын белгі беру қаруын соттылығы жоқтығы туралы қару ұстауға соттылығының болмауы, "Психиатрия" және "Наркология" Психикалық денсаулық орталығынан мәліметтерді және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 20 маусымдағы № 562 бұйрығымен бекітілген азаматтық және қызметтік қаруды қауіпсіз ұстау қағидаларын білуі бойынша тексерістен өткені туралы анықтамаларды (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18881 тіркелген) (бұдан әрі – Азаматтық және қызметтік қаруды қауіпсіз ұстау қағидалары) және спортшының куәлігін ұсынған жағдайда Қазақстан Республикасының азаматтары рұқсатсыз жеткізіп беруші заңды тұлғалардан сатып алуға құқылы.

Коллекциялау лицензиясы бар жеке және заңды тұлғалар лицензия берілгеннен кейін оқсыз атылатын қаруды сатып алады.

Заңның 12-бабының 8) және 8-1) тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғалар өздерінің білім беру немесе мәдениет ұйымдарына (кинематографиялық ұйымдар, театрлар, цирктер, мұражайлар) қатынасын растайтын құжаттар негізінде оқсыз атылатын қаруды сатып алады.

Ескерту. 56-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 30.11.2022 № 920 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

57. он сегіз жасқа толған Қазақстан Республикасының азаматтары тұрғылықты жері бойынша ішкі істер органдарынан нақты қару түрін сатып алуға рұқсат алғаннан кейін сатып алуға өзін – өзі қорғаудың тегіс ұзын ұңғылы қаруы мен аңшылық қаруын қоспағанда, азаматтық қару алуға құқылы.

Ескерту. 57-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 30.11.2022 № 920 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

57-1. Өзін-өзі қорғаудың тегіс ұзын ұңғылы атыс қаруын алып жүруге құқығы жоқ, ал аңшы куәлігі болған кезде аңшылық тегіс ұзын ұңғылы атыс қаруды және аңшылық пневматикалық қаруды тұрғылықты жері бойынша ішкі істер органдарынан нақты қару түрін сатып алуға рұқсат алғаннан кейін жиырма бір жасқа толғаннан кейін Қазақстан Республикасының азаматтары сатып алуға құқылы.

Ескерту. Қағида 57-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 30.11.2022 № 920 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

58. Спорттық мақсатта спортшыны тіркеу туралы куәлігі болған кезде, он алты жасқа толған Қазақстан Республикасы азаматтарының лақтырылатын қаруды (садақ және арбалеттер) сатып алуға, сақтауға, алып жүруге және пайдалануға құқығы бар.

59. Азаматтық атыс қаруды, газды тапаншалар мен револьверлерді, электр қаруын азаматтар ішкі істер органдары беретін рұқсат бойынша сатып алады.

Аңшылық суық жүзді қару атыс қаруын сақтау және алып жүру рұқсаты бойынша сатып алынады және аңшылық куәлігіне жазылады.

Белгі беру қаруы, үрлемелі қуаты 7,5 Дж-дан аспайтындарын және калибрі 4,5 миллиметрге дейінгілерін қоса алғанда, конструкциясы жағынан қаруға ұқсас бұйымдар Қазақстан Республикасының он сегіз жасқа толған азаматына соттылығы жоқтығы туралы, "Психиатрия" және "Наркология" Психикалық денсаулық орталығынан мәліметтерді және дайындық бағдарламасынан өткені туралы анықтамаларды ұсынғаннан кейін рұқсат алмай оларды жеткізіп беруші заңды тұлғалардан сатып алуға құқығы бар.

Азаматтық және қызметтік қаруды сақтау мен алып жүруге рұқсаттары бар адамдар , Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдарының әскери қызметшілері, арнайы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлері арнайы атақтары мен сыныптық шендері бар мемлекеттік өртке қарсы қызметтерінің органдарын қоспағанда (Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдарының әскери қызметшілері, арнайы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлері қызмет өткеру орнынан мөрмен басылған уәкілетті адамның қол таңбасымен құжаттарды ұсынған жағдайында), көрсетілген қаруды соттылығының болуы не болмауы туралы анықтамаларды, "Психиатрия" және " Наркология" Психикалық денсаулық орталығынан және қаруды қауіпсіз ұстау қағидаларын білуі бойынша тексерістен өткені туралы мәліметтерді ұсынбай сатып ала алады.

Механикалық тозаңдатқыштар, көзден жас ағызатын немесе тітіркендіргіш заттармен жарақталған аэрозолды және басқа да құрылғылар жеткізіп беруші заңды тұлғалардың сатушылары он сегіз жасқа толған, және қаруды қауіпсіз ұстау қағидалары бойынша нұсқамалықты жүргізгеннен кейін, азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары саудасы бойынша жұмыс істеп тұрған мамандандырылған дүкендерде қару мен оның патрондарының келіп түсуін және сатылуын есепке алу кітабында, "сатып алуға рұқсаттар берудің нөмірі мен күні" бағанасында нұсқамалық алынғаны жөнінде сатып алушының қол таңбасын ұсынумен, оларды сатып алу рұқсатынсыз Қазақстан Республикасы азаматтарына сатады.

Ескерту. 59-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 30.11.2022 № 920 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

60. Заңның 5-бабы 1) тармақшасында көрсетілген тегіс ұңғылы ұзын ұңғылы атыс қаруын жиырма бір жасқа толған Қазақстан Республикасының азаматтары аңшы куәлігінсіз тұрғылықты мекенжайы бойынша ішкі істер органдары берген рұқсат бойынша алып жүру құқығынсыз өзін-өзі қорғау мақсатында сатып алуға құқығы бар.

Ескерту. 60-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 30.11.2022 № 920 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

61. Аңшы куәлігі бар жиырма бір жасқа толған Қазақстан Республикасы азаматтарының тегіс ұзын ұңғылы атыс қаруын сақтауға және алып жүруге құқығы бар.

Ескерту. 61-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 30.11.2022 № 920 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

62. Аңшылыққа шығуға белгіленген тәртіпте құқығы бар, меншігінде кемінде үш жыл тегіс ұзын ұңғылы аңшылық атыс қаруы бар Қазақстан Республикасының азаматының ойық ұңғылы аңшылық атыс қаруын сатып алуға құқығы бар.

Қазақстан Республикасының азаматы сатып алған қарулардың жалпы саны:

- 1) аңшылық атыс қаруы: ойық ұңғылы - екі бірлік; тегіс ұңғылы қару - екі бірлік;
- 2) өзін-өзі қорғау қарулары, оның ішінде тегіс ұзын ұңғылы немесе газды тапанша, револьверлер немесе электр қаруы - екі бірліктен аспауы қажет.

Аталған шектеулер коллекциялық объекті болып табылатын қаруға таралмайды.

Шектеулі сандағы қарулар болған жағдайда қолданыстағы қаруға қосымша ауыспалы ұңғыларды рұқсат бойынша сатып алуға жол беріледі.

Қосымша ауыспалы ұңғыларды сатып алу осы Қағидалардың 48-тармағының талаптарына сәйкес (жинақталған қарудың қарапайым бірлігі ретінде) жүзеге асырылады.

63. Ішкі істер органдарының қызметкерлері қару алуға рұқсат беру үшін белгіленген талаптардың сәйкестілігіне, сондай-ақ арыз берушіні Заңның 19-бабы 1-тармағының 1), 2) тармақшаларына және 4-тармақтың 2)-6) және 9) тармақшаларына сәйкестілігін тексереді.

Қаруды ұстауға қарама қарсы көрсетпелердің жоқ болуы кезінде арыз беруші азаматтық қаруды сақтау жағдайларының болуына тұрғылықты тұратын жері және осы Қағиданың талаптарына сәйкестілігіне тексеріледі.

Ұсынылған құжаттардың дұрыс емес және (немесе) ондағы құжаттардың қолдан жасалғаны белгілері анықталған жағдайда, ұсынылған құжаттарда қажетті мәліметтердің біліктілік талаптары немесе рұқсат талаптарына сәйкестілігін дәлелдеу үшін болмағанда және рұқсат алу мүмкіндігін жоятын Қазақстан Республикасының

заңнамасында көрсетілген жағдайлар туындағанда "Жеке және заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алуға, сақтауға, сақтау мен алып жүруге, тасымалдауға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет Қағидасына 1-қосымшаға 9-тармағына Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 27 наурыздағы № 254 бұйрығымен бекітілген "Жеке және заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алуға, сақтауға, сақтау мен алып жүруге, тасымалдауға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидасымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20184 болып тіркелген) белгіленген сәйкес рұқсат беруден бас тартылады.

Ескерту. 63-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 27.10.2020 № 739 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

64. Азаматтық және қызметтік қаруын сатып алған адамдар тұрғылықты жері бойынша Орталықтарда кейінен әр бес жыл сайын қаруды қауіпсіз ұстау қағидаларын білуі бойынша тексерістен өтеді.

Ескерту. 64-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 28.07.2021 № 444 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

65. Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери қызметшілері мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарын қоспағанда, арнайы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының арнаулы атақтары мен сыныптық шендері бар қызметкерлері (қызмет өткеріп жатқан жері бойынша уәкілетті адамның мөрімен және қолтаңбамен расталған құжатты ұсынған жағдайда) азаматтық қаруды сатып алуға рұқсатты қару ұстауға қарсы көрсетілімдерінің жоқтығы туралы медициналық қорытындыны ұсынбай алады.

66. Жауынгерлік қол атыс қаруымен марапатталған Қазақстан Республикасының азаматтары сақтауға және алып жүруге рұқсаттар бойынша оған патрондарды жалпы негіздерде сатып алады.

67. Қазақстан Республикасының аумағында кемінде бір жыл мерзімге тұру үшін белгіленген тәртіпте ішкі істер органдарында тіркелген шетелдіктердің өздері азаматтары болып табылатын мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерінің қолдау хаттары бойынша жалпы негіздерде газды тапаншалар мен револьверлерді сатып алады.

68. Қазақстан Республикасының аумағында тұру үшін белгіленген тәртіпте ішкі істер органдарында тіркелген шетелдіктер жеткізіп беруші заңды тұлғалардан механикалық шашыратқыштар, көзден жас ағызатын немесе тітіркендіретін заттар толтырылған аэрозольді және басқа құрылғыларды, үрлемелі қуаты 7,5 Дж-дан

аспайтын және калибрі 4,5 мм-ге дейінгілерін қоса алғанда, пневматикалық қаруды, өздері азаматтары болып табылатын мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерінің қолдау хаттары бойынша рұқсат алмай сатып алады.

69. Туристік мақсатта, жеке және қызметтік істері бойынша Қазақстан Республикасына келген және Қазақстан Республикасының аумағында тұру үшін белгіленген тәртіпте ішкі істер органдарында тіркелген шетелдіктер азаматтық қаруды, өздері сол елдердің азаматтары болып табылатын мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерінің өтініштері бойынша, оны сатып алған күннен бастап 7 (жеті) күн ішінде Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге әкететін жағдайда ішкі істер органдары беретін рұқсаттар бойынша жалпы негіздерде сатып алады.

Ескерту. 69-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 28.07.2021 № 444 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

70. Шетелдіктердің өздері әкелген азаматтық қаруды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте сыйға тарту немесе сату құқығы сақталады.

71. Азаматтық қаруды сатып алуға рұқсат төлқұжатты немесе жеке басты куәландыратын куәлігі болған жағдайда үш айға жарамды.

72. Азаматтық атыс қарудың немесе газды тапаншалардың және револьверлердің патрондарын азаматтар дүкендерден қарудың тиісті түрін және оның калибрін сақтауға және алып жүруге ішкі істер органдарының рұқсатын ұсынған кезде сатып алады. Аңшылық оқ-дәрі тегіс ұңғылы аңшылық қаруды сақтау және алып жүруге рұқсаты болған кезде дүкендерден сатып алынады.

73. Жеке тұлғалардың аңшылық ату қаруына қосымша ауыспалы және жиналатын ойық ұңғыны сатып алу қаруды сатып алу үшін көзделген тәртіпте ішкі істер органдары берген рұқсаттың негізінде жүзеге асырылады.

74. Мыналарды:

1) заңды және жеке тұлғаларға ішкі істер органдарынан қаруды сатып алуға рұқсатты алмай азаматтық және қызметтік қаруды;

Белгі беру, оқсыз атылатын қаруы, механикалық тозаңдатқыштар, көзден жас ағызатын немесе тітіркендіргіш заттармен жарақталған аэрозолды және басқа да құрылғылар, үрлемелі қуаты 7,5 Дж-дан аспайтындарын және калибрі 4,5 миллиметрге дейінгілерін қоса алғанда, конструкциясы жағынан қаруға ұқсас бұйымдарды Қазақстан Республикасының азаматтары оларды сатып алуға рұқсат алмай сатып алуға;

Коллекциялау лицензиясы бар жеке және заңды тұлғалар лицензия берілгеннен кейін оқсыз атылатын қаруды сатып алады.

Заңның 12-бабының 8) және 8-1) тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғалар өздерінің білім беру немесе мәдениет ұйымдарына (кинематографиялық ұйымдар, театрлар, цирктер, мұражайлар) қатынасын растайтын құжаттар негізінде оқсыз атылатын қаруды сатып алады.";

2) Белгі беру, оқсыз атылатын қаруы, механикалық тозаңдатқыштар, көзден жас ағызатын немесе тітіркендіргіш заттармен жарақталған аэрозолды және басқа да құрылғылар, үрлемелі қуаты 7,5 Дж-дан аспайтындарын және калибрі 4,5 мм дейінгілерін қоса алғанда, конструкциясы жағынан қаруға ұқсас бұйымдарды сатып алуға жол берілмейді:

Ескерту. 74-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 30.11.2022 № 920 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8-тарау. Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын коллекциялау тәртібі

75. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 8 қаңтардағы № 5 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10352 тіркелген) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеу, өндіру, жөндеу, сату, коллекцияға жинау, экспонаттау бойынша қызметін жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасы аумағында заңды және жеке тұлғалардың азаматтық және қызметтік қару мен патрондарын ғылыми, ақпараттық және танымдық (коллекцияға жинау) мақсаттарда коллекция (жиынтық) үшін жинау, сақтау белгіленген Біліктілікті талаптар және олардың тиістілігін растайтын құжаттар тізбесі тәртібінде ішкі істер органдары беретін лицензиялар негізінде жүзеге асырылады.

Жеке тұлғалардың коллекцияға жинау үшін қаруды сатып алу өзін-өзі қорғау үшін қаруды сатып алу кезінде осы Қағидалармен белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

Сатып алынған коллекциялық қаруы жетікүндік мерзімде сатып алуға рұқсат берген аумақтық ішкі істер органда тіркеледі.

Коллекциялық қаруды жүзеге асыратын адамға ПО-да бақылау-қадағалау ісі жүргізіледі, мұнда коллекция жасауға лицензиялар және қаруды сатып алуға рұқсаттарды беру үшін негіз болып табылатын материалдар, анықталған бұзушылықтар туралы материалдар, тексеру туралы баянаттар және актілер, лицензиялар мен рұқсаттарды бергені үшін мемлекеттік бажды төлеу туралы түбіртектердің көшірмелері және коллекциялық қаруының тізімі болады.

Ескерту. 75-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 27.10.2020 № 739 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

76. Заңды тұлғаның коллекциялау мақсатында, сондай-ақ сол мақсатта Қазақстан Республикасының азаматы сатып алған және Заңның 15-бабымен белгіленген санынан асып түсетін қарулар коллекция болып танылады.

Қазақстан Республикасы азаматының өтініші бойынша Заңның 15-бабында белгіленген санынан аспайтын оның қолда бар қаруы коллекция болып танылады. Бұл ретте, осы Қағидалардың 75-тармағында көзделген тәртіпте коллекциялауға лицензия беріледі.

77. Коллекциялау мақсатында мыналарды:

1) Қазақстан Республикасының аумағында айналымға тыйым салынбаған азаматтық және қызметтік қаруларды;

2) осы тармақта көрсетілген қарудың патрондарын.

Мемлекеттік әскерилендірілген ұйымдарды қоспағанда, заңды тұлғалар осы тармақта көрсетілген коллекциялау мақсатында осы заңды тұлғалардың басшыларының өтініштері бойынша ішкі істер органдары беретін рұқсат негізінде қару мен патрондарды сатып алады.

Сатып алуға рұқсат талап етілмейтін азаматтық қаруларды сатып алу осы Қағидаларда белгіленген тәртіпте сатып алынады.

78. Коллекциялық қару мен патрондарға:

1) қылмыстық іс бойынша заттай дәлелдеме болып танылған қару, оның ішінде қолдан жасалған, заңсыз қайта жасалған немесе Қазақстан Республикасының аумағында айналымға тыйым салынған қарулар, оның ішінде сот тәртібінде істерді қарау аяқталғаннан кейін;

2) азаматтық және қызметтік қару болып табылмайтын шетелде жасалған қару;

3) тәжірибелік партияда жасалған не Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген және сертификатталған сынақтардан өтпеген қару;

4) атыс қаруынан жасалған массалық-габариттік макеттер жатпайды;

5) түпнұсқа бөлшектерінің, сондай-ақ сыртқы түрінің және көркем өндеудің авторлық өзгерістері бар қару көшірмесін пайдаланбай конструкциясы мен көркем безендірілуін дәл көрсеткен жағдайда түпнұсқасы не өндірістен шығарылған сызба бойынша дайындалған қарудың көшірмелері;

6) осы тармақта көрсетілген қарудың, оның ішінде сынақтық, үлгілік, жарақталмаған бос және оқу-жаттығу парондары;

7) өндірістік немесе оқу үрдісін жүзеге асыру, зерттеу, әзірлеу, сынау не олардың көрсетілген мақсаттарда жасалған бірлі жарым даналары үшін арналған қарулар мен патрондар;

8) қару моделдері (конструкциясы жағынан қаруға ұқсас бұйымдар, қару конструкциясында жасалған және оның әрекетін имитациялайтын);

9) қару моделі болып табылмайтын конструкциясы жағынан қаруға ұқсас бұйымдар ;

10) қару және патрон муляжы (қару және патрон ретінде пайдалануға келмейтін сыртқы сипаты қарулар мен патрондарға ұқсас шығарылған бұйымдары);

11) қысқа ұңғылы ойық және автомат қаруы.

Ескерту. 78-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 30.11.2022 № 920 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

79. Мемлекеттік мұражайлар ішкі істер органдарынан коллекциялауға лицензиясын алмай қарулар мен патрондарды коллекциялауды жүзеге асырады.

80. Қарумен марапатталған адамдарға осы қаруды сақтауға және алып жүруге ішкі істер органдарынан рұқсат алғаннан кейін марапаттау қаруын өзінің коллекциясына қосуға жол беріледі.

81. Жеке және заңды тұлғаларға:

1) тиісті лицензиясыз қарулар мен патрондарды;

2) коллекциялауға лицензияда көзделмеген қарулар мен патрондардың түрлерін және модельдерін коллекциялауға жол берілмейді.

82. Қазақстан Республикасының азаматтары осы Қағидалардың 135-тармағында көзделген тәртіпте тұрғылықты мекенжайы бойынша қарулар мен патрондар коллекцияларын сақтайды.

9-тарау. Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын экспонаттау тәртібі

83. Қазақстан Республикасында заңды және жеке тұлғаларға тиесілі коллекцияны, сондай-ақ басқа иелерге тиесілі қаруларды немесе патрондарды экспонаттау ішкі істер органдары беретін экспонаттау лицензиясы негізінде жүргізіледі.

84. Жеткізушілерге (сатушыларға) тиесілі, өндірістік аумақтардың шегінде орналасқан үй-жайларда және сауда залдарында қару мен патрондарды көрсету, сондай-ақ осындай іс-шараларды Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының өткізуі экспонаттау болып табылмайды.

85. Экспонаттауға лицензиясы бар заңды және жеке тұлғалар коммерциялық емес не коммерциялық көрмені, сату-көрмесі немесе аукционды ұйымдастырған кезде:

1) үй-жайды жалға алу, қару мен патрондарды экспонаттау тәртібі, олардың сақталуын қамтамасыз ету туралы шарт жасасуы;

2) Қазақстан Республикасының аумақтық ішкі істер органдарында шетелдік қатысушылар үшін Қазақстан Республикасының аумағына оларға тиесілі қаруды әкелу және Қазақстан Республикасынан әкету, сондай-ақ оны тасымалдауға рұқсатқа қорытынды;

3) көрмені немесе аукционады өткізу орны бойынша ішкі істер органдарына экспонаттау жоспарларын және олардың келісуі үшін экспозицияларды орналастару сызбалар ұсынуы, сондай-ақ көрмені немесе аукционды өткізу кезеңінде осы Қағидаларда белгіленген тәртіпте қару мен патрондары сақтауға рұқсат алу;

4) экспонатталған қару мен патрондардың орналасқан және сақталған орнына бөгде адамдардың санкцияланбаған кіруіне жол бермеу;

5) қару мен патрондар экспозицияларын ашық витриналар мен стендтерде орналастырған жағдайда күн сайын көрме немесе аукцион жұмысы аяқталғаннан кейін қару мен патрондардың сақталуын қамтамасыз ету бойынша талаптарға сәйкес жабдықталған үй-жайларда сақтауға қару мен патрондарды тапсыру;

б) атыс үшін жарамсыз жағдайда азаматтық және қызметті қаруды және оның патрондарын экспонаттау қажет.

86. Бірнеше заңды немесе жеке тұлға қару мен патрондардың көрмесін немесе аукционын өткізген кезде өткізуді ұйымдастыру және экспонатталған қару мен патрондардың сақталуын қамтамасыз ету экспонаттау туралы шартта белгіленген катысушылардың біріне жүктеледі.

87. Заңды және жеке тұлғалар:

1) ішкі істер органдарында тіркелмеген қаруды экспонаттауға;

2) қаруды өндіру үшін құрылғалар мен құралдарды, оған техникалық қызмет көрсету мен джөндеу, спорттық, аңшылық және балық аулай құрылғылары және қаруға қосалқы бөлшектерді, сондай-ақ белгіленген тәртіпте ұйымдастырылатын тарихи-мәдени көрмелердің экспонаттарын қоспағана басқа заттармен бірге көрмедеге қару мен патрондарды экспонаттауға;

3) қару мен патрондардың сақталуын қамтамасыз ету бойынша талаптарға сәйкес жабдықталмаған үй-жайларда қару мен патрондарды сақтауға жол берлімейді.

10-тарау. Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын есепке алу тәртібі

88. Осы Қағидалардың 45-тармағында көрсетілген субъектілерде бар қарулар мен патрондар түріне, үлгісіне, моделіне және келіп түсу көздеріне қарамастан, Қазақстан Республикасы азаматтарында жеке меншік құқығындағы заңды негіздерде сатып алынған қару мен оның патрондарын қоспағанда, ішкі істер органдарына есепке алуға жатады.

89. Қару мен патрондарды ішкі істер органдарынан есептен шығару және есепке қою Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 29 наурыздағы № 313 бұйрығына 1-қосымшада белгіленген тәртіпте жүргізіледі (Нормативтік құқық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13694 болып тіркелген).

90. Ішкі істер органдарында қаруды бір қару иесінен басқаға беру туралы құжаттарды ресімдеуге жол беріледі. Қаруды қайта рәсімдеу, берілетін қарудың есепке алу орны бойынша азаматтық және қызметтік қарудың айналымын бақылауды (бұдан әрі - АҚҚАБ) жүзеге асыратын полиция органының қызметкері қару иесінің және қарудың осы түрін сатып алуға полиция органының рұқсаты бар адамның катысуымен жүргізіледі.

Жеке тұлға қаруды бір қару иесінен басқаға беруге құжаттарды ресімдеуге жүгінген кезде ресімделетін қару есебінде тұрған АҚҚАБ қызметкері "электрондық үкімет" порталы арқылы "Е-лицензиялау" мемлекеттік деректер қорында (бұдан әрі - ЕЛ МДҚ) сатып алуға рұқсаттың бар-жоғын тексереді.

Қару және (немесе) патрондарды сатқан жағдайда АҚҚАБ қызметкері ресімделетін қару туралы мәліметті ЕЛ МДҚ толтырады және оларды ЕЛ МДҚ арқылы сатып алуға рұқсат берген ішкі істер органына жолдайды.

Қаруды сатып алуға рұқсат "жарамсыз" деген мәртебеде немесе оның ЕЛ МДБ болмаған жағдайда қаруды ресімдеуге жол берілмейді.

Қаруды есептен шығару қаруды жаңа иесі оны есепке қою туралы хабарламасын алғанның кейін ғана жүргізіледі.

Қаруды ұрлау немесе жоғалтып алу жағдайында қару иесі біркүндік мерзімде қаруды ұрлау немесе жоғалтып алу фактісін анықтау сәттен бастап бұл туралы ішкі істер органдарына хабарлайды.

Ескерту. 90-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 27.10.2020 № 739 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

91. Қаруды сақтайтын және пайдаланатын ұйымдарда қызметтік немесе спорттық қару мен оның патрондарын есепке алу осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес қаруды сақтайтын және пайдаланатын ұйымдарда қару мен оның патрондарын есепке алу кітабында және осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес қару мен оның патрондарын беру және қабылдау журналында жүргізіледі, олар нөмірленеді, тігіледі және аумақтық ішкі істер органының "Лицензиялық-рұқсат жүйесі" деген бедерімен арнайы мөрмен бекітіледі.

Спортшылар сатып алған спорттық қару қызметтік қаруды сақтайтын және пайдаланатын ұйымдарда (спортшы тұратын ұйымның спорт федерацияларында) қаруды иесіне (спортшыға) беру туралы тиісті белгісі бар қару мен оның патрондарын есепке алу кітабына енгізіледі.

Ескерту. 91-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 27.10.2020 № 739 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

92. Азаматтық және қызметтік қаруды және оның патрондарын, оның ішінде ішкі істер органдарында тіркеу көзделмеген, заңды тұлғалардан келіп түскен, берілген және сатып алынған қаруды есепке алуды - жеткізушілер азаматтық және қызметтік қаруды және оның патрондарын сату бойынша мамандандырылған дүкендерде осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес қару мен оның патрондарының келіп түсуі мен сатуды есепке алу кітаптарында жүргізеді, олар нөмірленеді, тігіледі және аумақтық ішкі істер органының "Лицензиялық-рұқсат жүйесі" деген бедерімен арнайы мөрмен бекітіледі.

93. Қаруды, оның ішінде ішкі істер органдарында оны тіркеу көзделмеген қаруды есепке алу қару-жөндеу шеберханаларында осы Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес қаруды жөндеу шеберханасына келіп түскен қаруды есепке алу кітабы бойынша жүзеге асырылады, олар нөмірленеді, тігіледі және аумақтық ішкі істер органының "Лицензиялық-рұқсат жүйесі" деген бедерімен арнайы мөрмен бекітіледі.

94. Одан әрі пайдалануға жарамсыз азаматтық, қызметтік немесе спорттық қару және оның патрондары одан әрі жою үшін облыстардың, республикалық маңызы бар

қалалардың, астананың және Көліктегі полиция департаменттерінің (бұдан әрі - ПД, КПД) арттехқару-жарақ қоймаларына ұйымдар тапсырады (осы Қағидалардың 22-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда). Жою қағидаларын қарудың айналымын бақылау саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

Ескертпе. Қарудың пайдалануға жарамдылығын ішкі істер органдарының көрсетілген бөліністерінің техникалық комиссиялары немесе қаруды жөндеуге лицензиясы бар заңды тұлғалар айқындайды.

Қарудың техникалық жай-күйін айқындау жөніндегі комиссия ішкі істер органдарында құрамында АҚҚАБ бөліністерінің полиция қызметкері, криминалист, қару технигі бар 3-4 адамнан құрылады және ПД, КП бастығының бұйрығымен бекітіледі.

Комиссияның міндеті ішкі істер органдарына азаматтар беретін қаруды тіркеу (қайта тіркеу) кезінде оның техникалық жай-күйін айқындау үшін қаруды қарап-тексеруді жүргізу болып табылады. Комиссия жұмысында ашылық атыс қаруын техникалық санаттау нормаларын басшылыққа алады.

Ұйымдарға тиесілі артық, бірақ одан әрі пайдалану үшін жарамды қызметтік қару мен оның патрондары оны сақтауға рұқсаты бойынша ғана басқа ұйымдарға беріледі немесе сатылады.

Артық қаруды сақтау, қарудың тіркелген орны бойынша АҚҚАБ бөліністерінің келісімі бойынша ПД, КПД арттехқару-жарақ қоймаларында немесе қару мен патрондарды орталықтандырылған сақтау пункттерінде сақтауға жол беріледі.

95. Қару мен оның патрондарының айналымына қатысты барлық есепке алу құжаттары ұйымдарда кемінде 10 жыл сақталады.

Есепке алу құжаттамасын сақтау бөгде адамдар үшін қолжетімсіз үй-жайларда орнатылған ішкі құлыпқа жабылатын арнайы металдан жасалған шкафтарда жүзеге асырылады.

96. Қару мен патрондардың келіп түсуі, беру, қабылдау, сату және беру, тапсыру туралы жазба қаруды сақтайтын және пайдаланатын ұйымдарда қару мен оның патрондарын есепке алу кітаптарына, азаматтық және қызметті қаруды сату бойынша мамандандырылған дүкендерде қару мен оның патрондарының келіп түсуін және сатылуын есепке алу, қаруды жөндеу шеберханасына келіп түскен қаруды есепке алу және қару мен оның патрондарын беру мен қабылдауды есепке алу журналы қару мен патрондарын келіп түскен жұмыс күнінің соңынан кешіктірмей енгізіледі.

97. Заңды тұлғалардың қызметкерлеріне қызметке шығу үшін қару мен оның патрондарын беру оларға бекітілген қызметті қаруды сақтауға және алып жүруге рұқсаты болған жағдайда ғана жүзеге асырылады

Қару мен оның патрондарын тәулік бойы бекеттер үшін берген жағдайда қару мен оның патрондарын беру және қабылдау журналына қару алған қызметкерге жазба жүргізіледі, одан әрі тәулік бойы бекетте қару мен оның патрондарын беру мен

қабылдаудың қосымша журналы жүргізіледі, онда ауысымға түсетін қызметкерлерге қару мен оның патрондарын қабылдау және беру жазбасы жүзеге асырылады.

Ескерту. 97-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 30.11.2022 № 920 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

98. Атыс тирлары (атыс орындарында) және стендтерде қару мен оның патрондарын есепке алу Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 365 бұйрығымен бекітілген Атыс тирлері (атыс орындары) мен стендтерін ашу және олардың жұмыс істеу қағидаларында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11219 болып тіркелген) белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

Оқу-жаттығу мақсаттарында (практикалық атыстар), спорт жарыстарында немесе қызметті өткеру уақытында қаруды қолдану нәтижесінде жұмсалған, сондай-ақ жоғалған патрондар тарату-тапсыру ведомостеріне, ал қажет болған жағдайда қаруды қолдану немесе патрондарды жоғалту себептері туралы қызметтік тексеру материалдарына жинақтала отырып, акті бойынша есептен шығарылады. Акті атыс өткеннен кейін келесі күннен кешіктірмей жасалады, ұйым басшысы бекітеді және қарудың сақталуы үшін жауапты адамда сақталады. Патрондарды есептен шығару туралы қаруды есепке алу кітабында тиісті белгі жасалады.

99. Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының сақталуын жүзеге асыратын ұйымдарда есепке алу мақсатында қару мен патрондарды түгендеуді заңды тұлғалар жүргізеді.

Ескертпе: Түгендеу қаруды жөндеуге арналған шеберханаларында, сондай-ақ қару мен патрондарды экспонаттаумен айналысатын адамдар жүргізбейді.

100. Түгендеу - қару мен патрондардың бар-жоғын есептік деректерге сәйкес келуі тұрғысынан, сондай-ақ олардың есебін жүргізу мен сақталуын қамтамасыз ету тәртібін толық салыстырып тексеру. Түгендеу ұйымдарда түгендеу жүргізілетін заңды тұлға басшысының бұйрығы негізінде жүргізіледі.

101. Түгендеу:

1) тоқсан сайын;

2) қару мен патрондардың сақталуына жауапты адам немесе заңды тұлғаның басшысы ауысқан кезде (істерді қабылдау-тапсыру күніне);

3) дүлей зілзала, өрт, авария немесе басқа да төтенше жағдайлар болған кезде (осындай оқиғаларға нақты қатысушы үшін) оның салдарынан қарудың немесе патрондардың орнын ауыстыру жүргізілгенде;

4) заңды тұлға таратылған немесе қайта ұйымдастырылған кезде тарату немесе бөлу баланстарын жасау алдында жүргізіледі.

Түгендеу жүргізілетін заңды тұлға басшысының бұйрығымен түгендеу басталғанға дейін он күн бұрын түгендеу комиссиясының төрағасы мен мүшелері тағайындалады,

оның жұмыс істеу мерзімі мен түгендеу актісін, түгендеудің жүргізілгені туралы салыстыру ведомостерін ұсыну тәртібі айқындалады.

102. Түгендеу жүргізу үшін ұйымда кемінде үш адамнан тұратын тұрақты жұмыс істейтін түгендеу комиссиясы құрылады. Түгендеу комиссиясына түгендеу жүргізілетін заңды тұлға басшыларының бірі, бухгалтерлік қызмет қызметкерлері және қару мен патрондарға рұқсаты бар, салыстырып тексерілетін қарудың құрылымы мен номенклатурасын, сондай-ақ онымен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік шараларын зерделеген басқа да мамандар енгізіледі. Заңды тұлғада заңды тұлға болып табылмайтын аумақтық жағынан алыс орналасқан филиалдар болған кезде ұйым – заңды тұлға басшысының бұйрығымен қызметкерлер, оның ішінде осы филиал басшыларының бірі қатарынан филиалдың тұрақты жұмыс істейтін түгендеу комиссиясы құрылуы мүмкін.

Түгендеу комиссиясының құрамы Комиссияның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін өзгермейді. Ерекше жағдайларда комиссия мүшелерін ауыстыру түгендеу жүргізілетін заңды тұлға басшысының бұйрығы негізінде жүргізіледі.

Заңды тұлғаның басшысы қару мен патрондарға түгендеу жүргізу үшін жағдай жасайды, оны жүргізу уақытында комиссия мүшелерін олардың басқа міндеттерді атқаруынан босатады, сондай-ақ қарумен және патрондармен жұмыс істеуге жіберілген техникалық қызметкерлердің қажетті санын бөледі.

Ұйым басшысы қаруды түгендеуге қатысатын адамдарға ішкі істер органдары Заңның 19-бабы 1 және 4-тармақтарының талаптарына сәйкестігін тексергеннен кейін қаруға рұқсатты ресімдейді.

Есепке алу бойынша тексеру үшін заңды тұлға заңды тұлға басшысының бұйрығына сәйкес сауалнама деректерін және атқаратын лауазымын көрсете отырып, Қаруға жіберуге үміткер адамдардың тізімін есепке алу орны бойынша аумақтық ішкі істер органына жібереді.

Тексеру нәтижелерін алғаннан кейін Заңның 19-бабы 4-тармағының 2), 3), 4), 5), 6) және 9) тармақшалардың және 1-тармақтың талаптарына сәйкес заңды тұлға басшысының бұйрығымен келетін адамдарға қаруға рұқсат ресімделеді.

Ескерту. 102-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 28.07.2021 № 444 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

103. Қару мен патрондардың сақталуына жауапты адамдар қару мен патрондардың қозғалысы бойынша аяқталған барлық операцияларды тізуді жүзеге асырады және олардың қалдықтарын есепке алу кітаптарына түгендеу күніне өзінің қолымен растай отырып, шығарады.

104. Түгендеуді бастар алдында комиссия мүшелері:

1) Қазақстан Республикасының қару мен патрондар айналымы және оларға түгендеу жүргізу тәртібін реттейтін заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын зерделейді;

2) осы Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес түгендеу тізімдемелерінің, осы Қағидаларға 22-қосымшаға сәйкес нөмірлік есепке алу тізімдемелерінің және осы Қағидаларға 23-қосымшаға сәйкес қару мен патрондарды түгендеу нәтижелерінің салыстыру ведомостерінің бланкілерін дайындайды, оларды белгіленген тәртіппен тіркейді. Бұл ретте қару мен патрондардың қалдықтарын көрсетілген құжаттарға алдын ала енгізуге жол берілмейді;

3) пломба салу құралдарының және пломба салу материалдарының болуы салыстырып тексеріледі, олардың деректемелері қарудың сақталуына жауапты тұлғаларда немесе ұйым басшыларында бар пломба салу құралдарынан ерекшеленеді.

Ескерту. 104-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 27.10.2020 № 739 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

105. Қару мен патрондардың іс жүзінде болуына салыстырып тексеруді комиссия қару мен патрондарын сақтау орындарын және қару мен патрондарымен сейфтерді, шкафтарды, пирамидаларды, жәшіктерді мөрмен басуын тексерумен бастайды.

Қару мен патрондарының тексерілген сақтау орындарын ашу және қайта мөрмен басу оны қабылдау және беру үшін тек түгендеу комиссияның мүшелері, комиссия мүшелерінің біреуі болмаған жағдайында ұйым басшысы жүзеге асырады.

Ескерту. 105-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 27.10.2020 № 739 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

106. Қарудың бар-жоғы оның сақталуына жауапты адамның қатысуымен оны міндетті түрде бір-бірден, жиынтық түрінде және нөмірі бойынша қайта санау, сондай-ақ қарудың техникалық құжаттамаға (паспорттарға, формулярларға не оның телнұсқаларына) сәйкес келмеуі тұрғысынан тексеру арқылы анықталады.

Герметикалық орамдарға немесе металл мырышқа, олар болған жағдайда, орап салынған патрондарды салыстырып тексеру басылған таңбалауға сәйкес ыдыстың тұтастығын қарап тексеру арқылы жүзеге асырылады, ол туралы түгендеу тізімдемесінде тиісті белгі қойылады. Таңбалау болмаған кезде, оның ішінде ішінара көрсетілген орамдар ашылуы, ал патрондар - бір-бірден қайта саналуы тиіс.

Тексерілген сейфтерге, шкафтарға, пирамидаларға, жәшіктер мен тығындауларға салыстырып тексеру жүргізілген күн көрсетіле отырып, комиссияның төрағасы растаған жазба белгілер салынады.

107. Түгендеу тізімдемелеріндегі және нөмірі бойынша есепке алу тізімдемелеріндегі түзетулер мен толықтыруларды түгендеу комиссиясының мүшелері және қару мен патрондардың сақталуына жауапты адамдар растайды.

Тізімдемелер бастапқы түгендеу құжаттары болып табылады, олар тікелей қару мен патрондарды сақтау орындарында (объектілерінде) олардың тексерілуіне қарай толтырылады. Салыстырып тексеру аяқталған соң, толтырылған тізімдемелердің әрбір парағына комиссия мүшелері және қару мен оның патрондарының сақталуына жауапты адам қол қояды.

108. Түгендеу процесінде келіп түскен қару мен патрондар жеке тізімдемелерге енгізіледі. Бұл ретте, қарудың пайдалану мақсатын көрсетуге арналған жолда "Түгендеу уақытында келіп түскен қару (патрондар)" деген жазу жазылады, ал "Ескертпе" деген бағанда қарудың кімнен келіп түскені, келіп түскен күні және кіріс (ілеспе, көліктік) құжаттарының нөмірлері көрсетіледі.

109. Түгендеу кезінде ұйымның іссапарға кеткен қызметкерлерінде болған қару мен патрондар есептік құжаттар бойынша есепке алынады. Бұл ретте "Ескертпе" деген бағанда берілген күні, оларды қабылдап алған адамдардың тектері мен аты-жөндері және беру негіздері көрсетіледі (ерекше жарғылық міндеттері бар заңды тұлғалар үшін)

110. Қару мен патрондарды түгендеу нәтижелері салыстыру ведомосында көрсетіледі. Ведомосқа комиссияның төрағасы мен мүшелері, сондай-ақ тексерілген қару немесе патрондардың сақталуына жауапты адам қол қояды.

Қару мен патрондардың жетіспеуі немесе артық болуы фактілері анықталған кезде, түгендеу комиссиясы бұл туралы заңды тұлғаның басшысына дереу хабарлайды.

111. Түгендеу қорытындысы бойынша комиссия акт толтырады (еркін нысанда), онда қару мен патрондарды сақтаудың, есепке алудың жай-күйі, жетіспеушілігі, артық болуы, бұліну және жоғалу фактілері, сондай-ақ анықталған кемшіліктерді жою бойынша ұсыныстар көрсетіледі.

Актіні комиссия оған қол қойған және ұсынған күннен бастап үш күн мерзімде түгендеу жүргізіліп жатқан заңды тұлғаның басшысы қарайды және бекітеді.

112. Акт, түгендеу тізімдемесі, нөмірлік есепке алу тізімдемесі, салыстыру ведомосы және басқа да материалдар ұйымдағы қару мен патрондардың сақталуына жауапты адамның жеке есептік ісінде сақталады.

113. Қару мен оның патрондарын есепке алудың, сақтаудың және дұрыс пайдаланудың жай-күйіне ұйым басшылары жауапты болады, олар қару немесе оның патрондары ұрланған немесе жоғалған жағдайларда ол туралы аумақтық ішкі істер органдарына дереу хабарлауға және оларды іздестіру шараларын қолдануға міндетті.

114. Ұйымдарда қару мен патрондардың есебін жүргізу кезінде осы тарауда белгіленген нысандар бойынша бір уақытта деректерді қағаз және электрондық тасымалдағыштарға шығара отырып, автоматтандырылған есепке алудың электрондық құралы қосымша пайданылады.

115. Ойық ұңғылы қызметтік және азаматтық атыс қаруы міндетті түрде тексеру атысынан өтуі тиіс.

Ойық ұңғылы азаматтық және қызметтік қаруынан ату Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 24 маусымдағы № 429 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік оқ-гильза қоймасын қалыптастыру қағидаларында белгіленген тәртіпте жүргізіледі. Атылған оқтар мен гильзаларды ату орнын сақтау орнына дейін жеткізу ішкі істер органдарының қару-жарақ қызметінің қызметкері жүзеге асырады.

116. Ішкі істер органдарының қызметкерлерінен басқа өзге адамдарға азаматтық және қызметтік қарудан атуды жүргізуге, сондай-ақ атылған оқтар мен гильзаларға өзге де жеке және заңды тұлғаларды, оның ішінде қару иелерін жіберуге жол берілмейді.

11-тарау. Азаматтық және қызметтік қаруды және оның патрондарын сақтау тәртібі

117. Қару мен патрондарды сақтау қаруды сақтауға немесе сақтауға және алып жүруге ішкі істер органдарында рұқсат алған заңды және жеке тұлғаларға рұқсат етіледі.

Қызметтік, азаматтық, спорттық қаруды сақтауға жалпы рұқсаты қару бөлмесінің орналасқан мекенжайы бойында тіркелген барлық қаруларға беріледі.

Заңды тұлғалардың қызметкерлеріне қызметтік қаруын алып жүру рұқсаты бір рұқсатта 5 бірлік қарудан артық емес, осы Қағидалармен бекітілген тәртіпте заңды тұлғаларға тіркелген қызметтік қаруға беріледі.

Осы Қағидалардың 126-тармағында көрсетілген табиғатты қорғау ұйымдарының қызметкерлеріне сақтау мен алып жүру рұқсаты облыстық атқарушы органның орман шаруашылықтарының мемлекеттік қызметкерлерін қаруландыру үшін бекітілген нормалардың 9-қосымшасына сәйкес және осы Қағидаларға аңшылық және балық шаруашылықтарын жүргізу құқығы берілген заңнама тәртібінде бекітілген аңшылық және балық шаруашылықтарының жұмыскерлерін қаруландыру үшін бекітілген нормалардың 10-қосымшасына сәйкес тиісті нормаларға сәйкес беріледі.

Ескерту. 117-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 27.10.2020 № 739 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

118. Қару мен патрондарды сақтауға қабылдау, оларды беру және қажетті есепті құжаттарды ресімдеу тәртібі осы Қағидалардың талаптарына сәйкес заңды тұлғалар басшыларының бұйрықтарымен белгіленеді.

Кедендік режимге орналастырылған қарумен және патрондармен көрсетілген әрекеттерді жүзеге асыру тәртібін кеден ісі саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

119. Ішкі істер органдары қаруды тіркеу кезінде осы қаруды сақтауға рұқсатты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2018 жылғы 19 ақпандағы № 133 бұйрығымен бекітілген Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының, азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдардың айналымы саласындағы, атыс тирлерін (атыс алаңдары) және стенділерді ашуға және олардың жұмыс істеуіне рұқсаттардың және (немесе) оларға қосымшалардың

нысандарын бекіту және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16733 болып бекітілген) бекітілген нысан бойынша қаруды сатып алудың заңдылығын растайтын құжаттар негізінде бес жыл мерзімге береді.

Жеке тұлғалардың белгі беру және оқсыз атылатын қаруы ішкі істер органдарында тіркеледі.

Бұл ретте ішкі істер органдары оны сақтауға рұқсат бермейді.

Жеке және заңды тұлғалар сатып алған белгі беру және оқсыз атылатын қару 7 күн ішінде тұрғылықты жері бойынша ішкі істер органдарында тіркеледі.

Ескерту. 119-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 30.11.2022 № 920 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

120. Қызметтік қару мен оның патрондары арнайы жабдықталған қоймада сақталады, ол мынадай талаптарға сәйкес:

1) басқа қосалқы, қызметтік үй-жайлардан оқшау болуы керек, ішкі қабырғалары (қоршаулары) беріктігі жағынан арасына болат тор өткізілген, әрқайсысының қалыңдығы 80 мм қосарланған гипсобетонды панельдерге немесе металл тормен арматураланған, қалыңдығы кемінде 120 мм кірпіш қабырғаға тең, темірбетонды төбе жабындысы мен едені болуы тиіс.

2) екі есігі болуы керек, бұл ретте сыртқысы - қаңылтырдың шеттері есіктің жақтауына қайтарылып, екі жағы мырышты болат қаңылтырмен сомдалған, қалыңдығы кемінде 40 мм бір қабат тақтайдан (немесе металды қалыңдығы кемінде 5 мм), ал ішкісі - болат тордан жасалады.

Бұл ретте, сыртқы есік екі ішкі құлыппен жабылып, мөр немесе пломбы басылуы тиіс, ішкі торлы есік - ішкі немесе аспалы құлыппен жабылады.

Қару-жарақ бөлмесі есігінің ойығы (есіктің қорабы) қабырғаға диаметрі 10-12 мм арматуралы болат шегемен он жерден қағылған бұрыштама темірмен күшейтілген болат жиекпен жақтауланады;

3) үй-жайдың ішкі жағындағы терезе ойықтарында немесе жақтауларының арасында болат тор жүргізілуі тиіс. Бірінші қабатта орналасқан үй-жайларда терезе жақтаулары ішкі жағынан металл немесе екі жағынан мырышты болатпен қапталған ағаш қақпақпен жабдықталады. Торлардың ұшы қабырғаға кемінде 80 мм тереңдікке дейін қағылып және бетон құйып бекітіледі. Терезенің қақпақтары аспалы құлыппен жабылуы керек.

Есік, терезе ойықтарына және қабырғаны нығайту үшін тартылатын торлар диаметрі кемінде 15 мм болат шыбықтан жасалады. Шыбықтардың тор көздері кемінде 150x150 мм-ден айқастырылып дәнекерленеді;

4) екі және одан көп күзет-өрт белгі беру құралдарымен жабдықталады, ол электр қуатымен қамтамасыз ету қалқанына жасырын сым тарту арқылы орындалады,

терезелерге, есіктерге, люктерге, қабырғаларға, төбеге, еденге қару мен патрондар сақталатын сейфтерді, шкафтарды ашқанда немесе бұзғанда, сондай-ақ бөлменің ішінде адам жүргенде іске қосылатын хабарлағыштар орнатылады. Бұл үй-жайлар кезекші бөлімдеріндегі шығарылатын жұмыс орындары бар оператор-фирмалар мен ішкі істер органдарының күзет бөлімдерінің арасында орнықты байланысты орната отырып, оператор-фирмаларының орталықтандырылған бақылау пультіне сигнализация қоса отырып, күзетке беріледі. Күзету белгі беру құралдарының шлейфін темірбетонды және бетонды құрылыс конструкциялары бойынша тек қана бөлме ішінде құбырмен жүргізуге рұқсат етіледі;

5) желдеткіш терезе, люк болған жағдайда, оларға бұл жүйелер арқылы өту мүмкіндігін болдырмайтын көлемі 100x100 мм-ден аспайтын тор көздері бар болат тор орнатылады. Инженерлік желілерді тартуға арналған қабырғалардағы тесіктердің диаметрі 200 мм-ден аспауы керек;

6) қару мен патрондар сақтайтын бөлмеде өртке қарсы құралдар, мүліктердің тізімдемесі болуы тиіс, онда шкафтардың, металл жәшіктердің саны, олардың нөмірлері және қандай мөр басылғаны көрсетіледі;

7) қару мен оның патрондары бар қару-жарақ бөлмесі және металл шкафтар (сейфтер) кілттерінің екі жинағы болуы тиіс.

Кілттердің бір жинағы қару мен оның патрондарын сақтауға жауапты адамда, екіншісі - атына сақтау рұқсаты берілген ұйым басшысының мөрленген сауытында ұдайы сақталады.

Қару-жарақ бөлмесінің, қару мен патрондар бар металл шкафтардың, сейфтердің кілттерін столдарда және бөгде адамдардың қолы жететін өзге де жерлерде қалдыруға тыйым салынады.

121 Қару мен патрондар қабырғасының қалыңдығы кемінде 3 мм, ішкі құлыптары (кемінде екі) берік жабылатын металл шкафтарда (сейфтерде) сақталуы керек. Шкафтардың есіктері мықты болу үшін болат бастырмамен немесе бұрыштамалармен нығайтылады. Қаруды жөндеу шеберханаларында қаруды сақтауды қоспағанда, шкафтардың есіктерінің ішкі жағында нөмірлері бойынша оның тізімдемесі болуы тиіс. Қаруды бір ішкі құлпы бар, салмағы кемінде 700 кг ауыр сейфтерде сақтауға болады.

122. Қарумен және патрондармен бірге қару-жарақ бөлмесінің темір тормен бөлінген бөлігінде сақтауға болатын пневматикалық қару, арнаулы құралдар, радиостанциялар мен дозиметриялық аспаптарды қоспағанда, басқа бұйымдарды сақтауға жол берілмейді. Қарудың патрондары қарудан бөлек металл жәшікте, шкафта сақталуы тиіс.

Сұрту материалдары, май және сілтілер, қаруды тазалау мен майлауға арналған бұйымдар қару мен патрондардан бөлек, ол үшін арнайы бөлінген жерде сақталады.

123. Байланыс тораптарында, арнайы байланыс бөліністерінде автономдық сигнализация және салмағы кемінде 700 кг ауыр сейфтер болған жағдайда қару мен патрондарды сақтауға рұқсат беріледі.

Ескерту. 123-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 30.11.2022 № 920 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

124. Қызметтік қару мен оның патрондарын сақтауға арналған үй-жай болмаған жағдайда ұйымдарға қаруды және патрондарды жабдықталған ОСП сақтауға жол беріледі. ОСП қару мен патрондар осы Қағидалардың 136-тармағында белгіленген тәртіпте сақталады. Қаруды ОСП тапсыру акт бойынша, осы Қағиданың 29-қосымшасына сәйкес ресімделеді. Онда қару мен оның патрондарын сақтайтын әрбір ұйым үшін жеке стеллаждар бөлінуі тиіс.

Ескерту. 124-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 27.10.2020 № 739 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

125. Әскерилендірілген күзет жасақтарында (командаларында) атыс қаруы мен патрондар (оның ішінде азайтылмайтын қор) осы Қағидалардың 120, 121 және 122-тармақтарында баяндалған талаптарға сәйкес сақталады.

Қару-жарак бөлмесін орталықтандырылған бақылау пультіне шығатын дабыл белгісімен жабдықтау мүмкін болмаған жағдайда оның қабырғаларына, төбесіне, терезелеріне хабарлағыштар орнатылып, қарауыл үй-жайынан (күзет бекетінен) басқа жақын жердегі қарулы бекетінде шығарылған жеке дабыл белгісімен жабдықталады.

126. Ішкі істер органдарымен келісу бойынша қызметтік ойық және ұзын ұңғылы тегіс ұңғылы қару (карабиндерді, винтовкаларды, тапаншаларды, револьверлерді, мылтықтарды) мен оның патрондарын сақтау орманды қорғау және сақтау жөніндегі инженерінің, орман күтушінің, орман шеберінің, орман күзетшісінің, мемлекеттік инспекторлардың (қорықшылардың), аң аулаушылардың, мемлекеттік орман қорының учаскелерін және жануарлар дүниесі объектілерін тікелей күзетін, қорғауын жүзеге асыратын инспекторлардың, аңшылық және балық шаруашылықтары қорықшыларының тұрғылықты мекенжайлары бойынша рұқсат етіледі.

Бұл ретте атыс қаруы осы Қағидалардың 135-тармағының талаптарына сәйкес сақталады.

Орманды қорғау және сақтау жөніндегі инженері, орман күтушісі, орман шебері, орман күзетшісі, мемлекеттік инспекторлары (қорықшылары), аң аулаушылар, мемлекеттік орман қорының учаскелерін және жануарлар дүниесі объектілерін тікелей күзетін, қорғауын жүзеге асыратын инспекторлары, аңшылық және балық шаруашылықтарының қорықшылары ұзақ уақыт (он күннен артық) болмағанда (іссапар, демалысқа шығу, емделу, әскери қызметін өткеру) қару осы қаруды сақтауға рұқсат берген ұйымның қару бөлмесіне тапсырылады.

Ескерту. 126-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 27.10.2020 № 739 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

127. Спорт ұйымдары спорт жарыстарына шыққан кезде азаматтық спорт қаруын сақтауды осы Қағидалардың 118, 119, 120-тармақтарының талаптарына сәйкес арнайы жабдықталған үй-жайларда жүзеге асырады.

128. Қару мен патрондарды қонақ үйлерде, жатақханаларда, спорт лагерінде және басқа демалыс орындарында спорт делегацияларын (командаларын) орналастыру орындарында сақтауға жол берілмейді.

129. Жиындар (жарыстар) уақытында қарудың сақталуы үшін жауапты адамдар күн сайын күзетуге қаруды берер алдында қару мен оның патрондарын беру және журналына сәйкес атыс қаруының барлық бірілігінің бар-жоғын тексереді.

130. Ішкі істер органдарының келісімі бойынша, атыспен байланысты аккредиттелген Республикалық спорт түрі бойынша федерациясының өтінішхаты бойынша дене шынықтыру және спорт саласында орындалатын жарғылық міндеттерге сәйкес спорт тегіс ұңғылы қаруды (спорт ұйымына бекітілген) СШК төмен емес разряды барларға Қазақстан Республикасының Ұлттық құрамына мүше спортшылардың тұрғылықты жерлері бойынша сақтауға рұқсат етіледі. Бұл ретте, атыс қаруы осы Қағидалардың 135-тармағының талаптарына сәйкес сақталады.

Қазақстан Республикасының азаматтары сатып алған спорт қаруына осы Қағидалардың 54-тармағының 2-абзацына сәйкес "спорттық" және спорт федерациясын, спортшыны қатыстыратын ұйымды көрсете отырып, спорт федерациясын көрсете отырып, спортшыны тағайындайды.

Спортшылардың тұрғылықты жері бойынша спорттық қаруды сақтау дене шынықтыру және спорт саласында орындалатын жарғылық міндеттерге сәйкес атыспен байланысты аккредиттелген Республикалық спорт түрі бойынша федерациясына мүшелікті жыл сайынғы растау болған жағдайда жүзеге асырылады.

Спорттық қарудың иесі атыспен байланысты спортпен айналысуды тоқтатқан жағдайда дене шынықтыру және спорт саласында орындалатын жарғылық міндеттерге сәйкес атыспен байланысты аккредиттелген Республикалық спорт түрі бойынша федерациясының құрамынан шыққан жағдайда спорт ұйымына немесе қарудың тіркеу орны бойынша ішкі істер органына тапсырылады не азаматтық қаруды сату бойынша мамандандырылған дүкен арқылы сатылады.

Ескерту. 130-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 27.10.2020 № 739 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

131. Спорттық атыс қаруын, оның ішінде ойық ұңғылы не үрлемелі қуаты 3 Дж бастап 7,5 Дж дейінгі және калибрі 4,5 мм аспайтын спорттық пневматикалық қаруды, сондай-ақ спорт суық сұқпалы және лақтыратын қаруды сақтауды заңды тұлғалар ішкі

істер органдарында белгіленген тәртіпте көрсетілген қаруды сақтауға рұқсатты алғаннан кейін осы Қағидалардың 120, 121 және 122-тармақтарының талаптарын ескере отырып, спорт объектілерінде жабдықталған үй-жайларда жүзеге асырады.

131-1. Білім беру ұйымдарында, сондай-ақ мәдениет ұйымдарында (оқсыз атылатын қару бөлігінде) оқсыз атылатын, пневматикалық қаруды және оның оқтарын сақтау және пайдалану:

1) ұйым басшысының бұйрығымен пневматикалық және оқсыз атылатын қарудың сақталуын, есепке алынуын және пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыратын адам тағайындалады;

2) мәдениет ұйымдарының (оқсыз атылатын қару бөлігінде), оқу орындарының ғимараттарында пневматикалық және (немесе) оқсыз атылатын қаруды сақтау үшін мынадай талаптарға жауап беретін үй-жайлар пайдаланылады:

басқа қосалқы, қызметтік үй-жайлардан оқшалануы тиіс, күрделі қабырғасы, темірбетон төбесі мен едені болу қажет;

пневматикалық және (немесе) оқсыз атылатын қару сақталатын үй-жайдың периметрі болып табылатын күрделі емес қабырғалар, темірбетон емес төбесі мен едені 5 мм. кем емес диаметрімен болат шыбықтан жасалған металл торлармен көркемделеді. Шыбықтар әр қиылыста 150x150мм ұяшықтар құрып, пісіріледі;

3) от комнаты для хранения оружия имеются два комплекта ключей. Один комплект ключей находится у лица, ответственного за сохранность оружия, второй комплект ключей – в опечатанном тубусе (пенале) хранится у руководителя учебного заведения в сейфе.

Ескерту. Қағидалар 131-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ішкі істер министрінің 27.10.2020 № 739 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 30.11.2022 № 920 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

132. Заңды тұлғалар - жеткізушілер қару мен оның патрондарын арнайы жабдықталған қоймада (қару-жарақ бөлмесі) сақтайды, ол мынадай талаптарға сәйкес келуі тиіс:

1) басқа қосалқы, қызметтік үй-жайлардан оқшауланған болуы, қабырғалары қалың, төбе жабыны мен едені темірбетонды болуы тиіс;

арнайы жабдықталған қойманың күзетілетін аймағының периметрі болып табылатын қалың емес қабырғалар, темірбетонды емес төбе жабулар мен еден диаметрі кемінде 15 мм жұмыр болат шыбықтан немесе жиегі кемінде 14 мм төртбұрышты болат шыбықтан орындалған металл тормен қапталады. Шыбықтар 150x150 мм аспайтын тор көз құрып, олардың әрбір қиылысқан жері дәнекерленеді;

2) екі есігі, бұл ретте қалыңдығы кемінде 3 мм болат табақтан жасалған сыртқы металл есігі, торланған болаттан жасалған ішкі есігі немесе болат рол-қақпасы болуға тиіс;

сыртқы есік автоматты "ілімешегі" бар ішкі құлыппен жабылады, "жеткізгішпен" және "дабыл түймесін" басқан кезде іске қосылатын резервтік қоректендіргіші бар бұғаттаушы құрылғымен жабдықталады, ішкі тор есік немесе рол-қақпасы ішкі немесе аспалы құлыппен жабылады;

арнайы жабдықталған қойма есігі ойығының жиегі (есіктің қорабы) диаметрі 10-12 мм арматуралы болаттан жасалған кемінде он шегемен қабырғаға кемінде 80 мм тереңдікке қағылған болат профильден жасалады;

3) қару мен патрондар стеллаждарда, пирамидаларда немесе металл жәшіктерде (шкафтарда) сақталады;

4) қару оқ атуға жарамсыз күйде бөлшектелген түрде сақталады, оқ атуға тікелей қатысатын қарудың негізгі (құрамдас) бөліктері жеке сейфтерде сақталады.

Ескертпе: ату үшін жарамсыз күйге келтіру мақсатында ату өндірісіне тікелей қатысатын негізгі бөліктердің бірі алынып тасталады және жеке сейфте сақталады. Негізгі бөліктердің бірін қаруды толық бөлшектемей алу мүмкін болмайтын қаруларда оны атуға жарамсыз ететін арнайы бекіткіштер орнатылады.

5) желдеткіш терезелер, люктер болған жағдайда, оларға бұл жүйелер арқылы өту мүмкіндігін болдырмайтын көлемі 150x150 мм аспайтын тор көздері бар болат тор орнатылады. Инженерлік желілерді тартуға арналған қабырғалардағы тесіктердің диаметрі 200 мм аспайды;

6) терезелер болған жағдайда, оларға болат торлар, сондай-ақ металл қақпақтар немесе рол-ставнялар орнатылады. Торлардың, қақпақтардың және рол-ставнялардың жиектері диаметрі 10-12 мм болат арматурадан жасалған істікпен қабырғаға кемінде 80 мм тереңдікке қағылады. Шалқасынан ашылатын терезе қақпақтары берік аспалы немесе ішкі құлыптарға жабылады. Есік, терезе ойықтарына орнатылатын торлар диаметрі кемінде 15 мм жұмыр болат шыбықтан немесе қалыңдығы кемінде 14 мм шаршы болат шыбықтан, ал қақпақтар қалыңдығы кемінде 3 мм болат табақтан жасалады. Шыбықтар 150x150 мм аспайтын тор көз құрып, олардың әрбір қиылысқан жері дәнекерленеді;

7) өртке қарсы құралдар болуы керек;

8) қару мен оның патрондары бар арнайы жабдықталған қойманың және металл жәшіктер (шкафтар) кілттерінің екі жиынтығының болуы;

бұғаттаушы құрылғылардан басқа, кілттердің бір жиынтығы - қару мен оның патрондарын сақтауға жауапты адамда, екіншісі ұйым басшысында, сондай-ақ онда бұғаттаушы құрылғылардың барлық кілттері болады;

9) электрмен қоректендіру қалқанына дейін жасырын сым тарту арқылы жасалған екі және одан көп күзет-өрт дабылы құралдарымен жабдықталады, терезелерді,

есіктерді, люктерді ашқанда, әйнекті бұзғанда немесе қабырғаларды, төбелерді, едендерді, жәшіктерді (шкафтарды) бұзғанда және адам кіргенде іске қосылатын датчиктер орнатылады (күзет дабылы құралдарының шлейфтерін үй-жайдың ішіне ғана жүргізуге рұқсат етіледі);

жұмыстан тыс уақытта арнайы жабдықталған қойма оператор-фирмалар мен ішкі істер органдарының кезекші бөлімдерінің арасында орнықты байланыс орната отырып, оператор-фирмалардың орталықтандырылған бақылау пульттеріне сигнализация қосылып, күзетуге тапсырылады;

жұмыс уақытында арнайы жабдықталған қойманы қару мен оның патрондары саудасы бойынша мамандандырылған дүкеннің қаруға рұқсаты бар жауапты қызметкері немесе заңды тұлғаның басшысы ғана ашады.

Қойманың есіктері, дүкеннің қаруға рұқсаты бар қызметкерлерінің кіріп-шығуын, сондай-ақ олардың қару мен патрондарды, қарудың қосалқы бөлшектері мен оқ-дәріні әкеліп-әкетуін қоспағанда, жабық күйінде болады;

10) жалпы алаңы кемінде 10 м² арнайы жабдықталған қойма сөрелерінде мыналарды:

150 кг аспайтын түгінсіз оқ-дәріні;

тегіс ұңғылы қарудың 500 000 дана патронын;

тегіс ұңғылы қаруға 500 000 дана спорттық патронын;

ойық ұзын ұңғылы қарудың ортадан соққылайтын 300 000 дана патронын;

ойық ұзын ұңғылы спорт қаруының ортадан соққылайтын 300 000 дана патронын;

ойық ұзын ұңғылы қарудың бүйірден соққылайтын 500 000 дана патронын;

5,6 калибрлі ойық ұзын ұңғылы спорт қаруына бүйірден соққылайтын 2 000 000 дана патронын;

қысқа ұңғылы ойық қарудың 50 000 дана патронын;

қысқа ұғылы спорт қаруына 250 000 дана патронын;

газды, травматикалық патронмен ату мүмкіндігі бар газды, ұңғысыз травматикалық қарудың 150 000 дана патронын;

жарық-дыбыстық әсері бар 10 000 дана патронды сақтауға рұқсат етіледі;

жекелеген жағдайларда, арнайы жабдықталған қойма алаңының, сондай-ақ азаматтық және қызметтік қару санының өзгеруіне байланысты оқ-дәрі мен патрондардың көрсетілген шекті саны азайтылады немесе көбейтіледі. Өзгерістер туралы ішкі істер органына хабарланады.

келісу хат жыл сайын еркін нысандағы жеке құжатпен ресімделеді, онда қару-жарак бөлмесінің алаңы және ондағы нақты болған қарудың, қосалқы бөлшектерінің, түрлері мен калибрлері бойынша патрондарының нақты саны көрсетіледі және сақталатын түрлері мен калибрлері бойынша патрондарды азайту немесе көбейту мүмкіндігі туралы тұжырым жасалады.

11) азаматтық және қызметтік қару саудасына лицензиясы бар заңды тұлға басшысының немесе қару мен патрондар саудасы бойынша мамандандырылған дүкен директорының бұйрығымен қару мен оның патрондарының сақталуына жауапты адам тағайындалады.

Ескерту. 132-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 30.11.2022 № 920 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

133. Қару мен патрондар сатылатын сауда залы мынадай талаптарға сәйкес жабдықталады:

1) мыналарды:

дәлдік қабілеті фото-бейне сурет бойынша адамды сәйкестендіруге мүмкіндік беретін ("күн-түн" үлгісіндегі) бейнебақылау камераларын;

кемінде 7 тәулік мерзімге дейін бейнеақпаратты сақтауға мүмкіндік беретін тиісті компьютерлік жабдықты қамтитын тәулік бойғы бейнебақылау жүйелерінің болуы;

2) орталықтандырылған бақылау пультіне жасырын сигнал беруге мүмкіндік беретін ұтқыр не стационарлық дабыл беру ("Дабыл түймелері") құралдарының болуы;

3) қару мен оның патрондары саудасы жөніндегі сауда залында экспонатталатын қарудың (суық қаруды қоспағанда) әрбір бірлігі атуға жарамсыз күйінде сөрелерде (стендтерде) орналастырылады, шүріппе тұтқа (бар болған кезде) арқылы қаруға қолжетімділікті шектеуге арналған қару құлпына бекітіледі;

4) атыс қаруының патрондары сөрелерге оқ-дәрі зарядынсыз қойылады және шынының астында тұрады;

5) сөрелерде тұрған қару жылдам атуды болдырмайтын күйге келтіріледі;

6) жасақталған патрондарды, капсюльдер мен оқ-дәріні сақтау үшін сөрелердің артына кемінде екі шкаф орнатылады. Оқ-дәріні капсюльдермен немесе жасақталған патрондармен бірге бір шкафта сақтауға тыйым салынады.

Оқ-дәрі сатып алушыға тапсыру үшін ғана сөрелерге капсюльдермен бірге қойылуы мүмкін;

7) терезе ойықтарындағы жапқыштарды қоспағанда, осы Қағидалардың 132-тармағының 4), 5) және 6) тармақшаларында көзделген талаптарға сәйкестігі;

8) жасақталған патрондарды, капсюльдер мен оқ-дәріні сақтауға арналған сауда залы мен шкафтар кілттерінің екі жиынтығының болуы;

кілттердің бір жиынтығы қару мен оның патрондарын сақтауға жауапты адамда, екіншісі - ұйым басшысында ұдайы болады;

арнайы жабдықталған қойманың, қару мен оның патрондары бар металл жәшіктердің (шкафтардың) кілттерін үстелдерде және бөгде адамдардың қолы жететін өзге де жерлерде қалдыруға рұқсат етілмейді;

9) осы Қағидалардың 132-тармағының 1), 2) және 8) тармақшаларында көзделген талаптарға сәйкес болуы. Сауда залы көрсетілген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда,

дүкенді жапқаннан кейін (жұмыс уақытынан тыс) сатып алу істер органдарының рұқсаттары бойынша жүзеге асырылатын қаруды, сондай-ақ қарудың патрондарын және оқ-дәріні онда қалдыруға жол берілмейді;

10) сауда залында витражды қоршаулар болған жағдайда, олар соққыға төзімді немесе шыныны тесуге төзімді материалдан жасалады, оққа төзімді шыны орнатуға жол беріледі;

11) қару мен патрондар саудасы жөніндегі сауда залы аңшылық дүкенінің ғимаратында, сатып алушылардың ол арқылы дүкеннің басқа үй-жайларына өтуіне жол бермейтін жерде орналасады.

Ескерту. 133-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 27.10.2020 № 739 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.11.2022 № 920 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

134. Қару-жарак бөлмесінде:

1) ішкі істер органдарында тіркелмеген қаруды;

2) заңды тұлғалар - жеткізушілердің, спорттвқ ұйымдардың, Орталықтардың, сондай-ақ ОСП қару-жарак бөлмелерінде сақтауды қоспағанда, тіркеуге жатпайтын қаруды.

Спорттық ұйымдардың, Орталықтардың қару-жарак бөлмелерінде қаруды белгіленген тиесілік нормаларына сәйкес сақтауға жол беріледі, сондай-ақ оқу-жаттығу жиындар мен спорт іс-шараларын жүргізу сәтінде АҚҚАБ бөліністеріне ақпаратты ұсына отырып, келетін делегацияның спорттық қаруларын спорттық объектілерде сақтауға жол беріледі;

3) ОСП сақтауды, сондай-ақ қару-жарак бөлмесінде уақытша сақтауды қоспағанда, жеке тұлғаларға тіркелген:

атыс тирі (атыс орын) және стендтер (атыс жүргізу кезеңінде);

аңшылық шаруашылығы, аңға шақырылған иелерінің қарулары (аңшылық кезеңінде)

4) техникалық реттеу саласындағы заңнамада белгіленген тәртіпте сертификаттаудан өтпеген қару мен патрондарды (Қазақстан Республикасының аумағында оны әкелгеннен кейін қаруды сертификаттау жүргізу шартында көрсетілген мерзімнен кейін);

5) нөмірсіз және таңбасыз қаруды, сондай-ақ таңбасыз және бастапқы орамда мемлекеттік стандарттың сәйкес келу белгісі жоқ патрондар;

6) тексеру атысынан өтпеген ойық ұңғылы атыс қаруы;

7) аңшылық үшін көздеуді қоспағанда, қаруға дыбыссыз ату және түнде көздеу (көздеу кешендері) құрылғылары;

8) Заңның 7-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында айналымға тыйым салынған қару мен патрондарды;

9) спорттық, аңшылық және балық аулау заттарын және қаруға қосалқы бөлшектерді (заңды тұлғалар - жеткізушілер үшін) қоспағанда, тауарлардың өзге де түрлері сатылатын үй-жайлардағы қару мен патрондарды;

10) сәйкестік сертификаты жоқ қаруға құрылымы ұқсас бұйымды;

11) заңды тұлғалардың - жеткізушілердің қару мен патрондарды тұрғын үйлерде (тұрғын ғимараттарда), ойын-сауық мекемелерінің, өзге де тауар түрлерімен сауда жасау жүзеге асырылатын сауда объектілерінің, білім беру, денсаулық сақтау және мәдениет ұйымдарының, спорт объектілерінің (атысты қоспағанда), қонақүйлердің, қоғамдық тамақтану объектілерінің, вокзалдардың, станциялардың, метрополитен желілерінің, порттардың, әуежайлардың, әуеайлақтардың аумақтарында қару мен оның патрондарын сақтау үшін үй-жайында сақтауға жол берілмейді.

135. Жеке тұлғалардың азаматтық қаруды сақтауы қару иесінің тұрғылықты жері бойынша мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) қару мен оның патрондары иелерінің тұрғылықты тұратын жерінде еденге немесе қабырғаға берік бекітілген, қабырғаларының қалыңдығы кемінде 3 мм болатын және есігінде ішкі құлпы бар металл шкафта (сейфте) сақталады. Қаруды тұрғын бөлмелердің қабырғаларына ілуге жол берілмейді.

2) қалалық елді мекендерде (республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар қалалар, сондай-ақ оларға әкімшілік бағынысты аумақтағы кенттер) азаматтық қару иесінің тұрақты тұратын жері (пәтер, жеке үй) электр желісіне және қосалқы электрмен қоректендіру көзіне тұрақты (тұрақты және қосалқы қоректендіру көзінің болуы) үй-жайларды күзетудің сертификатталған жүйесімен (дабыл сигналын меншік иесінің немесе оның отбасы мүшелерінің ұялы телефонына немесе күзет ұйымына беру мүмкіндігі бар сигнализация) жабдықталады.

Қару иесінің қалауы бойынша қаруды және оның патрондарын тікелей сақтау жүзеге асырылатын бөлмелерді немесе металл шкафты (сейфті) ғана сигнализациямен жабдықтауға жол беріледі.

Күзет сигнализациясының түрі мен типін қару иесі айқындайды;

Жеке тұлғаның қолында коллекциялық қару болса, оны сақтау орны оператор-фирмалардың орталық тандырылған бақылау пульттеріне шығатын сигнализация мен жабдықталады;

3) қару иесі ұзақ уақыт (бір айдан астам) болмаған кезеңде (іссапар, демалыс, емделу, әскери қызмет өткеру) қару иесінің тұрғылықты жері бойынша ішкі істер органдарына немесе ОСП қару уақытша сақтауға тапсырылуы қажет;

4) қарумен бірге оның патрондарын (азаматтық тегіс ұңғылы қарудың жалпы саны 500 данадан аспайтын, азаматтық ойық қарудың ойық қарудың әрбір бірлігіне 100 данадан аспайтын, газдық қарудың 50 данадан аспайтын патрондарын, 500 граммнан аспайтын аңшылық оқ-дәріні) сақтауға жол беріледі;

5) азаматтық қару иелеріне:

қалалық жерде тұратын азаматтық тегіс ұңғылы қарудың жалпы саны 500 данадан астам, бірақ 2000 данадан аспайтын патрондары осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларының талаптарын сақтай отырып, жеке металл шкафта (сейфте) сақталады ;

ауылдық жерде тұратын азаматтық тегіс ұңғылы қарудың жалпы саны 500 данадан астам, бірақ 2000 данадан аспайтын патрондары осы тармақтың 1) тармақшасының талаптарын сақтай отырып, жеке металл шкафта (сейфте) сақталады;

б) азаматтық қару мен оның патрондарын сақтау ішкі істер органдарының алдын ала жазбаша хабарламасынан кейін азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын орталықтандырылған сақтауға құқығына ішкі істер органдарының рұқсаты бар субъектілердің қару сақтауға арналған бөлмелерінде жол беріледі;

Осы Қағидалардың 120, 121 және 122 - тармақтарының тиісті талаптарына сәйкес 5 (бесеу) бірліктен артық коллекциялық қаруын сақтау арнайы жабдықталған үй-жайда жүзеге асырылады. Үй-жайдың болмауы жағдайында, көрсетілген санынан артық қару ОСП-да сақталады.

Қарудың иесі осы Қағидаларының 27, 28-қосымшаларына сәйкес ОСП-да қаруды сақтауға шарт жасағаннан кейін қаруды сақтауға шарттың көшірмесін қоса бере отырып, қарудың тіркелген орны бойынша аумақтық ішкі істер органдарына жазбаша хабарлайды.

Азаматтық және қызметтік қарулардың айналымына бақылауды жүзеге асыратын полиция қызметкері хабарлама алғаннан кейін келісімшарт нөмірін және оның қолданылу мерзімін көрсете отырып, қаруды сақтау орнын өзгерту туралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Біріктірілген деректер банкінің ақпараттық жүйесіне жазба енгізеді.

Бұдан әрі келісімшарт мерзімі аяқталғанға дейін қару мен оның патрондары иесінің тұрғылықты жерінде сақтау шарттарын сақтауды бақылау жүзеге асырылмайды.

Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін қарудың иесі оның қолданылу мерзімі ұзартылған жағдайда, қаруды тіркеу орны бойынша ішкі істер органына келісімшартты ұзарту үшін растайтын құжаттарды ұсына отырып, келісімшарт автоматты түрде ұзартылған жағдайда (келісімшартты автоматты түрде ұзартудың шарттары түпнұсқа шартта көрсетілген) растайтын құжаттармен жазбаша түрде хабарлайды.

Сақталған қарулар ОСП-нің әр тоқсан сайынғы тексеруі кезінде тексеріледі;

7) қаруға сатып алынған қосымша ауыспалы оқпанына қару иесінің тіркеу орны бойынша аумақтық ішкі істер органдарында сақтауға және алып жүруге жекелеген рұқсат ресімделеді;

8) мыналарға:

сейфте қарумен бірге бөгде заттарды (сақталатын қарудың алынатын және ауыстырылатын аксессуарларын қоспағанда), оның ішінде ақша купюраларын, бағалы

қағаздарды, зергерлік бұйымдарды, сондай-ақ сақтауға, сақтауға және алып жүруге рұқсаты жоқ қарудың басқа түрінің патрондарын сақтауға;

қаруды иесінің тұрақты тұратын жерінен тысқары жерлерде (жеке үй, пәтер, қонақ үй, дәліз, қызметтік кабинет, жертөледе, маусымдық уақытша үй-жайда, бақтағы, саяжайдағы үй, гараж, монша, балкон, лоджия, сарай, вагон, лашық, шатыр), сондай-ақ жатақханаларда (бір отбасының мүшелері жеке бөлмеде тұратын отбасылық жатақханаларды қоспағанда), уақытша вахталық үй-жайларда, жайылым учаскелерінде, фермерлік және шаруа қожалықтарында, туысқандарында, таныстарында сақтауға;

одан әрі пайдалануға жарамсыз жағдайда қаруды сақтауға;

өзге адамдар, оның ішінде туысқандар мен отбасы мүшелеріне қолжетімді жерлерде қаруы бар сейфтің кілттерін қалдыруға;

қаруды сақтауға немесе сақтауға және алып жүруге рұқсаты бар қару иелерінің бір сейфте қаруды бірлесіп сақтауына;

ішкі істер органдарында тіркелмеген, оның ішінде тіркелуге жатпайтын қаруды сақтауға жол берілмейді;

9) Азаматтық қаруды сақтау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 27 наурыздағы № 254 бұйрығымен бекітілген "Жеке және заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алуға, сақтауға, сақтау мен алып жүруге, тасымалдауға рұқсат беру" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20184 тіркелген) мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидалары тәртібінде қаруды сақтауға немесе сақтауға және алып жүруге ішкі істер органдарымен жүзеге асырылады;

10) тегіс ұзын ұңғылы атыс қаруын қоспағанда, белгі беру қаруын, пневматикалық қаруды, үрлемелі қуаты 7,5 Дж-дан аспайтындарын және калибрі 4,5 миллиметрге дейінгілерін қоса алғанда, конструкциясы жағынан қаруға ұқсас бұйымдарды, өзін-өзі қорғау қаруын сақтау үй-жайларда орналасқан, құлыппен жабылатын, металдан, ағаштан немесе пластикадан жасалған шкафтарда (бұл ретте ағаштан немесе пластикадан жасалған шкафтардың қабырғаларының қалыңдығы 5 мм. кем емес) жүзеге асырылады және шкафтарға рұқсаты тек қару иесінде болуы тиіс.

Ескерту. 135-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 28.07.2021 № 444 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 30.11.2022 № 920 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

136. Азаматтық және қызметтік қаруды және патрондарды орталықтандырылған сақтау, есепке алу, қабылдау және беру тәртібі.

1) заңды тұлғалардың қаруы ОСП-ға (қызметтік міндеттерін атқару кезінде пайдаланылатын қызметтік қаруды қоспағанда), оқ атуға жарамсыз күйде жинақталмаған түрде сақтауға беріледі, оқ атуға тікелей қатысатын қарудың негізгі (

құрамдас) бөліктері тіркеу орны бойынша аумақтық ішкі істер органына ұсынылғаннан кейін заңды тұлғаларда сақталады заңды тұлға арасында оны сақтауға арналған осы Қағидаларға 27, 28-қосымшаларға сәйкес шарт негізінде қару, орталықтандырылған сақтауды жүзеге асыратын және қару иесі.

ОСП сақтауға беру қарудың тіркеу орны бойынша аумақтық ішкі істер органына орталықтандырылған сақтауды жүзеге асыратын заңды тұлға және қару иесі арасында оны сақтауға келісімшартын осы Қағиданың 27, 28 қосымшаларына сәйкес ұсынғаннан кейін жүзеге асырылады.

Тұрғылықты жерін ауыстыру кезінде қару иесі қару тіркелген қару иесінің бұрынғы тұрғылықты жері бойынша азаматтық және қызметтік қару айналымын бақылау жөніндегі аумақтық бөлінісіне қару иесінің жаңа тұрғылықты жері бойынша орналасқан ОСП-мен жасалған алдын ала келісімшартты ұсынады (Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 390-бабы);

Ескертпе: атуға жарамсыз күйге келтіру мақсаттары үшін қаруды атуға жарамсыз ететін арнайы бекіткіштерді орнатуға жол беріледі;

2) азаматтық және қызметтік қаруды және патрондарды орталықтандырылған сақтау:

меншік құқығында немесе жалға алған қару мен патрондарды сақтау үшін үй-жайы;

ОСП үй-жайына рұқсаты бар ОСП қызмет көрсететін персоналы болған жағдайда ішкі істер органдарында азаматтық және қызметтік қаруға рұқсатты алған арнайы құрған заңды тұлғалар жүзеге асырады.

Ескертпе: ОСП қызметкерлері ауысқан немесе қосымша қызметкерлерді алған жағдайда жаңа қызметкерлердің тізімі тексеру үшін ішкі істер органдарына қаруды сақтауға рұқсатты қайта ресімдеусіз жолданады.

Заңның 19-бабының талаптарына сәйкес келмейтін, қаруды иеленуге медициналық қарсы көрсеткіштері бар, қаруды қауіпсіз пайдалану қағидаларын білуге тексеруден өтпеген адамдар ОСП-да жұмысқа жіберілмейді;

3) қару мен оның патрондарын қабылдау, есепке алу, сақтау және сақталуы бойынша жұмысты ұйымдастыру үшін заңды тұлға басшысының бұйрығымен қару мен оның патрондарын сақтау және сақталуы үшін жауапты тағайындалады;

4) ОСП-да Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып, табылған немесе берілген атыс қару мен патрондарын сақтауға жол берілмейді Осындай қару мен патрондар ішкі істер органдарына дереу берілуге жатады;

5) азаматтық және қызметтік қаруды ОСП-ға берген кезде орталықтандырылған сақтауды жүзеге асыратын заңды тұлға мен қару иесі арасында осы Қағидалардың 27, 28-қосымшаларына сәйкес үш данада қаруды сақтауға және қабылдау актісіне (бұдан әрі-Акт) сәйкес шарт жасалады. Актінің бірінші данасы қару иесіне беріледі, актінің

екінші данасы жазбаша хабарлау кезінде қаруды тіркеу орны бойынша аумақтық ішкі істер органына беріледі, актінің үшінші данасы қару мен патрондарды орталықтандырылған сақтауды жүзеге асыратын заңды тұлғада сақталады.

Жеке немесе заңды тұлға азаматтық және қызметтік қаруды және оның патрондарын сақтауға арналған шартты бұзған жағдайда ОСП бір жұмыс күні ішінде қаруды тіркеу орны бойынша аумақтық ішкі істер органын жазбаша хабардар етеді;

5-1) осы Қағидаларға 31-қосымшаға сәйкес ОСП-ға сақтауға қабылданған азаматтық және қызметтік қаруды есепке алу журналы, осы Қағидаларға 31-қосымшасына сәйкес ОСП-дан азаматтық және қызметтік қаруды беруді/алуды есепке алу журналы, осы Қағидаларға 32-қосымшаға сәйкес ОСП-ға сақтауға қабылданған азаматтық және қызметтік қарудың патрондарын есепке алу журналы және осы Қағидаларға 33-қосымшасына сәйкес ОСП-дан азаматтық және қызметтік қарудың патрондарын беруді/алуды есепке алу журналы жүргізіледі, осы Қағидаларға 34-қосымшасына сәйкес ол журналдардың парақтары нөмірленеді, тігіледі және аумақтық ішкі істер органдарының "Лицензиялау-рұқсат жүйесі" деген бедерімен арнайы мөрмен мөрленеді;

6) ОСП қару-жарак бөлмесі осы Қағидалардың 120-тармағының талаптарына сәйкес жабдықталады;

7) қару мен патрондар оқталмаған жай-күйде жеке нөмірленген бөлікте (орындарда) (әрбір қарудың иесі үшін) сақталады.

Қару-жарак бөлмелерінде оңтайлы температуралық режим және металдың тотығуын және оқ-дәрінің бүлінуін болдырмайтын қару мен патрондарды сақтау үшін ылғалдылық орнатылады;

8) ОСП қару және патрондарды бақылау, оғын алып тастау (тазалау), қабылдау (беру), тапсыру (алу) үшін орындармен қосымша жабдықталады.

ОСП-ға кіру үшін ОСП клиенттері үшін және ОСП қызмет көрсететін персонал үшін металдың қалыңдығы кемінде 3 мм екі металдан жасалған есіктер жеке жабдықталады;

9) ОСП барлық үй-жайлары оператор-фирмалары мен ішкі істер органдарының кезекші бөлімдері арасында орнықты байланыс орната отырып, оператор-фирмалардың орталықтандырылған бақылау пультіне бейнесуретті шығара отырып, бейнебақылау жүйелерімен жабдықталады;

10) қару мен патрондарды беру орны қарудың қабылдау (беру), оғын алып тастау процесін бақылау үшін орталықтандырылған бақылау пультіне жасырын сигнал беруге мүмкіндік беретін телефон немесе радио байланыспен ұтқыр не стационарлық дабыл беру ("Дабыл түймелері") жабдықтарымен жабдықталады.

Бөлмеде жеке және заңды тұлғалардан қару мен патрондарды қабылдау және беру тәртібін регламенттейтін толық нұсқаулығы бар.

Қару мен патрондарды қабылдау/берудің кіретін есігі және бөлмеге (үй-жай) есік қалыңдығы 3 мм жалпақ металдан дайындалады және ішкі құлыппен жабдықталады, кіретін есіктің сыртқы жағына мемлекеттік және орыс тілдерінде "Бөгде адамдарға кіруге тыйым салынады" деген жазба болады;

11) қарудың оғын алып тастау (тазалау) үшін орын қару мен патрондарды беру (алу) бөлмесіне іргелес бөлмеде орналасады және:

оққабылдағышпен, қаруды тазалау үшін үстелмен, ескі заттары бар жәшікпен және қаруды майлайтын сыйымдылықпен;

бөлмеде қарудың материалдық бөлік бойынша плакаттар ілінеді, қаруды пайдаланған кезде қауіпсіздік шаралары жөніндегі нұсқаулық, қаруды бөлшектеу және жинау қағидалары туралы жадынама, қаруды тазалау кестесі ілінеді;

қару мен патрондарды тапсыру (алу) бөлмесінен кіретін есік ішкі құлыппен жабдықталады;

қарудан оқты алу (тазалау) үшін бөлмені оны тапсыру үшін бөлменің бір үй-жайда болуына жол беріледі;

терезенің болуына жол берілмейді;

12) оққабылдағыш, қаруды оқтағанда немесе оқсыздандырған кезде адамдар оқ тиетін жаққа тап болмайтын бос қабырғаға орнатылады. Оққабылдағышта (кеуде тұсы биіктігінде) мемлекеттік және орыс тілінде "қаруды оқтаған-оқсыздандырған кезде осы жаққа бағытта" деген жазба жазылады.

Оққабылдағыш қабырғадан 200 мм қашықтықта, қабырғаның төбесіне дейін, ені бір метрден кем емес тақтайдан немесе он қабат фанерадан жасалады. Қабырға мен ағаш қалқанның арасы құммен толтырылады. Оққабылдағышпен бірге барлық ені бойынша үстел орнатылады. Ішкі істер органдарының келісумен, оққабылдағыштың басқа конструкциясын жасауға рұқсат етіледі;

13) қару мен патрондарды қабылдау (беру) бөлмелері мыналармен жабдықталады:

ішкі жағынан құлып салынатын, қалыңдығы кемінде 3 мм темір табақтан жасалған қару мен патрондарды қабылдап алуға (беруге) арналған тереземен;

жасырын дабыл сигналын беру мүмкіндігі бар мобильді не стационарлық ("Дабыл түймесі") және ОСП-ның барлық есіктерін бұғаттайтын құралдармен;

қару мен патрондарды қабылдау терезесінің алдына нақты уақыт режимін көрсететін мүмкіндігі бар бейнебақылау монитормен;

байланыс (мобильді немесе радио) құралдарымен;

есік қалыңдығы кемінде 3 мм металдан жасалады және ішкі құлыппен жабдықталады;

14) қару мен патрондарды тапсыру (қабылдап алу) бөлмесі (орны) қару мен патрондарды қабылдау (беру) бөлмесімен іргелес орналастырылады және қару мен патрондарды қабылдау (беру) ортақ терезесі және ОСП-ға және оқсыздандыру бөлмесіне кіретін екі металл есігі болады.

Кіретін есіктің қалыңдығы кемінде 3мм темір қаңылтырдан жасалады және ішкі құлыппен (бірі бақылау бөлмесінен электронды ашып (жабу) мүмкіндігі бар) жабдықталады;

15) Шартты ОСП-да сақталатын қарудың иесі ұзартпаған жағдайда қару мен патрондар ішкі істер органдарына беріледі.

ОСП-да сақталатын қару иесі қайтыс болған немесе қайтыс болған қару иесін ОСП-ға тапсырған жағдайда, оның мүлкіне билік етуге құқығы бар отбасы мүшелері ОСП-ға өлімді растайтын құжаттарды (қайтыс болу туралы куәлікті) және қайтыс болған адамның мүлкіне билік ету құқығын ұсынады. Олардың негізінде шарт жасалады. Сақтау қаруды басқа адамға қайта тіркегенге дейін жүзеге асырылады;

16) қару иесінде қару мен патрондарды сақтау, сақтау мен алып жүру рұқсаты және жеке басын куәландыратын құжаты болған кезде қару мен патрондарды қабылдауды (беруді) жүзеге асырады.

Заңды тұлға қару мен патрондарды тапсырған кезде қаруды сақтауға рұқсатта көрсетілген жауапты адам тапсырады.

Қаруды сақтау, сақтау және алып жүруге рұқсатында көрсетілген қару түрлеріне сәйкес келмейтін патрондарды қабылдауға жол берілмейді.

Қаруды үшінші адамға беру сот шешімі, қаруды алып қою туралы анықтау органының қаулысы болған кезде аумақтық ішкі істер органының азаматтық және қызметтік қару айналымына бақылауды жүзеге асыратын қызметкері және қару иесінің қатысуымен мүмкін болады.

17) қару мен патрондарды тапсыру (қабылдап алу) бөлмесіне қару-жарақ заттарын тапсыру үшін жеке тұлғалар үшін - кемінде бір адам, заңды тұлғалар үшін - кемінде екі адам болуға жол беріледі;

18) қару мен патрондарды қабылдау және беру жұмыстарын жүзеге асыратын ОСП персоналы жұмысқа ішкі істер органдарының тиісті тексерісінен өткеннен кейін жіберіледі;

19) ОСП үздіксіз электр қоректену жүйелерімен жабдықталады.

Ескерту. 136-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 27.10.2020 № 739 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.11.2022 № 920 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

12-тарау. Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын жөндеу тәртібі

137. Азаматтық және қызметтік қаруды жөндеу лицензияланатын қызмет түрі болып табылады.

138. Қару-жарақ жөндеу шеберханаларында қаруды сақтау, осы Қағидалардың 120-тармағында баяндалған талаптарға сәйкес келетін арнайы жабдықталған үй-жайлары болған жағдайда жол беріледі.

139. Қаруды (оның ішінде аңшылық қарулар) жөндеуге қабылдау:

1) азаматтардан - қаруды сақтауға, сақтауға және алып жүруге ішкі істер органы берген рұқсаты және жеке куәлігі болған жағдайда;

2) ұйымдардан - қаруды сақтауға жауапты адамда ішкі істер органы берген қаруды сақтауға рұқсаты, ұйым басшысының ілеспе хаты, сенім хат және жеке басын куәландыратын құжат болған жағдайда жүргізіледі.

Ескертпе. Жөндеуге тіркелмеген қаруды тапсырған жағдайда шеберхана әкімшілігі қаруды тапсырған адам туралы дереу ішкі істер органына хабарлайды.

140. Жөндегеннен кейін қару-жарақ шеберханасынан қаруды беру:

1) азаматтарға - шеберхана түбіртегі, қаруды сақтауға, сақтауға және алып жүруге ішкі істер органының рұқсаты және жеке басын куәландыратын құжаты болған жағдайда;

2) ұйым өкілдеріне - шеберхана түбіртегі, қаруды сақтауға ішкі істер органының рұқсаты, сенім хат және жеке басын куәландыратын құжат болған жағдайда жүргізіледі

Ескертпе. Ойық ұңғылы қарудың із қалдыратын бөлігін жөндеген кезде, бақылау атыс жүргізу үшін ішкі істер органына хабар береді.

141. Түбіртекте көрсетілген тапсырыс мерзімі өткеннен кейін отыз күн ішінде жөндеуге қаруын тапсырған қару иесі немесе ұйым өкілі келмеген жағдайда, тиісті тексеру жұмыстарын жүргізу үшін қару аумақтық ішкі істер органдарына тапсырылады

142. Мыналарға:

1) азаматтық немесе қызметтік қарудың балистикалық және көрсетілген қарудың өзге де техникалық сипаттамасының өзгеруіне әкеп соғатын конструктивтік қайта жасауға;

2) жабық тирлерде және спорттық атыс алаңдарынан (арнайы оқ қабылдағыш құрылғылары бар) тысқары жерде, сондай-ақ азаматтық және қызметтік қаруды жөндеуге лицензиялары жоқ адамадарға қаруды атуға;

3) азаматтық және қызметтік қаруды жөндеуге лицензиялары жоқ үшінші адамдарға қаруды тазалауға, бұзуға, жинауға, қаруға техникалық қызмет көрсетуге жол берілмейді.

13-тарау. Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын алып жүру және пайдалану тәртібі

143. Қаруды алып жүру қарудың нақты түрлеріне, типтеріне және модельдеріне ішкі істер органы берген рұқсат және қару иесінің немесе пайдаланушының жеке басын куәландыратын құжат негізінде жүзеге асырылады:

1) мемлекеттік органның атыс қаруын сақтау мен алып жүруге құқығы бар лауазымды адамдары;

2) қызметтік міндеттерін орындау кезінде - ерекше жарғылық міндеттері бар заңды тұлғалардың қызметкерлері;

3) облыстық атқарушы органның орман шаруашылықтарының мемлекеттік қызметкерлері;

4) Қазақстан Республикасының азаматтары - аң аулау кезінде, спорттық іс-шаралар, оқу-жаттығу атысын өткізу кезінде;

5) марапаттау қаруы бар адамдар - марапатталған қаруды сақтау мен алып жүруге рұқсаты негізінде.

Шетелдіктер өздеріне тиесілі қаруды аң аулауды жүргізу орындарында, спорттық жарыс немесе оқу-жаттығу атыс өткізу кезінде пайдалануға жол беріледі.

Қызметтік, азаматтық спорттық қаруды сақтауға жалпы рұқсат қару-жарақ бөлмесі орналасқан мекенжай бойынша тіркелген барлық қаруларға беріледі.

Ескерту. 143-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 27.10.2020 № 739 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

144. Ұзын ұңғылы қызметтік қару қабынан алынып, оқжатар немесе барабаны оқталған, тежегішке қойылған күйінде алып жүреді, ал қысқа ұңғылы атыс қаруы - осы сияқты түрде, тек қызмет өткеру кезінде қабында болады.

Патронды оқтамаға жолдау тек қаруды пайдалану қажет болған кезде не қажетті қорғаныс немесе аса қажеттілік жағдайында өмірді, денсаулықты және мүлікті қорғау кезінде рұқсат етіледі.

145. Ерекше жарғылық міндеттері бар ұйымдардың қызметкерлері табиғатты, табиғи ресурстарды, мүлікті қорғау, арнайы хат-хабарларды мен жөнелтілімдерді жеткізу, құнды қағаздарды және ақша купюраларын инкассациялауды жүзеге асыру, адам өмірі мен денсаулығын және өзін-өзі қорғау бойынша заңнамамен оларға жүктелген міндеттерді орындау кезінде қызметтік қаруды пайдалануға құқықтары бар.

146. Қызметтік қаруды қолданар алдында, ол туралы оны қарсы қолданатын адамға алдын ала нақты ескертіледі.

147. Қызметтік қарудың қолданған барлық жағдайларында айналадағы азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, зардап шеккендерге шұғыл медициналық көмек көрсетуге, ішкі істер органдары мен прокуратураға хабарлама беру үшін қажетті шаралар қабылдайды;

148. Заңды тұлғалардың қызметкерлері қызметтік қаруды заңды тұлға басшылары бекіткен лауазымдық нұсқаулықтарына сәйкес қызметтік міндеттерін өткеру кезінде осы Қағидалардың талаптарына сәйкес пайдаланады.

149. Спорттық қаруды алып жүру және қолдану тәртібі Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 28 шілдедегі №

203 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33185 болып тіркелген) спортпен шұғылдану кезінде және оқу мақсатында қаруды қолдану қағидаларының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Азаматтық спорттық қаруды тек атыс тирлерінде (атыс орындарында) және стендтерінде қолдануға рұқсат етіледі.

Атыс спортын танымал ету, оқу және даярлау жаттығуларын өткізу мақсатында үрлемелі қуаты 7,5 Дж аспайтын және калибрі 4,5 дейінгі пневматикалық қаруды жарақатты болдырмайтын күзетілетін аумақта - ашық стадиондарда, саяжай аймақтарында, сондай-ақ алаңдарда атыс нұсқаушысы немесе оқытушы басшылығымен пайдалануға рұқсат етіледі.

Спорттық жарыс кезінде оқу-жаттығу (даярлық) мақсатында жұмсалған патрондар таратылым ведомостін қоса бере отырып, акті бойынша есептен шығарылады. Акті атыс жүргізілген кейінгі келесі күннен кешіктірілмей жасалады, оны ұйым басшысы бекітеді және қаруды сақтауға жауапты адамда сақталады. Қаруды есепке алу кітабында патрондарды есептен шығару туралы тиісті белгілер қойылады.

Дыбыстық белгі беру үшін пайдаланатын азаматтық белгі беру қаруын тек спорттық нысандарда пайдалануға рұқсат етіледі.

Ескерту. 149-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 08.08.2023 № 625 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

150. Аң аулау кезінде қаруды алып жүру және пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушысының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-03/157 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11091 болып тіркелген) бекітілген Аң аулау қағидаларының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

151. Қазақстан Республикасының азаматтарына қажетті қорғаныс немесе аса қажеттілік жағдайында өмірді, денсаулықты және мүлікті қорғау үшін өздерінің заңды сақталуындағы қаруды қолдануға жол беріледі. Қаруды қолдануға кешіктіру адамдардың өміріне қауіп төнсе немесе басқа да ауыр зардаптарға соқтыруы мүмкін жағдайларды қоспағанда, қаруды қарсы қолданатын адамға алдын-ала нақты ескерту беріледі. Бұл ретте қаруды қажетті қорғаныс жағдайында қолданған кезде үшінші адамға зияны тимеуі тиіс.

152. Қарудың, оқсыз атылатын қарудың көшірмелерін (реплика), сондай-ақ мәдени құндылығы бар қаруды алып жүруге өткізілетін іс-шаралардың өткізілуі мәдениет саласындағы және азаматтық, қызметтік қару айналымын бақылау саласындағы уәкілетті орган келісілген жағдайда азаматтардың атқарушы билік органдары, музейлер, мемлекеттік немесе қоғамдық мәдени-ағартушы ұйымдардың және одақтардың тарихи және мәдени іс-шараларға қатысу кезінде тарихи ұлттық костюмдермен ғана алып жүруге рұқсат етіледі.

Ескерту. 152-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 30.11.2022 № 920 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

153. Азаматтық және қызметтік қару иелері мен пайдаланушылары қаруды қауіпсіз ұстаудың белгіленген қағидаларын орындайды.

154. Мыналарға:

1) қаруды тасымалдау және пайдалануға:

жеткізіп беруші заңды тұлғалардың сатылымындағы;

есірткіге немесе алкогольді мас күйінде;

техникалық ақаулары бар қару мен патрондар, сондай-ақ қаруды зерделеу және сынақ жұмыстарын жүргізуді не техникалық ақауларын тексеруді қоспағанда, сақтау немесе пайдалану мерзімі өтіп кеткен механикалық тозаңдатқыштар, көзден жас ағызатын немесе тітіркендіргіш заттармен жарақталған аэрозолды және басқа да құрылғыларды жол берілмейді;

2) қаруды алып жүруге:

ішкі істер органында тіркелмеген, оның ішінде тіркеуге жатпайтын үрмелі қуаты 7,5 Дж аспайтын және калибрі 4,5 дейінгі қоса алғандағы пневматикалық қаруды, қоғамдық орындарда ашық (қапсыз) түрде;

атыс қаруынан жасалған массалық-габаритік макеттерді;

осы Қағидалардың 152-тармағының талаптарын сақтамай, оқсыз атылатын қару;

митингке, көше шерулеріне, демонстарцияларға, пикеттерге және басқа да көпшілік шоғырланған қоғамдық іс-шараларға қатысушы - азаматтарға;

қоғамдық орындарда ашық түрде (қапсыз);

ұлттық костюмнің жарағы ретінде рұқсатсыз алып жүруге жол берілмейді;

3) қаруды:

әйелдерге, мүгедектік нышандары айқын адамдарға, жас шамасы айқын немесе белгілі кәмелетке толмағандар топтасып және (немесе) қарулы шабуыл (зорлық-зомбылық) жасаған жағдайлардан басқа кезде оларға қарсы қолдануға;

атыс, газды, электрлі қаруды (қорғаныс жағдайларын қоспағанда), пневматикалық және лақтырылатын қаруды елді мекенде және сол үшін белгіленбеген жерде қолдануға жол берілмейді.

Ескерту. 154-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 30.11.2022 № 920 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

155. Өзін-өзі қорғау мақсатында қаруды қолданудың әрбір жағдайы бойынша қару иесі дереу, тәуліктен кешіктірмей, қару қолданған жері бойынша ішкі істер органына хабарлайды.

156. Азаматтық және қызметтік қаруды алып жүру және қолдану қағидаларын зерделеуді қару айналымын бақылау саласындағы уәкілетті орган бекіткен өлшемшарттарға сәйкес келетін Орталықтарда өтеді.

Қылмыс жасағаны үшін белгіленген заң тәртібінде алынбаған немесе мерзімі өтпеген соттылығы бар, қаруды ұстауға медициналық қарсы көрсетпелері бар адамдарға қаруды пайдаланумен сабақтарға қатысуға жол берілмейді.

Азаматтық және қызметтік қару иелері мен пайдаланушылары Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" 2014 жылғы 5 шілдедегі Кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 436-бабы бірінші бөлігінде, 484-бабы бірінші бөлігінде, 485-бабы бірінші бөлігінде, 486-бабы бірінші бөлігінде көзделген құқық бұзушылық жасаған үшін азаматтық және қызметтік қаруды қауіпсіз ұстау қағидаларын білуін тексеру үшін сынақ тапсыруға жолданады.

Азаматтық және қызметтік қаруды қауіпсіз ұстау қағидаларын білуіне тексеруге жолдау туралы қаулыны осы Қағидаларға 24-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Кодекстің көрсетілген баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайтын уәкілетті органы (лауазымды адам) шығарады.

Азаматтық және қызметтік қаруды қауіпсіз ұстау қағидаларының білуін тексеруге азаматтық және қызметтік қарудың иелері және (немесе) пайдаланушыларын жолдау туралы қаулы алған күннен бастап екі ай ішінде азаматтық және қызметтік қаруды қауіпсіз ұстау қағидаларын білуін тексеру үшін сынақ тапсырмаған адамдардың қарудың сақталуын немесе сақтау және алып жүруге рұқсаттарының әрекет етуі осы Қағидаларға 25-қосымшаға сәйкес нысан бойынша алдын ала тоқтатусыз күшін жояды.

14-тарау. Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын тасымалдау тәртібі

157. Қару айналымы саласындағы айналысатын заңды тұлғалар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтары азаматтық және қызметтік қаруды тасымалдауды ішкі істер органдары беретін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 2018 жылғы 19 ақпандағы № 133 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша рұқсат қағазы бойынша жүзеге асырылады (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16733 болып тіркелген).

Тасымалдау рұқсатының жарамдылық мерзімі қосарланған тасымалдауларды ескере отырып, қару мен патрондарды межеленген орынға жеткізуге қажетті нақты уақыт есебінен белгіленеді, бірақ бір айдан кем емес.

Спорттық қарулар мен ның патрондарын тасымалдауға рұқсат спорттық іс-шараны, оқу-жаттығу жиындарын өткізу туралы бұйрыққа не ережелерге сәйкес спорттық ұйымның сұраған барлық мерзіміне ішкі істер органы береді және ол Қазақстан Республикасының барлық аумағында әрекет етеді, спорттық қаруды сақтауға және алып жүруге рұқсаты бар жеке тұлғалар Қазақстан Республикасы аумағы шегінде қосымша тасымалдауға рұқсат талап етілмейді.

158. Ішкі істер органдарынан қаруды тасымалдауға рұқсат алу үшін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 27 наурыздағы № 254 бұйрығымен бекітілген "Жеке және заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алуға, сақтауға, сақтау мен алып жүруге, тасымалдауға рұқсат беру" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20184 тіркелген) мемлекеттік көрсетілетін қызмет Қағидаларының талаптарына сәйкес құжаттар ұсынылады.

Ескерту. 158-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 27.10.2020 № 739 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

159. Қару мен патрондарды тасымалдау үшін заңды тұлғалар:

1) қауіпті жүктерді тасымалдауға қойылатын талаптарға сәйкес көлік құралын жабдықтайды;

2) бұйрықпен тасымалдауға жауапты адамды тағайындайды, саны төрт бірліктен артық атыс қаруын немесе 1000 данадан артық патрондарды құрамында екі адамнан кем емес атыс қаруымен қаруланған күзетпен ілесіп жүруді қамтамасыз етеді;

3) қару мен патрондарды зауытта шығарылған қорапта не заңды тұлғаның - қару иесінің мөрімен немесе пломбасымен бекітілген арнайы құтыда тасымалдайды.

Қару оқталмаған күйінде патрондардан бөлек тасымалданады.

Қаруды немесе патрондардың партиясын тасымалдау қауіпті жүктерді тасымалдайтын көлік құралдарының конструкциясына, жабдықталуына және техникалық жай-күйіне өндіруші зауыттың конструкциялық-техникалық сипаттамаларына және Қазақстан Республикасының стандартау бойынша нормативтік құжаттарына сәйкес арнайы жабдықталған, техникалық ақауы жоқ көлік құралдарымен жүзеге асырылады, жүкті визуалды түрде көзбен көріп байқау және оған бөтен тұлғалардың еркін кіру мүмкіндігіне тыйым салынады.

Аңшылық оқ-дәріні, жарақталған патрондарды Қазақстан Республикасының аумағында автомобиль көлігімен тасымалдау автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті орган бекіткен Қауіпті жүктерді автомобиль көлігімен тасымалдау қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Қаруды, аңшылық оқ-дәріні, жарақталған патрондарды өзге тауарлармен тасымалдауға жол берілмейді.

Жеткізуші заңды тұлғаларға қаруды, аңшылық оқ-дәріні, жарақталған патрондарды спорт тауарларымен, аңшылық және балық аулау заттарымен бірлесіп тасымалдауға жол беріледі.

Қаруды, аңшылық оқ-дәріні, жарақталған патрондарды тасымалдау кезінде жол бойы ыдысты ашуға жол берілмейді.

Қаруды, аңшылық оқ-дәріні, жарақталған патрондарды жеткізуге шарт (келісімшарт) болған жағдайда жеткізуші заңды тұлғаларға жеткізуші заңды тұлғаның (сатып алушының) күзетілетін аумағында ыдыстарды аушға жол беріледі.

160. Қару мен патрондарды екіден астам автомашинамен колоннамен тасымалдаған жағдайда оларды күзетуді арнайы бөлінген көлік құралында келе жатқан атыс қаруымен қаруланған саны кемінде 3 адам ілесіп жүретін топпен қамтамасыз етіледі.

161 Қару мен патрондарды тасымалдап келе жатқан көлік құралының ашылу, ыдыстың зақымдану, мөр бедерінің немесе таңбасының бұзылу белгіленген анықтаған жағдайда қаруланған күзеттің басшысы ол туралы ішкі істер органдарына дереу хабарлайды, актіні жасайды, болған оқиғаның себептерін анықтау бойынша қажетті шаралар қабылдайды және оқиға орнын күзетілуін қамтамасыз етеді.

162. Жүкке ілесіп жүрген қызметкерлері мақастты пунктке келгеннен және жүкті күзетумен байланысты жұмысы аяқталғаннан кейін қызметтік қарадуы жүкті қабылдаған ұйымның қару-жарақ бөлмесіне немесе жергілікті ішкі істер органына уақытша тапсырады.

163. Жарақталған патрондар, оқ-дәрі қол жүгі ретінде темір жол, су көлігімен мынадай салмақтан аспайтын мөлшерде тасымалданады:

- 1) атыс қаруының жарақталған патрондары - 10 кг;
- 2) түтінсіз оқ-дәрі - 10 кг;
- 3) түтінді оқ-дәрі бұйымдары - 5 кг;
- 4) түтінді оқ-дәрі - 5 кг.

Ескертпе: қол жүгін тасымалдауға берілген рұқсатта жүктің нетто салмағы ғана көрсетіледі (металл гильзалар, ыдыстар жүктің салмағына кірмейді).

Автомобиль көлігімен тасымалдауға рұқсатсыз оқ-дәрі 50 кг аспайтын, жарақталған патрондар 300 кг дейін тасымалданады, бұл ретте, ұйым басшысы тасымалдауға жауапты адамды тағайындайды және жол бойында қарулы күзетпен қамтамасыз етеді (күзет қызметін көрсету жөніндегі шарт). Спорттық қаруды және спорт патрондарын автомобиль көлігімен тасымалдаған жағдайда жауапты адамның (егер қожайыны заңды тұлға болса) не қару иесінің ілесіп жүруімен тасымалдауға жол беріледі (егер иесі жеке тұлға болса), қарулы күзет осы жағдайда қажет емес.

Көрсетілген салмақтан асып кеткен жағдайда, оқ-дәрі мен жарақталған патрондарды тасымалдау автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті орган бекіткен Автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдау қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

Ескертпе. Тасымалдау АҚҚАБ жүзеге асыратын бөлімшеге ресми түрде хабарланғаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

164. Спорттық қаруларды тасымалдау кезінде қарулар мен патрондарды тасымалдауға жауапты спорт ұйымның лауазымды адамдары жарыс немесе оқу-жаттығу жиындары өткізілетін пунктке келгеннен кейін жарсыты немесе жиынды өткізу орны бойынша арнайы жабдықталған үй-жайға тасымалдау құқығына рұқсатпен

бірге өздерімен әкелген қару мен оның патрондарын уақытқа сақтауға дереу тапсырады

Спорттық қаруды әкелуге рұқсатты өтініш иесінде:

1) жарыстың ережесі (регламенті), спорттық іс-шараны өткізу туралы шақыру немесе келісімшарт;

2) атыс тирінің, атыс алаңының және стендтің жұмыс істеуіне, спорттық іс-шараны өткізу орнына рұқсат берілгенін растау құжаты;

Спорттық-атыс объектісінің қару-жарақ бөлмесінде (қоймасында) келісімшарт негізінде сақталатын Қазақстан Республикасының азаматтарына тиесілі спорттық атыс қаруын тасымалдауды осындай қаруды сақтайтын спорттық ұйым не қару иесі жүзеге асырады.

165. Қазақстан Республикасының аумағы бойынша қаруды мен патрондарды тасымалдауды қару иесіне ішкі істер органдары беретін тасымалдауға рұқсаттар негізінде жарғысында қару мен патрондарды тасымалдау бойынша қызмет көрсету көзделген (бұдан әрі - тасымалдаушылар) заңды тұлғалар шартты негізде жол беріледі.

166. Тасымалдаушылар қару мен патрондарды тасымалдау туралы шартты джасағаннан кейін осы тарауда көзделген талаптарды ескере отырып, қару мен патрондарды тасымалдайды.

167. Кедендік режимге орналастырылған қару мен патрондар кеден органдары мөрлеген немесе таңбалаған арнайы ыдыста не көлік құралдарымен тасымалданып, әкелінеді.

168. Ішкі істер органдарының рұқсатынсыз қару мен патрондарды тасымалдауды:

1) Қазақстан Республикасы субъектілерінің аумағынан тыс жерде заңды және жеке тұлғалар, осы қару мен патронлар есепке қойылған ішкі істер органдары (осы тарауда белгіленген тасымаодау бойынша талаптарды сақтаған жағдайда);

2) қаруды сақтауға және алып жүруге ішкі істер органдарының рұқсаты негізінде аңшылыққа және спорт жарыстарына қатысу үшін спортты, және аңшылық қару заңды негіздерде бар Қазақстан Республикасының азаматтары;

3) алып жүру құқығынсыз өзін-өзі қорғау мақсатында заңды негіздерде сатып алған атыс тегіс ұңғылы ұзын оқпанды қаруы бар Қазақстан Республикасының азаматтары;

4) ішкі істер органдарында тіркелуге жатпайтын бір бірліктен көп болмаған жағдайда жүзеге асырады.

169. Қару мен патрондады тасымалдауға кедергі болатын мән-жайлар туындаған жағдай жақын орналасқан ішкі істер органына уақытша сақтауға тапсырылады.

170. Қазақстан Республикасының азаматтары саны кемінде 4 бірлік қару және 1000 данадан аспайтын патронды сақтаулына немесе сақтауға және алып жүругер рұқсаттарда көрсетілген қарудың түрлеріне, типтеріне және модельдеріне сәйкес

келетін тасымалданатын қару мен патрондардың сақталуына немесе сақтауға және алып жүруге ішкі істер органдарының рұқсаттары негізінде тасымалдауды жүзеге асырады.

Қаруды оларды сатып алуға рұқсаттар (оны сатып алғаннан кейін қаруды тасымалдау кезінде) негізінде, сондай-ақ коллекциялауға немесе экспонаттауға лицензия негізінде тасымалдауға жол беріледі.

Нормада көрсетілгеннен асып кететін санда қару мен патрондарды тасымалдау заңды тұлғалар үшін көзделген тәртіпте Қазақстан Республикасының азаматтары жүзеге асырады.

Азаматтарға тиесілі қаруды тасымалдау қапшығында, қбаныда немесе арнайы футлярда жүзеге асырылады.

171. Үшінші адамдардың азаматтық қаруды тасымалдауы қаруды тіркелген орны бойынша аумақтық ішкі істер органдары беретін тасымалдауға рұқсаттар бойынша жол беріледі.

Қаруды иеленуге құқығы бар үшінші адамның азаматтық қаруды тасымалдауға (сақталуына немесе сақтауға және алып жүруге рұқсат) рұқсатонда оны тасымалдауға қару иесінің сенімхаты болған жағдайда беріледі.

Қаруды иелену құқығы жоқ үшінші адамның азаматтық қаруды тасымалдауға рұқсатты қаруды сатып алуға рұқсатты беру кезінде қойылатын талаптарға оның сәйкес келуіне тексергеннен кейін беріледі.

Қару мен оның патрондарын (олардың негізгі (құрамды) бөлшектерін) пошталық жөнелтілімдермен, оның ішінде халықаралық пошталық жөнелтілімдермен жөнелту арнайы байланыстан басқаға жол берілмейді.

15-тарау. Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын алып қою, жою тәртібі

172. Қару мен оның патрондарын:

1) ішкі істер органдары мынадай жағдайларда:

азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеуге, өндіруге және жөндеуге, олармен сауда жасауға, қаруды иемденіп алуға, коллекциялауға немесе экспонаттауға лицензия, сондай-ақ қаруды сақтауға немесе сақтау мен алып жүруге рұқсат болмағанда;

белгіленген тәртіппен көрсетілген лицензиялар мен рұқсаттардың қолданысы тоқтатыла тұрғанда немесе одан айырылғанда;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен түпкілікті шешім қабылданғанға дейін заңды немесе жеке тұлғалар осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген қауіпсіздік талаптарын, қаруды беру, сатып алу, коллекциялау, экспонаттау, тіркеу, есепке алу, сақтау, алып жүру, тасымалдау және қолдану қағидаларын бұзғанда;

мүлікті мұраға қалдыру мәселесі шешілгенге дейін қару иесі қайтыс болғанда;

2) аң, балық аулау, табиғат және табиғи ресурстарды қорғау ережелерінің сақталуына мемлекеттік қадағалау жасайтын органдар өздерінің құзыреті шегінде азаматтардың Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау туралы заңдарын бұзуын тыйған жағдайларда, қаруды кейіннен ішкі істер органдарына тапсыра отырып;

3) экономикалық тергеу қызметі, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, қаруды кейіннен ішкі істер органдарына тапсыра отырып;

4) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген басқа жағдайларда қаруды кейіннен ішкі істер органдарына тапсыра отырып алып қоюды жүргізеді.

Марапаттау қаруын азаматтардан сақтау, тасу және пайдалану ережелерін бұзуға жол бергені үшін ішкі істер органдары қолданыстағы заңнамаға сәйкес алынады.

174. Рұқсаттың әрекетін уақытша тоқтату және тоқтатуды ішкі істер органдары осы Қағидаларға 25-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Заңның 19-бабының талаптарына сәйкес жүргізеді.

Қаруды мен оның патрондарын алу туралы хаттама (акті) жасалады, онда алынып жатқан қарудың түрі, типі, моделі, калибрі, сериясы мен нөмірі, сондай-ақ патрондапдың түрі мен саны көрсетілетін не әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамада заттарды қарап-тексеру немесе заңнамада көзделген жағдайларда әкімшілік ұстау туралы тиісті жазба жасалады. Хаттама (акті) заңнамада белгіленген тәртіпте жасалады.

175. Заңды және жеке тұлғаларға уақытша пайдалануға берілген қару мен патрондар осы қару мен патрондардың сақтауын немесе сақтау қауіпсіздігін қамтамасыз етуге кедергі келтіретін анықталған бұзушылықтар не мән-жайларды жою кезеңінде алынады.

176. Қажет болған жағдайда кедендік режимге орналастырылған қару мен патрондарды алу кеден ісі саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіпте кеден қызметкерлерінің қатысумен жүргізіледі.

177. Азаматтық және қызметтік қарулар мен оның патрондары азаматтық және қызметтік қару айналымын бақылау саласындағы уәкілетті орган белгелеген тәртіпте жойылады.

16-тарау. Азаматтық және қызметтік қаруды Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан әкету тәртібі

178. Осы тараудың талаптары:

1) қаруды, оның негізгі (құрама) бөлшектері мен патрондарын Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының мұқтажы үшін әкелу және (немесе) әкету кезінде;

2) 1899 жылдың соңына дейін жасалған атыс, лақтырылатын және пневматикалық қаруды (ортадан соққылайтын унитарлық патрондармен атуға арналған атыс қаруын

қоспағанда) және 1945 жылдың соңына дейін жасалған суық қаруды әкету кезінде қолданылмайды.

179. Азаматтық және қызметтік қаруды, оның негізгі (құрамалы) бөліктерін және оның патрондарын, аңшылық оқ-дәрілерін (бұдан әрі - қару) әкелу, әкету, транзит Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының 2012 жылғы 16 мамырдағы № 45 шешімімен бекітілген, нысан бойынша толтырылған қорытындының (рұқсат құжаттың) болуы кезінде жүзеге асырылады (бұдан әрі - қорытынды).

Ескерту. 179-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 27.10.2020 № 739 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

180. Қаруды әкелуге немесе әкетуге қорытындыны өтініш берушінің тіркелген орны бойынша ішкі істер органдары береді.

181. Заңды тұлғаларға қаруды әкелуге немесе әкетуге арналған қорытындылар қаруды жеткізу шартында (келісімшартта) айқындалған, бірақ күнтізбелік бір жылдан артық емес мерзімге беріледі.

182. Азаматтық және қызметтік қаруды, патрондарды, қаруға қосалқы бөлшектерді: заңды тұлғалар сату, көрмелерде, жарыстарға қатысу мақсатында; жеке тұлғалар аңшылық, тұрақты тұруға кету (келу) кезінде жеке пайдалану үшін; жеке және заңды тұлғалар сәйкестігін растау, медициналық-биологиялық зерттеу жүргізу, жөндеу, ауыстыру, қайтару, спорт іс-шараларына қатысу мақсатында сынақтар жүргізу үшін әкелінеді және әкетіледі.

Жеке және заңды тұлғаларға берілетін қаруды әкелуге немесе әкетуге берілетін қорытындылар бойынша мараптау қаруы әкелінеді немесе әкетіледі.

183. Жеке және заңды тұлғалар азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әкелген немесе әкеткен кезде:

Ұйым басшысы (жеке тұлға) қол қойған қару мен оның патрондарын әкелуге немесе әкетуге қорытынды беру туралы қорытындыларда қару мен оның патрондарының саны, әкелуге (әкетуге) жауапты адамның (жеке тұлғаның) тегі, аты-жөні, паспортының немесе жеке куәлігінің сериясы мен нөмірі, қару мен оның патрондары әкелінетін мемлекет, әкелу жүзеге асырылатын кеден пункті (шекарадан өту пункті) көрсетіледі.

Өтініш берген кезде Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының 2012 жылғы 16 мамырдағы № 45 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық қоғамдастық (бұдан әрі - ЕЭҚ) шеңберінде Кеден одағына мүше мемлекеттер үшінші елдермен саудада әкелуге немесе әкетуге тыйым салулар немесе шектеулер қолданылатын тауарлардың бірыңғай тізбесіне енгізілген жекелеген тауарларды әкелуге, әкетуге және транзиттеуге қорытындыны толтырудың бірыңғай нысанын толтыру жөніндегі әдістемелік нұсқауларға сәйкес ресімделген қорытындының жобасы толтырылады.

184. Жеткізуі заңды тұлғалар сәйкестік сертификаты бар қаруларды сату үшін енгізеді, ал егер ол болмаған жағдайда қару Қазақстан Республикасының аумағына енгізілгеннен кейін сертификаттан өткізуге келісімшарт жасайды.

Жеке тұлғалар жеке басын куәландыратын құжаттарды немесе жеке куәлігінің мәліметтерін (серия, нөмірін, қашан және кім берген, жеке сәйкестендіру нөмірін, тұрғылықты мекенжайын) көрсетеді.

185. Азаматтық және қызметтік қарулар мен оның патрондарын сатуға лицензиялары бар жеткізуші заңды тұлғалар қаруды сату үшін әкелу кезінде:

1) азаматтық және қызметтік қарулар, оның негізгі (құрама) бөліктері Заңның 12-бабының 1) және 2) тармақшаларын қоспағанда, көрсетілген пайдаланушыларға сататыны туралы кепіл береді;

2) қаруды жеткізу бойынша келісім шарт (шарт) құрады, оған қосымша ұсынылатын сипаттама тізімде олардың нақты түрлерін, типін, моделін, санын көрсетеді;

3) аумақтық ішкі істер органында қаруды сатып алу құқығына рұқсат алады;

4) қарудың атауы мен моделінің белгісі, негізгі техникалық ерекшелігін, өндіруші фирма мен елдің аты туралы ақпарат, қарудың түрлі түсті фото суретін аумақтық (қорытынды алатын орны бойынша) ішкі істер органына ұсынады;

5) жарақат салатын патрондармен ату мүмкіндігі бар ұнғысыз атыс, газды қарудың, электр қаруының, сондай-ақ жарақат салатын патрондардың зақымдаушы факторларының адам ағзасына тигізетін шекті әсері туралы денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган берген қорытындының не қаруды әкелгеннен кейін адам ағзасына тигізетін шекті әсер нормаларына сәйкестігіне медициналық-биологиялық сынақтар өткізілгені туралы кепіл береді.

Егер қару мен патрондардың импорты кезінде Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар, арнаулы және құқық қорғау органдары соңғы тұтынушылар болып табылған жағдайда импортқа лицензия ресімдеу Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2023 жылғы 9 маусымдағы № 424 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32767 болып тіркелген) Өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың бақылау тізімін ескере отырып, әскери мақсаттағы өнім ретінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 185-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 08.08.2023 № 625 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

186. Азаматтық және қызметтік қару мен олардың патрондарын сатуға лицензиялары бар жеткізуші заңды тұлғалар қаруды сату үшін әкету кезінде:

1) қарудың нақты түрлері, типтері, модельдері, саны көрсетілетін ерекшелігі қоса берілген қаруды жеткізу шарты (келісімшарты);

2) қарудың атауы мен моделінің белгісі, негізгі техникалық көрсеткіштері, қаруды шығарған елдің және фирманың атауы туралы ақпарат, оның түрлі-түсті фотосуреті;

3) оны әкелу болжанып отырған мемлекеттің құзыретті органы берген қаруды әкелуге рұқсат құжаты;

4) шет мемлекеттің уәкілетті мемлекеттік органының осы қарудың тек бейбіт мақсатта пайдаланылатыны және ЕАЭО мүше мемлекеттерді қоспағанда, басқа елдерге экспортталмайтыны туралы жазбаша кепілдік міндеттемесін алады.

187. Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатуға лицензиялары бар жеткізуші заңды тұлғаларға қарудың сәйкестігін растау, медициналық-биологиялық зерттеулер жүргізу, жөндеу, ауыстыру, қайтару мақсатында сынақтарды жүргізу үшін әкелуге (әкетуге), сондай-ақ көрмелерге қатысу үшін уақытша әкелуге (әкетуге) қорытындыны ресімдеу кезінде:

1) қарудың нақты түрлері, типтері, модельдері, саны көрсетілетін ерекшеліктері қоса берілген қаруды жеткізу шарты (келісімшарты) жасайды;

2) аумақтық ішкі істер органдарында қаруды сатып алу құқығына рұқсат алады;

3) қарудың атауы мен моделінің белгісі, негізгі техникалық көрсеткіштері, қаруды шығарған елдің және фирманың атауы туралы ақпарат, оның түрлі-түсті фотосуретті аумақтық ішкі істер органдарына ұсынады;

4) оны әкелу болжанып отырған мемлекеттің құзыретті органы берген қаруды әкелуге рұқсат құжатын алады.

188. Қарудың сәйкестігін растау, медициналық-биологиялық зерттеулер жүргізу, жеке пайдалану үшін сатып алу, жөндеу, ауыстыру, қайтару мақсатында жеке тұлғаларға қаруды әкелуге қорытындыны ресімдеу кезінде:

1) аумақтық ішкі істер органдарында қаруды сатып алу құқығына рұқсат алады;

2) сәйкестік сертификаты немесе қаруды Қазақстан Республикасының аумағына әкелгеннен кейін сертификаттау жүргізу шарты (тек жеке пайдалану үшін сатып алған кезде);

3) жарақат салатын патрондармен ату мүмкіндігі бар ұңғысыз атыс, газды қарудың, электр қаруының, сондай-ақ жарақат салатын патрондардың зақымдаушы факторларының адам ағзасына тигізетін шекті әсері туралы денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган берген қорытындының не қаруды әкелгеннен кейін адам ағзасына тигізетін шекті әсер нормаларына сәйкестігіне медициналық-биологиялық сынақтар өткізілгені туралы кепілхат (тек жеке пайдалану үшін сатып алған кезде);

4) қарудың жөндеу, ауыстыру, қайтару үшін (тек жөндеу, ауыстыру, қайтару үшін) әкелінгенін растайтын құжатты (шарт, хат) аумақтық ішкі істер органдарына (қорытынды алу орны бойынша) ұсынады.

189. Қарудың сақталуына немесе сақтауға және алып жүруге құқығына рұқсаты бары жеке тұлғаларға қаруды жөндеу, ауыстыру, қайтару үшін әкету кезінде:

1) қаруды әкелу болжанып отырған мемлекеттің құзыретті органы берген қаруды әкелуге рұқсат құжатын алады;

2) қарудың жөндеу, ауыстыру, қайтару үшін (тек жөндеу, ауыстыру, қайтару үшін) әкетілгенін растайтын құжатты (шарт, хат) аумақтық ішкі істер органдарына (қорытынды алу орны бойынша) ұсынады.;

190. Шетелдік заңды тұлғаларға немесе шетелдіктерге (спорт ұйымдарына немесе спортшыларға) спорттық іс-шараларға қатысу үшін қаруды уақытша әкелуге арналған қорытындыны ресімдеу кезінде аумақтық ішкі істер органдарына (қорытынды алу орны бойынша):

1) халықаралық спорттық жарыстарға немесе оқу-жаттығу жиындарына қатысуға шақыру (ережені);

2) қару мен оның патрондарының нақты түрінің спортшыға бекітілгені туралы ақпарат (тізім);

3) әкелінетін қаруды сақтау үшін жағдайлардың барын растайтын құжаттама (үй-жайды жалға алу шарты, қаруды сақтауға рұқсат, атыс орны мен тирдің жұмыс істеуіне рұқсат) ұсынады.

191. Заңды немесе жеке тұлғаларға (спорт ұйымдарына немесе спортшыларға) спорттық іс-шараларға қатысу үшін қаруды уақытша әкетуге арналған қорытындыны ресімдеу кезінде аумақтық ішкі істер органдарына (қорытынды алу орны бойынша):

1) халықаралық спорттық жарыстарға немесе оқу-жаттығу жиындарына қатысуға шақыру (ереже);

2) қару мен оның патрондарының нақты түрінің спортшыға бекітілгені туралы ақпарат (тізім);

192. Шетелдіктерге аңшылыққа қатысу үшін аңшылық атыс қаруының бірлі-жарым даналарын (екі бірліктен артық емес), олардың патрондары мен аңшылық пышақтарды уақытша әкелуге қорытындыны ресімдеу кезінде аңшылық шаруашылығы ұйымдары жүзеге асырады, осы үшін олар:

1) аңшылық шаруашылығы ұйымының шетелдік аңшымен аң аулауға шарт жасайды;

2) аңшылық алқаптарды бекітіп беру туралы облыстық атқарушы органның шешімін алады;

3) аңшылық атыс және суық қаруды әкелуге (әкетуге) қорытынды алуға арналған сенімхатты және жеке басын куәландыратын құжаттар (паспорт) шетелдік аңшылардан алады;

Мүдделі аңшылық шаруашылығы ұйымының өтінішінде әкелінетін патрондар саны, шетелдіктің паспортының немесе жеке куәлігінің сериясы мен нөмірі көрсетіледі.

193. Жеке тұлғаларға аңшылық атыс қаруының бірлі-жарым даналарын (екі бірліктен артық емес), олардың патрондары мен аңшылық пышақтарды уақытша әкетуге қорытындыны ресімдеу кезінде:

1) аң аулау жүзеге асырылатын мемлекеттің заңнамасында көзделген аң аулауға қатысуын растайтын (қызметтер көрсету туралы шарт немесе шақыру және т.б.) құжат алынады;

2) қаруды әкелу көзделіп отырған мемлекеттің құзыретті органы берген қаруды әкелуге рұқсат құжаты алынады.

Жеке тұлға Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерге аң аулауға қатысу үшін шыққан кезде аңшылық қару мен оның патрондарын уақытша әкетуге (әкелуге) қорытынды ресімделмейді.

Бұл ретте, жеке тұлға (аңшы) қаруды әкеткенге дейін кемінде он күн бұрын қару тіркелген аумақтық ішкі істер органына Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген аң аулауға қатысуын растайтын құжатты (қызметтер көрсету туралы шарт немесе шақыру) ұсынады.

Жеке тұлға аңшылыққа қатысу кезінде пайдалану үшін әкеткен азаматтық қару көрсетілген азаматтық қару тіркелген мүше мемлекетке әкелуге арналған рұқсат құжаттың жарамдық мерзімі аяқталғанға дейін әкелінеді.

194. Басқа мемлекетке тұрақты тұруға кететін жеке тұлғаларға азаматтық қаруды, оның патрондарын әкетуге қорытындыны ресімдеу кезінде:

1) қаруды әкету жүзеге асырылатын мемлекеттің заңнамасында көзделген тұрақты тұруға кететінін растайтын құжат;

2) қаруды әкету болжанып отырған мемлекеттің құзыретті органы берген қаруды әкелуге рұқсат құжатын алады.

195. Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға келетін жеке тұлғаларға қару мен оның патрондарын әкелуге қорытындыны ресімдеу кезінде қаруды әкетуге рұқсат құжаты болуы қажет.

Әкелінгеннен кейін қару ішкі істер органына жауапты сақтауға тапсырылады, ал оны тіркеу осы Қағидаларда көзделген жалпы негіздерде жүргізіледі.

196. Қазақстан Республикасының азаматы марапаттау қаруды әкелуге арналған қорытындыны ресімдеу кезінде үшінші мемлекеттер басшыларының және үшінші мемлекеттердің үкімет басшыларының марапаттық құжаттары қосымша болуы қажет.

197. Шетелдіктерге марапаттық қаруды әкетуге қорытындыны ресімдеу кезінде әкетілетін қарумен марапаттау туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы болуы қажет.

198. Қазақстан Республикасында тіркелген елшіліктердің дипломатиялық және әкімшілік-техникалық қызметкерлеріне азаматтық қаруды мемлекетаралық шарттарда белгіленген жағдайлар мен тәртіпте әкелуге, сатып алуға және әкетуге рұқсат беріледі. Бұл ретте әкелінетін, сатып алынатын және әкетілетін азаматтық қарулар оны әкелуге немесе әкетуге рұқсат құжатын берген ішкі істер органдарына тіркеуге жатады.

199. Әкелінетін (әкетілетін) қару кеден пунктінде бір-бірлеп тексеріледі. Ол туралы деректер әкелінетін (әкетілетін) қару мен патрондарды есепке алу журналына енгізіледі және жинақталған мәліметтер ай сайын Қазақстан Республикасы ІІМ-ге ұсынылады.

Ескертпе: Әкелінетін (әкетілетін) патрондар туралы деректер журналға: жарақталған патрондар саны бойынша, ал оқ-дәрілер салмағы бойынша енгізіледі.

200. Қазақстан Республикасының аумағы бойынша транзитті жеке (екі бірліктен артық емес) және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының аумағы бойынша азаматтық қару мен оның патрондарының бірлі-жарым данасын транзиттеуге қорытынды бойынша жүзеге асырады.

201. Жеке тұлғаларға азаматтық қарудың бірлі-жарым (екі бірліктен артық емес) даналары мен оның патрондарын Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеуге арналған қорытынды олардың өтініштері бойынша мыналар болған кезде ресімделеді:

1) қару мен оның патрондарын әкелетін елдің және әкететін елдің уәкілетті органдары берген, қару мен оның патрондарын сатып алу құқығын растайтын, мөрмен және өтініш берушінің қолымен расталған өтініш берушінің атына берілген рұқсат құжаты. Егер әкелетін елдің немесе әкететін елдің заңнамасында қару мен оның патрондарын сатып алуға рұқсат құжаттарын беру көзделмеген жағдайда, қару мен оның патрондарын сатып алудың заңдылығын көрсететін құжаттың көшірмесі ұсынылады. Ұсынылған құжат көшірмелерінде қарудың типі, моделінің түрі, калибрі, сериясы мен нөмірі көрсетіледі;

2) кеден органының "транзит" кедендік режимін белгілеу туралы белгісі бар кеден декларациясының данасы;

3) жеке тұлғаның (өтініш берушінің) жеке басын растайтын құжат;

4) қаруды әкету елінің уәкілетті органы берген қару мен оның патрондарын әкетуге арналған рұқсаттың болуы туралы құжат;

5) қаруды әкелу елінің уәкілетті органы берген қару мен оның патрондарын әкелуге арналған рұқсаттың болуы туралы құжат;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты немесе сақтандыру полисі. 1), 2), 5) тармақшаларда көрсетілген құжаттар Қазақстан Республикасының мемлекеттік тіліндегі немесе орыс тіліндегі ресми аудармасымен қоса, сондай-ақ нотариалды куәландырылған көшірмелері ұсынылады.

Үшінші тұлғалардың азаматтық қарудың бірлі-жарым (екі бірліктен артық емес) даналары мен оның патрондарын Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеуі осы Қағидалардың 202-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

202. Заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның негізгі (құрама) бөлшектері мен патрондарын Қазақстан Республикасының аумағы арқылы

транзиттеуге қорытынды олардың өтініштері бойынша ресімделеді, мыналар болған жағдайда:

1) мөрмен және өтініш берушінің қолымен куәландырылған, сыртқы сауда мәмілесіне қатысушылар арасындағы иеліктен шығару құжаты;

2) мөрмен және өтініш берушінің қолымен куәландырылған, қаруды өндіруші елден экспорттауды жүзеге асыратын заңды тұлға мен қару өндіруші немесе қаруды сатып алушы елге импорттауды жүзеге асыратын заңды тұлға мен қаруды сатып алушы арасындағы шарт;

3) кеден органының "транзит" кеден режимін белгілеу туралы белгісі бар кеден декларациясының данасы;

4) қарудың түрлерін, типтерін, модельдерін, калибрлері мен нөмірлерін, сондай-ақ патрондардың типтері, калибрлері, дайындау партиялары мен саны туралы мәліметтер көрсетілген кеден органы растаған тасымалданатын қаруды нөмірлік есепке алу тізімі;

5) заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелгенін растайтын құжат;

6) экспорттаушы елдің уәкілетті органы берген өнімді әкетуге арналған рұқсаттың болуы туралы құжат;

7) өнім транзитіне байланысты өтініш беруші мемлекеттің заңнамасына сәйкес қызметті жүзеге асыру құқығын растайтын құжат;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шарты немесе сақтандыру полисі;

9) өтініш берушінің транзитпен тасымалданатын өнімнің жеке қорғалуын жүзеге асыруды қамтамасыз ететінін растайтын құжат және жеке қорғауды жүзеге асыратын заңды немесе жеке тұлғалардың күзет қызметін жүзеге асыру құқығын растайтын құжат;

10) оған қатысы жоқ себептер бойынша жүк қабылдаушыға жүкті беру мүмкін болмаған жағдайда, жүк жөнелтушінің осы жүктерді қайта қабылдауға келісімін растайтын құжат.

1), 2), 3), 4), 5), 6), 7) және 8) тармақшаларда көрсетілген құжаттар Қазақстан Республикасының мемлекеттік тіліндегі немесе орыс тіліндегі ресми аудармасымен, сондай-ақ 6) және 8) тармақшаларда көрсетілген құжаттарды қоспағанда, нотариалды куәландырылған көшірмелері ұсынылады.

203. Осы Қағидалардың 202-тармағында көрсетілген құжаттар консулдық заңдастыру туралы талаптарды сақтай отырып немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес апостиль қойылып ұсынылады.

айналымы қағидаларына
1-қосымша
нысан

сатып алынған және сатылған қызметтік және азаматтық қару мен оның патрондары және олардың сатып алушылары туралы ай сайыны мәліметтер (есеп беру айынан кейінгі айдың 5-іне ПД ПБ ұсынылады)

Ескерту. 1-қосымша алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 30.11.2022 № 920 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Азаматтық және қызметтік қару
мен оның патрондарының
айналымы қағидаларына
2-қосымша
нысан

Әкелінген қару мен оның патрондары және оларды өткізу туралы есеп

Ескерту. 2-қосымша алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 30.11.2022 № 920 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Азаматтық және қызметтік қару
мен оның патрондарының
айналымы қағидаларына
3-қосымша
нысан

Қару мен оның патрондарының қолда бар және қажетті саны туралы мәліметтер

1. _____

_____ (заңды тұлғаның атауы, пошталық индексі, толық мекенжайы)

2. Қызмет түрі _____

3. Ішкі, сыртқы бекеттердің және ұтқыр топтардың саны (бөлек) _____

4. Ішкі, сыртқы бекеттердегі және ұтқыр топтардағы жеке құрамның саны (бөлек) _____

5. Қолда бар қару мен патрондардың саны:

1) бір-бірлеп ату үшін қайта жасалған автоматтар ____; 2) винтовкалар, карабиндер ____;
3) пистолеттер ____; 4) револьверлер ____; 5) электр қаруы ____; 6) мылтықтар ____.

6. Патрондар _____

(қарудың әрбір түрі бойынша бөлек)

7. Жарамсыз ретінде тапсыруға арналған қару мен оның патрондарының саны:

1) бір-бірлеп ату үшін қайта жасалған автоматтар __; 2) винтовкалар, карабиндер __
__;

3) пистолеттер ____; 4) револьверлер ____; 5) электр қаруы ____; 6) мылтықтар ____.

8. Патрондар _____

(қарудың әрбір түрі бойынша бөлек)

9. Қажетті саны: 1) Атыс қаруы:

бір-бірлеп ату үшін қайта жасалған автоматтар _____

винтовкалар, карабиндер _____

пистолеттер _____

револьверлер _____

электр қаруы _____

мылтықтар _____

2) Патрондар: ортаймайтын қор _____

(қарудың әрбір түрі бойынша бөлек)

оқу-жаттығу атыстарына _____

(қарудың әрбір түрі бойынша бөлек)

қаруды атып көру үшін _____

(қарудың әрбір түрі бойынша бөлек)

10. Ауысымға (қарауылға) шығу үшін сатып алынатын патрондар саны: _____

11. Қару мен патрондардың қажетті саны туралы мәліметтер _____

_____ негізінде
жасалады.

(тиесілік нормаларының атауы, қашан және кім белгілеген)

М.О.

Азаматтық және қызметтік қару
мен оның патрондарының
айналымы қағидаларына
4-қосымша
нысан

Қазақстан Республикасының аумағында инкассацияны жүзеге асыратын ұйымдардың қызметкерлерін қаруландыру үшін нормалар

Қару:

р/с №	Инкассация қызметінің қызметкерлері	Қару бірлігінің саны
1.	Ақшалай түсімдерді инкассациялау мен құндылықтарды тасымалдауды жүзеге асыратын инкассаторлар	Әрбір инкассаторға 1 тапанша немесе револьвер, инкассаторлар бригадасына (3-5 адам) 1 винтовка немесе карабин немесе жекелей атуға қайта жасалған автомат немесе инкассаторлар командасына (10-15 адам) 6 винтовка немесе карабин немесе жекелей атуға қайта жасалған автомат
2.	Инкассация қызметінің ақшалай түсімдерді инкассациялау мен құндылықтарды тасымалдауға арналған арнайы автомобильдерінің жүргізушілері	Әрбір жүргізушіге 1 тапанша немесе револьвер
3.	Қару резерві	Әрбір 10 бірлік қаруға 1 бірлік

Оқ-дәрілер:

Р/с №	Қарудың атауы	Патрондардың саны (дана)			
		Бекетке ілесіп жүруге, инкассациялауға оқталған	Қарудың 1 бірлігін азаймайтын қоры	Бір адамға практикалық атыстар үшін	Қарудың 1 бірлігіне атуды тексеру үшін
1	Жекелей атуға қайта жасалған АКС-74У, АКМ,	30 (1 оқжатарда)	60	120	8
2	Карабин	15 (1 оқжатарда)	30	120	8
3	Тапанша	16 (2 оқжатарда)	32	96	8
4	Револьвер	14	28	72	8

Ескерту. Қарудың атылысын тексеруге арналған оқ-дәрілерді басқа мақсаттарға жұмсауға тыйым салынады.

Қазақстан Республикасының аумағында күзет қызметін жүзеге асыратын жеке күзет ұйымдарының қызметкерлеріне қару-жарақ нормалары

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 28.07.2021 № 444 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 30.11.2022 № 920 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Қару:

№ р/с	Жеке күзет ұйымдарының қызметкерлері	Қызметтік қару (күзет қызметін жүзеге асыру кезінде)	
		Жарақат салатын патрондармен ату мүмкіндігі бар ұңғысыз атыс қаруы, газды қару, электрлі қару, қысқа ұңғылы тегіс ұңғылы қару	Тегіс ұңғылы ұзын ұңғылы қару (мылтық, карабин)
1	2	3	4
1	Ауысымның аға күзетшісі	1 бірлік	
2	Сыртқы күзет орнындағы күзетші	постқа 1 бірлік	постқа 1 бірлік
3	Ішкі күзет орнындағы күзетші	постқа 2 бірлік	
4	Ұтқыр жедел ден қою тобының аға күзетшісі	1 бірлік	
5	Ұтқыр жедел ден қою тобының күзетшісі		1 бірлік
6	Ұтқыр жедел ден қою тобының жүргізушісі	1 бірлік	
7	Жеке тұлғалардың өмірі мен денсаулығын қорғауды жүзеге асыратын күзетші	1 бірлік	

Қару патрондарының нормалары

№ п/п	Қару түрі	Патрондар саны, дана		
		Объектіні күзетуге кірісетін күзетшілерге, немесе мобильді топтарда беріледі:	патрондардың азаймайтын қоры қару бірлігіне	оқу мақсаттары үшін 1 күзетшіге патрондардың шығыны жылына
	Жарақат салатын патрондармен ату			

1.	мүмкіндігі бар ұңғысыз атыс қаруы , газды қару, қысқа ұңғылы тегіс ұңғылы қару	16 патронға дейін (2 дүкенде)	16	12
2	Тегіс ұңғылы ұзын ұңғылы қару (мылтық, карабин)	10 патрондарға дейін	10	12

Ескертпе:

1. Күзеттің барлық түрлерінің қару резерві-жарақта бар әрбір 10 бірлікке 1 бірлік қару.

2. Тегіс ұңғылы қаруға арналған патрондар № 7 немесе № 8 бытырамен не жарақат салатын патрондармен оқталады, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2008 жылғы 08 ақпандағы № 55 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5139 болып тіркелген) қарудың зақымдау факторларының адамға жол берілетін әсерінің тиісті нормалары бойынша қолдануға рұқсат етілген электрлік қару пайдаланылады.

3. Бағалы металдар мен алмастарды, көмірсутек шикізатын, банктерді, электр станцияларын, жылу электр орталықтары мен электр беру желілерін, жарылғыш, улы және есірткі заттар қоймаларын (қоймаларын), радиоактивті материалдарды, мемлекеттік материалдық резервтер қоймаларын (қоймаларын), террористік тұрғыдан осал объектілерді өндіруді, сақтауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді қамтамасыз ететін объектілерді күзету кезінде, сондай-ақ бағалы және қауіпті жүктерді тасымалдау кезінде теміржол және әуе көлігі, сондай-ақ, жеке күзет ұйымдарының жедел ден қою мобильдік топтарының экипаждарына тегіс ұңғылы қаруға арналған патрондарды оқпен немесе № 0; № 1 оқпен тиеуге жол беріледі.

4. Объектілерді күзету кезінде жеке күзет ұйымдарына қызметтік қаруды қарудың әрбір бірлігіне 2 патрондан аспайтын есеппен жарық-дыбыс әсер ететін патрондармен жарақтандыруға рұқсат етіледі.

5. Жеке күзет ұйымдарының қарумен не қарусыз объектілерді күзету жөніндегі қызметі күзет қызметтерін көрсету туралы шарт негізінде жүзеге асырылады.

Азаматтық және қызметтік қару
мен оның патрондарының
айналымы қағидаларына
6-қосымша
нысан

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің кадрларында тұрған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі агенттігі жанындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік фельдъегерлік қызметінің жеке құрамын қаруландыру нормалары

Ескерту. Алып тасталды – ҚР Ішкі істер министрінің 27.10.2020 № 739 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Азаматтық және қызметтік қару
мен оның патрондарының
айналымы қағидаларына
7-қосымша
нысан

"Қазпошта" АҚ- поштаның ұлттық операторының қызметкерлерін қаруландыру үшін бекітілген нормалар

р/с №	"Қазпошта" акционерлік қоғамының қызметкерлері	Қару бірліктерінің саны
1.	Арнайы байланыс қызметінің фельдъегері	Әрбір фельдъегерге 1 тапанша, 1 карабин немесе фельдъегерлер бригадасына жекелей атуға қайта жасалған АКС-74У немесе АКМ
2.	Арнайы байланыс қызметінің экспедиторы	2-3 қызметкерден тұратын ауысымға 1 тапанша
3.	Арнайы байланыс қызметінің фельдъегер-жүргізушісі	әрбір фельдъегер-жүргізушіге 1 тапанша
4.	Арнайы байланыс бөлімшесінің бастығы	1 тапанша
5.	Арнайы байланыстың қызметінің цех бастығы, бастықтың орынбасары	1 тапанша
6.	Облыстық, қалалық арнайы байланыс қызметінің бастығы, бастықтың орынбасары	1 тапанша
7.	Фельдъегер болмаған және арнайы және өзге де жөнелтімдерді қабылдау, күзету, тасымалдау және жеткізу бойынша міндеттерді орындаған жағдайда пошта байланысының қалалық, аудандық, ауылдық торабының бастығы	1 тапанша
8.	Арнайы байланыс қызметінің жауапты кезекшісі, жауапты кезекшінің көмекшісі	1 тапанша
9.	Касса торабының, кассалық үй-жайлардың кезекшісі	1 тапанша
10.	Ақшалай түсімдердің, инкассациясын және құндылықтарды тасымалдауды жүзеге асыратын инкассация қызметінің қызметкерлері (инкассаторлар)	әрбір инкассаторға 1 тапанша, 1 карабин немесе кемінде 3 адамнан тұратын инкассаторлар бригадасына жекелей атуға қайта жасалған АКС-74У немесе АКМ

11.	Ақшалай түсімдердің инкассациясын және құндылықтарды тасымалдауға арналған инкассация қызметінің арнайы автомобильдерінің жүргізушілері	әрбір жүргізушіге 1 тапанша
-----	---	-----------------------------

Оқ-дәрілер:

p/c №	Қарудың атауы	Патрондар саны (дана)			
		Бекетке, ілесіп жүруге, инкассациялауға окталған	Қарудың бірлігіне азаймайтын қоры	Бір жылдық шығын:	
				бір адамға практикалық атыстар	қарудың бірлігіне атуды тексеру үшін
1	Жекелей атуға қайта жасалған АКС-74У, АКМ	30 (1 оқжатарда)	60	120	8
2	Карабин	15 (1 оқжатарда)	30	120	8
3	Тапанша	16 (2 оқжатарда)	32	96	8

Ескертпе:

Қарудың жалпы саны бекітілген штаттық кесте бойынша қызметкерлердің жалпы санынан аспауы тиіс, бұл ретте қарудың бір түрінің 10 бірлігіне бір резервтік қару ұстауға рұқсат етіледі.

Азаматтық және қызметтік
қару мен оның патрондарының
айналымы қағидаларына
8-қосымша
нысан

Қазақстан Республикасы мемлекеттік инспекторлары мен жануарлар мен өсімдік әлемін қорғау, қалпына келтіру, пайдалану жөніндегі ұйым қызметкерлерін қаруландыру үшін белгіленген нормалар

Ескерту. 8-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 28.07.2021 № 444 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№ p/c	Лауазымы	Тапанша	Карабин	Тегіс ұзын ұңғылы (карабин)
1	Жануарлар дүниесін қорғауды тікелей жүзеге асыратын жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектор	1	немесе 1	немесе 1
2	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғау жөніндегі	1		немесе 1

	мемлекеттік инспектор		немесе 1	
3	Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің қарамағындағы мамандандырылған ұйымдардың жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі инспекторы	1	немесе 1	немесе 1
4	Орманды қорғауды тікелей жүзеге асыратын мемлекеттік орман инспекциясының және орманды мемлекеттік орман күзетінің қызметкерлері	1	немесе 1	немесе 1

Оқ-дәрілер:

№ р/с	Қарудың атауы	Патрондардың саны (дана)			
		ауысымға арналған қызметкер	бірлікке азаймайтын қор	жылдық шығын:	
бір адамға практикалық атыс үшін	қару бірлігіне атуды тексеру				
1	тапанша	16 (2 оқжатарда)	24	8	4
2	карабин	10 патрон (қорапта)	30	10	5
3	Тегіс ұзын ұңғылы (карабин) қару	10 патрон (қорапта)	30	10	5

Ескертпе:

Қарудың жалпы саны бекітілген штаттық кестеге сәйкес қызметкерлердің жалпы санынан аспауы тиіс, бұл ретте 10 бірлікке қаруға бір резервтік ұстауға рұқсат етіледі.

Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектор - Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің аумақтық бөліністері мен ведомстволық бағынысты ұйымдарының жануарлар дүниесін қорғауды тікелей жүзеге асыратын қызметкері.

Мамандандырылған ұйымның жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі инспекторы - Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен құрылған және Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің қарамағындағы мамандандырылған ұйымның жануарлар дүниесін қорғауды тікелей жүзеге асыратын қызметкері.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектор - мемлекеттік табиғи қорықтың, мемлекеттік ұлттық табиғи парктің, мемлекеттік табиғи

резерваттың, мемлекеттік өңірлік табиғи парктің жануарлар мен өсімдіктер дүниесін қорғауды тікелей жүзеге асыратын қызметкері (орманды күзету және қорғау жөніндегі инженері, орманшы, орман шебері, орман күтуші, мемлекеттік инспектор (қорықшы), аңшылық маман).

Мемлекеттік орман инспекциясының және мемлекеттік орман күзетінің қызметкері - Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің аумақтық бөлінісінің орманды қорғауды тікелей жүзеге асыратын қызметкері (орманды күзету және қорғау инженері, орманшы, орман шебері, орман күтуші, мемлекеттік инспектор (қорықшы), аңшылық маман).

Тегіс ұңғылы қаруға арналған патрондар № 7 немесе № 8 бытыралармен оқталады не жарақат салатын патрондармен оқталады, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2008 жылғы 08 ақпандағы № 55 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5139 болып тіркелген) қарудың зақымдау факторларының адамға жол берілетін әсерінің тиісті нормалары бойынша жарақат салатын әрекеті бар патрондары қолдануға пайдаланылады.

Қорқауларды, қарғаларды, сауысқандарды, ала қарғаларды, қаңғыбас иттерді ату үшін тегіс ұңғылы қару патрондарын № 1; № 0 немесе № 00 бытыралармен оқтауға жол беріледі.

Азаматтық және қызметтік қару
мен оның патрондарының
айналымы қағидаларына
9-қосымша
нысан

Облыстық атқарушы органдардың орман шаруашылығы мемлекеттік мекемелерінің қызметкерлерін қаруландыру үшін белгіленген нормалар

р/с №	Лауазымы	Тапанша	Карабин
1	Облыстық атқарушы органның орман шаруашылығы мемлекеттік мекемесінің қызметкері	1	немесе 1

Оқ-дәрілердің нормалары мынадай есеппен белгіленеді:

р/с №	Қарудың атауы	Патрондардың саны (дана)			
		ауысымға жаракталған қызметкер	бірлікке азаймайтын қор	Жылға арналған шығыс:	
				бір адамға практикалық атыс үшін	қару бірлігіне аруды тексеру үшін
1	тапанша	16 (2 оқжатарда)	24	8	4
2	карабин	15 патрон (қорапта)	30	10	5

Ескертпе:

Қарудың жалпы саны бекітілген штаттық кестеге сәйкес қызметкерлердің жалпы санынан аспауы тиіс.

Облыстық атқарушы органның орман шаруашылығы мемлекеттік мекемесінің қызметкері - орман шаруашылығы мемлекеттік мекемесінің аумағында жануарлар мен өсімдіктер дүниесін тікелей қорғауды жүзеге асыратын қызметкер (орманды күзету және қорғау инженері, орман шебері, мемлекеттік инспектор (қорықшы), аңшылық маман). Орман шаруашылығының мемлекеттік мекемелері облыстық атқарушы органдардың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармаларының құрылымдық бөлімшелері болып табылады.

Азаматтық және қызметтік
қару мен оның патрондарының
айналымы қағидаларына
10-қосымша

Заңнамада белгіленген тәртіте аңшылық және балық аулау шаруашылығын жүргізу құқығы берілген аңшылық және балық шаруашылықтарының қызметкерлерін қаруландыру үшін белгіленген нормалар

Ескерту. 10-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 27.10.2020 № 739 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№ р/с	лауазымы	Қарудың түрлері
		Ұзын тегіс ұңғылы қару (бірлік)
1	Аңшылар, аң және балық шаруашылығының қорықшысы	1

Аңшылық және балық шаруашылығының аңшылық маманына арналған оқ-дәрілердің нормалары мынадай есеппен белгіленеді:

№ р/с	Қарудың атауы	Патрондар саны (дана)			
		Ауысымға оқталған қызметкер	Бірлікке азаймайтын қор	жылдық шығын:	
бір адамға практикалық атыс үшін	қару бірлігіне атуды тексеру				
2	Ұзын тегіс ұңғылы қару	15 патрон	60	10	8

Ескертпе:

Қарудың жалпы саны бекітілген штаттық кестеге сәйкес қызметкерлердің жалпы санынан аспауы тиіс.

Аңшылық маманы, қорықшы - аңшылық алқаптарда және балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерде заңнамада белгіленген тәртіпте бекітілген жануарлар және өсімдік әлемін күзетуді жүзеге асыратын аңшылық және балық

шаруашылығының қызметкері. Аңшылық маманы, қорықшы жануарлар дүниесін қорғауды жүзеге асырған кезде тек қызметтік қаруды ғана қолданады.

Тегіс ұңғылы қару үшін патрондар № 7 немесе № 8 бытыралармен оқталады, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның тиісті нормаларына сәйкес жарақат салатын әрекеті бар патрондары қолданылуы мүмкін.

Шакалдарды, қарғаларды, сауысқандарды, ала қарғаларды, қаңғыбас иттерді ату үшін тегіс ұңғылы қару патрондарын № 1; № 0 немесе № 00 бытыралармен оқтауға жол беріледі.

Азаматтық және қызметтік қару
мен оның патрондарының
айналымы қағидаларына
11-қосымша
нысан

Балалар-жасөспірімдер спорт мектептеріндегі, олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектептеріндегі, жоғары спорттық шеберлік мектептеріндегі, олимпиадалық даярлық орталықтарындағы, спорт клубтарындағы, федерациялардағы, спортта дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттардағы, штаттық ұлттық командалар мен спорттық резерв дирекциясындағы, дене шынықтыру-спорт қоғамдарындағы спорттық қаруды ұстау нормалары Ұйымдарда спорттық қаруды ұстау нормалары (бір ұйымға арналған данада)

p/c №	Қарудың атауы	Федерация			Басқа ұйымдар		
		Республикалық	Филиалдар	Облыстық	Мектептің ұлттық командалары мен спорттық резервінің дирекциясы	Жоғары спорттық шеберлік мектептері	Спортта дарынды балаларға арналған мектеп интернаттар
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Калибрі 6.0-8,0 мм винтовкалар :	30	6	12	20	12	10
2	Калибрі 5.6 м м жанынан жанатын винтовкалар : оқ ату биатлон	250 60	100 30	100 20	200 40	80 50	50 50
3	Калибрі 6,0-9,65 мм тапаншалар м е н	100	20	40	40		10

	револьверле р:					20	
4	Калибрі 5,6 м м тапаншалар:	250	100	100	100	50	30
5	Калибрі 4,5 м м пневматика лы қ винтовкалар :	250	100	100	100	100	50
6	Калибрі 4,5 м м пневматика лы қ тапаншалар: оқ ату қазіргі заманғы бессайыс	250 30	100 20	100 20	100 30	70 20	50 30
7	Калибрі 12 және одан кіші (16,20) спорттық-аң шылық тегіс ұңғылы қару	250	100	100	200	80	50

кестенің жалғасы

